

ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

«Бірінді, қазақ,
бірін дос,
Көрмесен,
істің бәрі бос!»

12+



№17 (3962), 2 мамыр, 2025 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadebieti.kz

Қазақстан Республикасының Президенті

Филология ғылымдарының докторы, ҰҒА академигі С.А. Қасқабасовтың отбасы мен жақын туыстарына

Көрнекті ғалым, тілтанушы және әдебиеттанушы, мемлекеттік сыйлықтың иегері Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың дүниеден етуіне байланысты ауыр қайғыларыңызға ортақтасып көңіл айтамын.

Сейіт Асқарұлы ұлт руханиятын ұлықтап, қазақ ауыз әдебиетін терең зерделеуге бар саналы ғұмырын арнаған зиялы тұлға еді. Әсіресе отандық фольклортануға өлшеусіз үлес қосты. Іргелі еңбектер жазып, ұлағатты ұстаз ретінде көптеген шәкірт тәрбиеледі.

Өнегелі өмір сүріп, соңына рухани мол мұра қалдырған Сейіт Асқарұлының жарқын бейнесі ұмытылмайды.

Иманы саламат, жаны жаннатта болсын!

Қазақстан Республикасының Президенті

Қасым-Жомарт Тоқаев

Астана, Ақорда

2025 жылғы 28 сәуір

010000, Астана
Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі

Қазақстан Республикасының Президенті

Қасым-Жомарт Тоқаев

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ БҮГІНГІ КӨКЖИЕГІ

28-29 сәуір күндері Алматы қаласында Қазақстан Жазушылар одағының қара шаңырағы – «Әдебиетшілер үйінде» дәстүрлі Әдеби жыл қорытындысы өтті. Әдебиет әлемінің ардагерлері мен жас қаламгерлері бас қосқан бұл алқалы жиынның шымылдығын Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов ашып, жүрекжарды сөз сөйледі. Ол өз сөзінде қазақ әдебиетінің бүгінгі тынысы мен шығармашылық үдерістегі өзекті мәселелерге тоқталып, қалам ұстаған қауымға жаңа табыс пен шығармашылық шабыт тіледі.

Кіріспе сөзден кейін Жазушылар одағының 2024 жыл ішінде атқарған ауқымды жұмыстары жөнінде арнайы әзірленген бейнематериал ұсынылды. Онда бір жыл ішінде жүзеге асқан әдеби бастамалар мен мәдени жобалардың ауқымы мен маңызы көркем өрнектелді.

Шараны Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының орынбасары, ақын Қасымхан Бегманов жүргізді. Әдебиет мерекесіне еліміздің түкпір-түкпірінен келген қаламгерлер мен Жазушылар одағының аймақтық өкілдері қатысып, руханият төрінен орын алды.

Жиында 2024 жылы жарық көрген әдеби туындылар мен басылмаларға әділ талдау жасалып, бір жыл ішінде әдебиетте қол жеткізілген жетістіктер мен кездескен түйткілдер жан-жақты сарапқа салынды. Қаламгерлер ұлттық руханияттың бүгінгі мен болашағы жайлы келелі ой қозғады.

● 3-бет



ҚР ҰҒА АКАДЕМИГІ, МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚТЫҢ ЛАУРЕАТЫ СЕЙІТ ҚАСҚАБАСОВ ӨМІРДЕН ОЗДЫ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН, «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ГАЗЕТІНЕ KASPI GOLD ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ ДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ

Жазылу кезеңі

- 3 ай
- 6 ай
- 12 ай

Жазылушы ТАӨ (ФИО)
Арман Қанатұлы Төлешов
Телефон нөмірі
+7 707 xxx xx xx

Жеткізу мекенжайы
(Облыс, аудан, көше, үй...)

Жалғастыру

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXXIV СЕССИЯСЫ



Мемлекет басшысының төрағалығымен Қазақстан халқы ассамблеясының XXXIV сессиясы өтті.

Оған еліміздің барлық өңірлерінен делегаттар мен ҚХА мүшелері қатысты. Сессия барысында президент Қасым-Жомарт Тоқаев елдің тұрақты дамуының басты шарты ретінде этносаралық келісімнің маңыздылығын атап өтті. Мемлекет басшысы Ассамблеяның этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және

жалпыұлттық бірлікті нығайту ісінде маңызды рөл атқаратынын жеткізді.


Ауқымды жиында Ассамблеяның жұмысындағы негізгі бағыттар талқыланды. Қатысушылар тұрақты этносаралық диалогты дамыту, жастардың ҚХА жобаларына қатысуын кеңейту негіздеріне тоқталып, Қазақстанда тұратын барлық этностардың мәдени мұрасын сақтау мен насихаттаудың маңыздылығын жүйеледі.

Сессия қорытындысында этномәдени бірлестіктердің мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимылын күшейтуге және толеранттылық, бірлік пен жасампаздық құндылықтарын ілгерілетуге бағытталған жаңа жобаларды іске асыруға қатысты бірқатар нақты ұсыныстар әзірленді.

ҚХА-ның XXXIV сессиясы ассамблея институтын қоғамдық келісімнің тиімді тетігі ретінде дамыту жолындағы маңызды кезең болды. Қазақстан халқы ассамблеясының мүшелері ел бірлігін нығайтуға және еліміздің одан әрі өркендеуіне бағытталған Мемлекет басшысының стратегиялық бағытын қолдауға дайын екендерін білдірді.

«ҚОСТАНАЙДАН АЛМАТЫҒА САҒЫНЫШПЕН...»

Алматыдағы Ұлттық кітапханада елімізге белгілі ақын, жазушы, филолог-ғалым, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қостанай облысының Құрметті азаматы Серікбай Оспановтың 80 жасқа толған мерейтойына орай, «Сағындым Алматымды» атты әдеби-танымдық кездесу кеші өтті.



ағасын мерейжасымен құттықтай отырып, әсерлі естелігімен бөлісті. Қос автор Алматы әнұранына айналған «Сағындым Алматымды» әнін сахна төрінде шырқады.

Көрнекті ақынның шығармашылық салтанатында ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Ұлықбек Есдәулет, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Бауыржан Жақып, филология ғылымдарының докторы Кенжехан Матыжанов, Қазақстан Жазушылар одағының Қостанай облысындағы өкілі Жанұзақ Аязбекұлы, сазгер Жеңіс Сейдоллаұлы, белгілі әнші Айжан Нұрмағамбетова, Қостанай об-

лыстық мәдениет басқармасының басшысы Құралбек Атамұратов және басқа да есімі танымал өнер қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдері сахна төрінен ыстық ықыластарын білдіріп, кеш ән-күймен көмкеріліп әсерлі өтті.

Сонау теріскейден арнайы ат терлетіп келіп ақынды құрметтеп, абыройын асқақтатқан ұйымдастырушы, Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақаловқа көрермен алғысын жаудырды. Мұндай кездесулердің төл әдебиетімізге деген ел ықыласын арттыра түсуге ықпалы зор екені анық.

(Өз тілімізден)

ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАЗБА АҚЫНДАР МҮШӘЙРАСЫ ӨТЕДІ

Жеңістің 80 жылдығына арналған республикалық жазба ақындар мүшәйрасының жүзде қоры – 3 миллион теңге.

Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы Қорғаныс министрінің қолдауымен 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған республикалық жазба ақындар мүшәйрасын өткізетінін хабарлайды.

Мүшәйра мақсаты:

- Жеңісті жырлау, батырлар ерлігін насихаттау;
- Әскери-патриоттық рухты көтеру;
- Қазіргі Отан қорғаушыларын қолдау және олар жайлы поэзиялық туындылар қалыптастыру.

Мүшәйраның номинациялары:

1-номинация:

- Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақстандық батырлар, қаһармандық, патриотизм және Жеңіс тақырыбындағы 1 өлең.

2-номинация:

- Қазіргі Отан қорғаушыларына арналған, Қарулы күштердің түрлері мен әскер тектері (танкист, ұшқыш, теңізші, артиллерист, барлаушы, байланысшы, десант т.б.) өкілдерінің бейнесін сипаттайтын, ән мәтініне лайық 1 өлең;

Бұл номинация бойынша үздік шығармаларға ән жазылып, Қарулы күштер шығармашылық ұжымдарының репертуарына енгізіледі (автормен келісім бойынша).



Қатысу шарттары:

- Мүшәйраға 50 жасқа дейінгі ақындар қатыса алады;
- Бұған дейін жарияланбаған, ешбір байқауға қатыспаған туындылар ғана қабылданады;
- Өлең көлемі 2 беттен аспауы тиіс (электронды нұсқада);
- Шығармаға қоса автор туралы қысқаша мәлімет, байланыс телефоны, жеке куәлігінің көшірмесі міндетті түрде ұсынылуы керек.

Шығармаларды қабылдау мерзімі: 2025 жылғы 30 мамырға дейін.

Электронды пошта: asker_mushaira@mail.kz
Қорытынды кеш 2025 жылғы 10 маусым күні өтеді.

Жүлдегерлер ғана арнайы шақырылады. Жол шығындары қатысушылар тарапынан. ЖҮЛДЕ ҚОРЫ – 3 000 000 ТЕҢГЕ!
Лайықты деген 10 ақынға 300 000 теңгеден жүлде табысталады.

ЕЛІМІЗДЕ «100 КІТАП» САУАЛНАМАСЫ БАСТАЛДЫ



Еліміз бойынша кітап оқу мәдениетін ілгерілетуді көздеген жаңа ұлттық жоба – Ұлттық кітап күні тұңғыш рет аталып өтті. Осыған орай, Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Президенттік орталығында «Ұлттық кітап күні» аясында Қазақстанда алғаш рет аталып өтіп жатқан «100 кітап» сауалнамасының таныстырылымы өтті.

Ігі бастаманың таныстырылымын ашып сөз сөйлеген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі, Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары Ерлан Қарин:

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр Ұлттық құрылтайдың отырысында «Ұлттық кітап күнін» белгілеу идеясын қолдады. Президент «Озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек», – деп айтқан еді. Бүгін біз алғаш рет «Ұлттық кітап күнін» атап өтіп отырмыз. Осынау айтулы күні Ұлттық құрылтай мүшелерінің бастамасымен төл әдебиетіміздегі 100 тандаулы кітапты айқындауға арналған жалпыұлттық сауалнама басталды. Бұл тізім кітап оқуға деген қызығушылықты арттырады және әдебиетімізді дамытуға ықпал етеді деп ойлай-

мын, – деді.

Жобаның басты мақсаты – еліміздің әдеби мұрасын сақтау және дамыту, Қазақстан жазушыларының шығармаларын дәріптеу, халықтың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және баспа ісін қолдау.

Сауалнама eGov порталы арқылы жүргізілетін болады. Еліміздің кез келген азаматы арнайы анкета дайындалған eGov Mobile қосымшасына тіркеле отырып, өзінің он үздік тандаулы кітаптарын ұсына алады. Бұл кітаптар әртүрлі жанрда болуы мүмкін. Тарихи шығармалар, көркем әдеби, балалар әдебиеті, фантастика, детектив, тағысын тағы жанрдағы кітаптар. Сауалнама үш ай бойы жүргізілетін болады. Жүргізілген сауалнама нәтижесі тамыз айында, Абай күнінің қарсаңында жарияланбақ.

АҚЫН МҰРАСЫНА АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ ЖИЫН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұйымдастыруымен, «Ғылым Ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының қолдауымен 18 сәуірде Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың иегері, белгілі ақын Асқар Құрмашұлы Егеубаевтың 75 жылдығына арналған «Әдебиет пен әдебиеттанудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Конференцияның басты мақсаты – әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Асқар Егеубаевтың ғылыми-шығармашылық мұрасын зерделеу, ұлттық әдебиет пен әдебиеттану ғылымының дамуындағы өзекті мәселелерді талқылау. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас директоры, академик Кенжехан Матыжанов жүргізген ғылыми жиында Асқар Егеубаевтың әдеби және ғылыми мұрасы, қазіргі қазақ әдебиетінің даму бағыттары мен тенденциялары, әдебиеттану ғылымының теориялық және әдіснамалық мәселелері, әдеби аударма және оның көркемдік сапасы, ұлттық әдебиетті зерттеудегі жаңа көзқарастар мен заманауи әдістер тақырыптары кеңінен қамтылды. Конференцияның алғашқы бөлімінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ғалым Ғайникен Бибатырова, ақын Ұлықбек Есдәулет, публицист-журналист Жанболат Аупбаев, аудармашы Заманбек Әбдешев, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы Бекен Ыбырайым, жазушы Нұрәулет Ақыш ғалымның өмірі мен шығармашылығы туралы ой-пікірлерін ортаға салды. Жиынның

екінші бөлімінде «Ақын Асқар Егеубаев поэзиясындағы ұлттық рух», «Асқар Егеубайдың түркі жәдігерлерін зерттеудегі рөлі және олардың қазақтану ғылымындағы маңызы», «Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» энциклопедиялық еңбегінің қазақ тіліндегі тұңғыш аудармасы (профессор А.Егеубаев) және 1074 жылғы әлем картасы», «Жетпісінші-сексенінші жылдардағы әдеби процесс», «Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанының әдеби сөздігі мен М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» шығармасының тұңғыш аудармасы туралы», «Асқар Егеубаев және қазақ әдебиеті», «Асқар Егеубаевтың қазақ әдебиетін зерттеуге қосқан үлесі», «Махмұд Қашқаридің «Түркі сөздігі» энциклопедиялық еңбегінің қазақ тіліндегі тұңғыш аудармасы (профессор А.Егеубаев) және 1074 жылғы әлем картасы», «Жетпісінші-сексенінші жылдардағы әдеби процесс», «Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанының әдеби сөздігі мен М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» шығармасының тұңғыш аудармасы туралы», «Асқар Егеубаев және қазақ әдебиеті», «Асқар Егеубаевтың қазақ әдебиетін зерттеуге қосқан үлесі», «Махмұд Қашқаридің «Түркі сөздігі» энциклопедиялық еңбегінің қазақ тіліндегі тұңғыш аудармасы (профессор А.Егеубаев) және 1074 жылғы әлем картасы», «Жетпісінші-сексенінші жылдардағы әдеби процесс», «Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанының әдеби сөздігі мен М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» шығармасының тұңғыш аудармасы туралы», «Асқар Егеубаев және қазақ әдебиеті», «Асқар Егеубаевтың қазақ әдебиетін зерттеуге қосқан үлесі» жан-жақты қарастырылды. Жиынға қатысушылар Орталық ғылыми кітапхана ұйымдастырған ақын мұрасына қатысты кітап көрмесімен танысты.

Нұр МАҒАЗБЕКОВ,

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының баспасөз хатшысы

(Басы 1-бетте)

Әдеби жиын барысында әр жанр бойынша мазмұнды баяндамалар жасалып, әдебиеттің көкейтесті мәселелері жан-жақты талқыланды.

Әдебиет кеңестері бойынша жасалған баяндамалар тізімі:

- Проза кеңесі – Нұрлыбек Саматұлы, «Қара сөздің бәрі проза емес»;
- Поэзия кеңесі – Бақытжан Абыз, «Бүгінгі өлең өрісі: кемелі мен кемісі»;

– Екі күнге созылған бұл әдеби жиынға атсалысқан барлық қаламгерлерге алғысымыз зор. Соңғы үш жылда қазақ әдебиетіне, қазақ жазушысына деген қоғамдық ықылас арта түсті. Ел Президентінің кітапқа деген ықыласы ерекше екеніне куәміз. Жуырда 23 сәуір – Ұлттық кітап күні болып жарияланып, бұл мереке Астана қаласында және барлық өңірлерде кең көлемде аталып өтті. Байқаулар ұйымдастырылып, 10 номинация бойынша үз-

замандағы нонфикшн, фэнтези, детектив жанрларына қатысты өрбіген терең пікірлерді ерекше атап өтті. Сонымен бірге «Қазақ әдебиеті» газетіне жазылудың маңыздылығын, қазіргі таңда QR код арқылы жазылу мүмкіндігінің бар екенін жеткізді. Драматургия кеңесі атынан драматург Алишер Рахат сөз сөйлеп, Қазақстанда Орталық Азия көлемінде жас драматургия мектебінің қалыптасқанын атап өтті. Алайда жас дра-

3. Әлпейісова Камал «Жүрегімде жасырған жырларым» кітабы үшін;
4. Қайымов Қанат «Патшалар алқабына саяхат» кітабы үшін;
5. Ниетқалиева Гүлзада «Аллажар» өлеңдер жинағы үшін;
6. Құрманқұлов Бауыржан Әдебиетке сіңірген еңбегі үшін;
7. Сарин Қалқаман «Жарығы сөнбес жалғыз жол» кітабы үшін;
8. Әбілқайыр Қанат «Ағыраптағы аты жоқ адам» романы үшін;
9. Жақыбаев Әдепхан «Туған жер – құдіретті құт мекенім» кітабы үшін;
10. Әріп Ғалым «РухСана» кітабы үшін;
11. Сүйінов Есенгелді Әдебиетке сіңірген еңбегі үшін;
12. Әшірбаев Бегжан «Айбергенов атындағы сағыныш» кітабы үшін;
13. Шәкен Жәди «Ертіс қызы» әңгімелер жинағы үшін;
14. Ахметов Темірболат Әдебиетке сіңірген еңбегі үшін;
15. Сейдазым Айдар «Жапырақ ғұмыр» кітабы үшін;
16. Қамшыгер Саят «Көңіл көктемі» өлеңдер жинағы үшін;
17. Үмбетәлиев Мұхтар «Жүректегі жазулар» өлеңдер жинағы үшін;
18. Шарахымбай Болат «Қайшылықтар дилеммасы» кітабы үшін;
19. Мырзахметов Алмаз Әдебиетке сіңірген еңбегі үшін;
20. Ақынбаба Ақсұңқар «Жанартау» өлеңдер жинағы үшін;
21. Нұрғожаев Жақыпжан «Кең дүние төсінді аш, мен келемін» кітабы үшін;
22. Құныпияұлы Кәдірбек «Талтүс» өлеңдер жинағы үшін;
23. Әуезов Елубай «Жан азабындағы Бакыт» өлеңдер жинағы үшін;
24. Нұрахметов Бекен «Менің тағдырымдағы адамдар» эсселер жинағы үшін;
25. Жүніс Ерлан «Үміт жырлары» кітабы үшін;
26. Токин Тұрсынбек «Әзірбайжан – Отаным» кітабы үшін;
27. Назаров Шавкат «Жиғлима, қалбим» кітабы үшін.

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ БҮГІНГІ КӨКЖИЕГІ

- Орыс әдебиеті кеңесі – Василий Шупейкин, «О состоянии и некоторых проблемах развития русскоязычной литературы в Казахстане»;
- Детектив жанры – Темірболат Ахметов, «Еліміздегі детектив және фантастиканың бүгінгі ахуалы»;
- Балалар әдебиеті кеңесі – Нұрләулет Ақыш, «Өткен жылғы қазақ балалар әдебиеті: жаңаша ізденістер үрдісінде»;
- Деректі проза – Бейбіт Қойшыбаев, «Отаншылдық сезім тәрбиесі»;
- Шетелдегі қазақ әдебиеті – Бақытбек Бәмішұлы, «Көсем әдебиеттің күміс бұлақтары»;
- Әдеби сын кеңесі – Гүлжан Орда, «Қазіргі әдеби сын мен әдебиеттану»;
- Ұйғыр әдебиеті кеңесі – Рахметжан Юсупов, «Қазақстандағы ұйғыр әдебиетінің кезекті жетістіктері»;
- Сатира кеңесі – Доктырхан Тұрлыбек, «Күлгенге не жетсін, ойланған да дұрыс»;
- Драматургия кеңесі – Амангелді Мұқан, «Отандық драматургияда заман тынысы сезіледі»;
- Жастар кеңесі (проза) – Айзат Рақыш, «Жастар прозасы – тірі құбылыс»;
- Жастар кеңесі (поэзия) – Еділбек Дүйсен, «Жастарға жаппас жала жоқ»;
- Аударма жанры – Айнағұл Садықова, «Түпнұсқаны түсіну – жұмыстың жартысы»;
- Қазіргі қазақ әдебиеті – Ғазиза Құдайбергенқызы, «Қазіргі қазақ әдебиеті: оқырман және автор».

Әдеби жыл қорытындысы қазақ әдебиетінің бүгінгі бағытын бағамдап қана қоймай, келешекке жаңа серпін беретін ұмтылыстарды айқындап берді. Бұл басқосу қаламгерлердің рухани тұтастығын бекемдеп, ұлттық әдебиетіміздің кемелденуіне жол ашқан тағылымды күндердің бірі болды.

Қазақстан Жазушылар одағының Әдеби жыл қорытындысы жанрлық секциялар аясында жалғасты. Әр жанр бойынша ұйымдастырылған секцияларда өзекті мәселелер талқыланды.

Қазақстан Жазушылар одағының Әдеби жыл қорытындысының екінші күні мазмұнды шаралармен толықты. Жиында сөз сөйлеген Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов екі күнге созылған әдеби жиынның мәні мен маңызын тереңірек тарқатып берді.



дік баспагерлерге қаржылай сыйлықтар тапсырылды. Бұл қадамдар еліміздің рухани өмірінде маңызды бетбұрыс болып отыр, – деді Мереке Құлкенов.

Төраға өз сөзінде қазіргі таңда редакторлардың беделін көтеру мәселесіне де тоқталды. Себебі сапалы кітаптың кілті – мықты редакцияда. Бұл ретте Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин бастаған маңызды жобалардың қатарында қазақтың ұлы перзенті Абайдың туған күніне дейін әр оқырман тарапынан үздік деп танылған 10 кітапты анықтап, сол арқылы «Қазақстанның ең көп оқылтын 100 кітабын» таңдау бастамасы үлгі етілді. Мереке Құлкенов балалар әдебиетінің маңыздылығын айта келе, «Ертөстік» әдеби сыйлығының негізі қаланғанын сүйіншіледі. Ендігі жерде балаларға арналған үздік шығармалар лайықты бағасын алатын болады. Жиында жазушы Марат Тоқашбаев әдеби жыл қорытындысына жоғары баға беріп, тіл мәселесін әдебиет арқылы шешудің маңыздылығын жарыссөзде атап өтті. Ол:

– Қоғамдағы тіл мәселесі Ата заңда айқын жазылған мемлекеттік тіл мәртебесін толық түсінбеуден және қадірін сезінбеуден туындауда. Бұл бағытта әдебиеттің күші ерекше болмақ, – деді. Жазушы Дәурен Қуат «Жұлдыз» журналының қазіргі ахуалын сөз етіп, басылымның таралымын арттырудағы ақын-жазушылардың белсенділігін арттыру қажет екенін алға тартты. Ал «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, ақын Бауыржан Жақып әр жанр бойынша өткен кеңестердің қорытындысына тоқталып, қазіргі

матургтердің шығармалары сирек сахналанып жүргенін, бұл мәселені шешу қажет екенін қаперге салды. Жиында поэзия кеңесінен Ақсұңқар Ақынбаба, орыс әдебиеті кеңесінен Фархат Тамендаров, балалар әдебиеті кеңесінен Елдос Тоқтарбай, «Жалын» журналының жай-күйін Құдияр Біләл, ұйғыр әдебиеті кеңесінен классик жазушы Ахметжан Ашири жарыссөзге шығып, өзекті ойларын ортаға салды. Әдеби жыл қорытындысының екінші күнін Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының орынбасары Ғалым Қалибекұлы жүргізді. Шара барысында Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы, «Қазақстанның Құрметті жазушысы» атағы, сондай-ақ баспа саласына еңбегі сіңген қаламгерлерге Қазақстан Жазушылар одағы мен Баспаар ассоциациясының бірлесіп тағайындаған арнайы марапаттары салтанатты түрде табысталды. Марапаттарды Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасы Мереке Құлкенов өз қолымен тапсырды. Сонымен бірге жиында Қазақстан Жазушылар одағы және «Сәуле-Қуяш», Абдумажит Дөләтов атындағы республикалық әдеби сыйлығының дипломдары иелеріне табысталды. Сондай-ақ Одақтың жаңа мүшелеріне арнайы мүшелік билеттері табысталып, қазақ әдебиетінің сапына жаңа есімдер қосылды.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегерлері:

1. Жандәулет Тұрсынбай «Көгілдір аспан – жұмақ күн» кітабы үшін;
2. Алауханов Есберген – Әдебиетке сіңірген еңбегі үшін;

«Қазақстанның Құрметті жазушысы» марапатының иегерлері:

1. Түменбаев Қуандық
 2. Сейітжан Зұфар
 3. Әбдезұлы Қансейіт
 4. Дәдебаев Жанғара
 5. Әріп Әміре
 6. Бектемірова Нұрила
 7. Әбдірахым Нүсіпбай
 8. Қожахметова Мағира
 9. Ақыш Нұрдәулет
 10. Қайырбеков Әділғазы
 11. Аязбеков Жанұзақ
 12. Кенешбай Жұмаш
 13. Қорғасбек Жүсіпбек
 14. Бестібаев Қайрат
 15. Естенов Арасанбай
 16. Жәнәбілов Серік
 17. Қыстаубаев Захардин
- Қазақстан Жазушылар одағының Әдеби жыл қорытындысы қаламгерлердің басын қосып, қазақ әдебиетінің бүгінгі тынысы мен болашағын айқындайтын тағылымды да маңызды басқосу ретінде есте қалды.

Қазақстан
Жазушылар одағының
Баспасөз қызметі



**Роллан
СЕЙСЕНБАЕВ**

Переделкино. Екінші күн. Кеш

Батыр тұлғалы Магомед Ахметов есігімді алдымен тоқылдатып алып, кейін бөлмеге жарқырай жымып кіріп келді:

— О, Роллан Шакенович, сізді де көретін күн бар екен-ау! — Магомед мені құшақтап тұрып барып, — сіз екеуміз осы Переделкинода қаншама рет кездестік, қаншама рет арақ іштік десеніңізші!

— Қаншама жазу жаздық, Магомед!..

— Сіз маған қаншама ақыл бердіңіз. «Үлкендерді құрметте, жастарды сыйла, Магомед!» деуші едіңіз. «Аспа, саспа, кеуденді көгерме, бос мақтанға еріп, лағып кетпе» деген сөздеріңізді де ұмытқаным жоқ. Бәрі есімде. Сізге мың да бір рақмет!

— Ақылымды алған саған рақмет, Магомед.

— Расул бөлмеде тосып отыр. Сізді жылдам жеткізуімді тапсырды. «Мені тастап өздерің жеке ішіп кетіп жүрмеңдер», — деді.

— Расул айтады ғой! — дедім күліп.

— Сәл шаршап отыр, былайша келісті қалыбын бұзған жоқ.

Расул Ғамзатовтың бөлмесінде бізді жаюлы ғажап дастарқан тосып тұр еді. Аппақ дастарқанда Дағыстанның дәмдері, орыстың балығы, сәбізі, жуасы, ұзын мойынды коньяк бөтелкелері әзер сыйып тұрған.

— Жоғарыла Роллан, жайғасып отыр. Мен баяғыдай іше алмаймын. Магомед, сен маған стаканға толтырып Дағыстанның коньяғын құй, — деді Расул.

Жүзінде шаршау болғанымен, Расул ағамыздың көңілі жайдары еді.

— Наум саған сәлем айтты. Шешесі ауырып үйіне кетті. Сен Наумның Жүсіп Баласағұнды орысшаға аударған кітабын «Абай кітапханасымен» шығарыпсың. Рақмет айтып жатыр. Ертең көрісесіңдер. Ал мынаның бір жұтымын үнсіз ішіп жіберейік. Тост алдындағы дайындық-разминка болсын.

Біз үнсіз ішіп салдық. Расул екі ұрттап стаканын үстелге қойды.

— Мен осылай, ұрттап ішетін халге түскем, Роллан.

— Алла тағала, бізді де ұрттап ішуге жеткізсін, — дедім.

— Оның бетін ары қылсын де, Роллан. Ішкен соң бұл коньяқты ұрттап емес, тостағанда ішу керек, — деп күлді Расул, — жарықтық Патимат ханум «Расул, абайлап іш», — деуші еді. Ал мен оған «Патимат, мен үш-ақ ұрттадым ғой» дейтінмін. Сонда Патимат, «Сенің бір ұрттағаның бір тостаған» деуші еді. Ал енді ішпе дейтін Патимат о дүниеге кетті, мен ішуге шамам болмай орталарыңда отырмын. Маған ұқсаймын деп мына Магомед інің де көп ішті. Қазір татып алмайды. Қуаттаймын.

Бұ арақты аристократтар сияқты жүз грамм ғана ішу керек. Ал кавказдықтар бөшкенің түбін көрмей тоқтамайды.

— Қазақтар да солай, — дедім.

Расул ағамыздың сөзін тыңдап отырып, не күлерінді, не жыларыңды білмейтінсін.

Ол кісінің әзілі от еді ғой. Тауып сөйлейтін, лезде тауып айтатын. Қартайса да жатып атар сөздері сол баяғыдай, қалжыңға толы болатын.

— Магомед, мына Роллан ағаң палуандықты тастап жазушылыққа ауысқаны дұрыс болды. Әдебиет әлемі — күресі бітпейтін айкас қой. Демалыс жоқ. Ес жиып үлгермейсің, өйткені тоқтау да жоқ, тоқырау да жоқ. Әдебиет әлемінің күресі сені көрге дейін сүйреп апарды. Ол — сайқал күрес, сенің тәніңді құрт-құмырсқа жеп болған соң да тоқтамайды. Әдебиет әлеміндегі күрес қалғымайтын бақталастыққа толы. Өнерді таңдаған пенде, өлімге бір табан жақын тұрады, — деп Расул қарқылдап күлді, — қазір айтуға онай. Кезінде қиын болған. Мына Магомед сол әдебиет күресінің бел ортасында отыр. Шашы да ағарып кетті.

— Шаштың ағарғаны түк емес, Расул аға, жанның күңіренетінін қайтесіз?! Роллан Шакеновичтің елі үш жүзге бөлініп күреседі. Ал Дағыстанда отыз ұлт бар. Отыз ұлттың жазушылары бар. Отыз тіл бар. Осылардың бәрі бірігіп бір қазанның ішінде қайнағанда, небір сұмдықтар шығып жатады ғой. Құдай оның бетін ары қылсын!..

— Қазақтың үш жүзге бөлінген күресі, біздің отыз ұлттың соғысынан асып түседі, — деп жымыды Расул аға, бұның бәрі өз арамыздағы қалжың. Қалжыңның ортасында шыңғырған шындық та бар, әрине.

— Расул аға, Роллан Шакенович үшін ішейік.

— Өте дұрыс. Бұл — алыста жүрген жалғыз қасқыр. Жортқанда жолың болсын, жас қазақ, — деп Расул коньяктан тағы да екі ұрттады.

— Сіз ұрттауды көбейтпеңіз, ертең ауырлап қаласыз, — деді Магомед.

— Ертеде мен бұларға байқап ішіндер деуші едім, енді бұлар маған байқап іш дейді. Дүние-кезек деген — осы. Саған ерегескенде мен тағы бір ұрттайын да, тоқтайын, — деді Расул.

Әзіл-қалжың бас көтерген әдемі кеш еді. Расул Магомедке өлең оқытты. Наум Гребнев орысшаға аударған өзінің соңғы өлеңдерін де оқып, сәл дамылдап үнсіз отырды.

— Сендер дәлізге шығып темекі тартып қайтыңдар. Мен сәл жата тұрайын. Бел қинап тұр, — деді Расул.

Біз темекі тартып бөлмеге енгенде, Расул әлі төсекте жатыр еді.

— Мен қайтайын. Сіз демалыңыз, Расул Ғамзатович, — дедім.

— Роллан, кештің шыркын бұзба, отыр. Демал. Магомед, сен қонақты ренжітсең де, қонақтың стаканын ренжітпе.

Магомед стаканға ашылған Дағыстан коньяғын құйды.

Расул ағам көзін жұмып, үнсіз қалды. Аздан соң барып, көзін ашпастан сөз бастады.

— Мен Мұхтар Омарханұлы Әуезовті соңғы кездері жиі есіме аламын. Неге екенін білмеймін, Мұхтар ағам ойға орала береді.

Сәл үнсіз жатты. Ақырын жөтелді.

— Магомед, аяғымды одеялмен жапшы, — деп сұрады.

Магомед шапшаң орнынан атып тұрып, Расулдың аяғын қымтап жапты.

— Роллан маған бекер кездеспеген болар, мен сендерге Мұхтар ағам туралы бір әңгіме айтайын. Роллан, сен тыңда. Ал сен, Магомед, менің сөздерімді түртіп алып отыр.

Расул тағы да үнсіз қалды. Магомед ағасына су ұсынды.

— Сен әуелі коньяктан бір ұрттап та, сонынан суық су бер, — деді Расул.

— Коньяқты қайтесіз. Су ішіңіз.

— Су ғана ішетін кезім жақындап келе жатқанын, Магомед, мен сенсіз де білемін. Айтқанды мұқият орындап отырсаң, адам боласың!

қазақ халқының көшбасшысы, рухани қолбасшысы, қазақ үшін туған теңдессіз тұлға екенін ұқтым. Абайды ұққан соң, Әуезовтің Кеңес заманының данышпаны болғанына тағы да көз жеткіздім. Сүйсіндім. Аруағына бас иідім.

Ұзақ үнсіз жатып барып, тағы сөйледі.

— Бүкілодақтық Ленин сыйлығы комитетінің ең белді мүшесі ретінде Мұхтар Омарханұлының еңбегі ересен болды ғой, несін айтасын. Бірді айтып бірге кете бересің. Бұл — қарттықтың тұсауы. Елуінші жылдардың соңында, қай жылы екені есімде жоқ, Әуезов Кеңестер Одағының көпұлтты халықтарының

МЕН ТАНЫҒАН

(эссе)
(үшінші бөлім)



Расул коньяғын да ұрттады, суық суын да ішті. Жүзі жылыды, көзі жайнап шыға келді. Бірақ орнынан тұрмады.

— Мұхтар Омарханұлы — аңыз адам, жаңа заманның көшбасшысы, ақылгөйі, данасы еді. Ол кезде біз жас болатынбыз. 1960 жылы Кеңес жазушыларының алды болып Ленин сыйлығын алды. Ұлы «Абай жолы» деген романы үшін алды. Мен осыдан үш жыл бұрын Роллан жіберген Абайдың «Книга слов» деген кітабын оқып шықтым. Сол кітапта қырық-ақ өлең бар. Екінші бөлімі — «Қара сөз». Өлеңдерді Юрий Кузнецов аударыпты. Юрий — орыстың ең ірі ақыны. Үлкен ақыны десек дұрыс болар. «Қара сөзін» орыс тіліне аударған мына отырған Роллан мен жан жары Клара Серікбаева. Клара ханум — арабша, парсыша, түрікше, ағылшынша терең білетін адам. Құранды қазақшаға аударған. Мен осы кітап арқылы Абайдың кеменгер ақын екеніне көзім жетті. Абай

әдебиеті туралы үлкен кеңесте ме, әлде съезде ме, сөз сөйледі. Соғыс біткен, ел есін енді ғана жиып, етек-жеңін түзеген кез.

Халықтар әдебиеті де бойын тіктеп, рухын қомдаған тұс. Мұхтар Омарханұлы ұлттар әдебиеті туралы баяндама жасады. Телегей теңіз білім, теңдессіз эрудиция баяндамашының данышпан адам екенін айқындап тұрған. Жазушылар — бірін-бірі тыңдамайтын, өзін білемі көп эгоист адамдар. Әуезовтің сөзін зал ұйып тыңдады. Ұлттар әдебиеті өз халықтарының киелі бесігінде, адам тіріде түгесілмейтін ұлы фольклорына да жан шақырып, биік әдебиет туындыларын өмірге әкеліп жатқанын шешен тілмен, образды сөздермен айызынды қандырып айтып жатты. Кремльде ұлттар әдебиеті, өнері, қасиеті, болашағы туралы тереңнен толғанған сөздер бұрын-соңды айтылмаған. Кеңестер Одағындағы ұлттардың

намысы үшін арпалысқан қуатты сөздер теңіздің толқынындай буырқанып, адам санасын нұрға бөлеген. Ұлт рухы әр жазушының бойында көкке шапшыған. Әуезовтің сол жан қинаған жанашыр сөздері, әдебиеттің ақсақалдарын да, әдебиетке енді келген жастардың да санасын оятқан.

Ұлттың орыс империясында тобыр болып қалмайтынын, әр ұлт өз еркіндігін, өз мәдениетін аспандату керегін алғаш рет Кремльде Әуезов айтқан. Содан да ұлт жазушылары Әуезовті ардақ тұтқан. Әттен, Мұхтар Омарханұлы дүниеден ерте озды. Бұл өлім ұлттар әдебиетінің тамырына найзағай

Ленин сыйлығына Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан татар ақыны Мұса Жәлел ұсынылды. «Өлген адамға Ленин сыйлығы не керек? Биттің қабығындай «Моабит дәптері» кімге дәрі?! Одан да талантты орыс жазушысына сыйлық жақсы жарасатын болады» деген сөздер Мәскеу көшелерін аралап, ақырын аяндап жүріп кетті. Тек Мұхтар Омарханұлы Әуезов қана олай ойлаған жоқ. Комитет отырысында Әуезов сөйледі. Әуезовтің әдебиеттегі тазалықты, асқан дарынды, бір ұлтты ғана емес, бүкіл адамзатты қадірлейтін қасиетін комитет мүшелері жақсы білетін. Сол сөзден шағын үзінді оқиын.

РАСУЛ!

түсіргенмен бірдей болды.

Расул сәл жөткірініп, ақырын тыншып, сәл үнсіз қалды. Төсекте қозғалақтап, тұруға әрекет жасады. Магомед көмек көрсеткісі келіп еді, қолын ақырын итеріп тастады.

— Өзім тұрамын, — деді.

Төсектен өзі тұрып, дастарқан басына келіп отырды.

— Магомед, үстелдің тартпасында жасыл дәптер бар. Соны әперші, кәні...

Жасыл дәптерді алақанымен сипап алып, беттерін парақтады.

— Әуезовтің керемет адам екенін Үкімет білді, бірақ ол кісінің қасиетін айқындаған тебіреністі сөздер жазылмады. «Әуезов кім сонша, өзіміз де кереметпіз», — деп кеуде соққандар көбейді. Патимат дүниеден озды, мен жалғыз қалдым. Қарттық та қол байлау бола береді. Ертеде кеуде қаққандар заман бәйгесінде шаң қауып қалып қойды. Бүгін олардың аты да, заты да жоқ. Құдай сүйген таланттар қартайса да, қолдарынан киелі қаламын тастаған жоқ. Ол — жазушының құдіреті емес, Құдайдың құдіреті. Әуезов туралы бір үлкен мақала бастағам, соны тірі тұрғанымда келістіріп жазғым келеді. Жаза алмай кетсем, менің айтқаным сендердің естерінде болсын деген үміт-әңгімем. Магомед, коньяғыңнан тағы бір тамыз, — деді.

Магомед еш қарсылық көрсетпестен Расулдың екі жүз грамдық стаканына аздап коньяк құйды. Әңгіме құдіреті екеуімізді де баурап әкетіп еді. Бірақ Расул ағамыз стаканға қарағанымен, қолына алған жоқ.

— Мұхтар Омарханұлы үш мұсылман жазушыға Лениндік сыйлық әперіп кетті. Әуезовтің Ленин сыйлығы комитетінде сөйлеген сөздері данышпанның өсиетіндей болатын. Роллан, қазақтар сол сөздерді мұқият жиып, жеке кітап қылып шығарулары керек. Бұл — парыз. Бұл — борыш. Әуезовке қазір түк керегі жоқ. Ол адамның ұлы ойлары қазақтарға керек. Біз жақсы ақын болған болармыз, бірақ Әуезовтей ойшыл-данышпан болған жоқпыз. Біздің ұрпақ Әуезовтен бір саты төмен тұр. Сендер бізден бір саты төмен боласыңдар. Заман желі солай соғады. Бұл арада ешкімнің кінәсі жоқ. Бұны да жасап отырған Құдай. Сендер ренжімендер, түсінуге тырысыңдар.

Расул ағамыз жасыл дәптердің бетін ашты. Көзілдірігін тақты. Тамағын кенеп алды.

«...Этот человек (Мұса Жәлел) представляется мне сердцем-фейерлом, это — Данко, который пронес сквозь все ужасы войны и плена свое горящее сердце. И в этом смысле его мужественные песни, песни человека, приговоренного к смерти, не только у нас сегодня, кто судит о его произведениях, но и у всякого, в будущем, всегда будут вызывать эти благородные ассоциации... Он пишет с печалью, но мужество никогда не покидает его. Говоря о дочери, он говорит о Родине, говоря о возлюбленной, он говорит о Родине. И еще говорит он о том, что под топором палача будет думать о Родине. Он мужает и растет и становится великим патриотом, человеком подлинно высокого назначения... Если премии окажется достойным только одно имя, то это должно быть имя Мусы Джалиля. Это не важно, что он умер. Он живет и, как все герои войны, будет жить с нами. Он немногословен, он не риторичен, он искренний и пламенный, он все творит на острие меча, и правда сквозит во всем, как дымящаяся алая кровь на снегу...»

Бұндай жанкешті терең сөзді Кеңестер Одағында Әуезовтен басқа кім айта алушы еді? Ешкім де. Орысында, еврейін де, басқа ұлттардың тұлғалары да өрелері жетпей өрекіп барып тоқтайтын. Ал Әуезов Дешті-Қыпшақ даласында талмай шауып келе жатқан дауылпаз арғымақ еді ғой! Несін айтасыз!..

Расул ағам отты сөздерден соң отты коньяк құйылған стаканды қолына алды. Алақан арасында домалатты.

— Жас авар ақыны Расул Ғамзатов пен жас кыргыз жазушысы Шыңғыс Айтматовқа Лениндік сыйлық әперген де Әуезов болатын. Бізде ұлттық таным бар, адамзаттық таным жоқ. Әуезов — ұлттық таныммен адамзаттық таныммен аспандата көтерген, көркейткен Шығыстың ғұламасы, дұрысы, Адамзаттың ғұлама ұлы! Бұны миен де, жүреппен де ұғу керек. Өткенге тас лақтыруға болмайды. Өсер елдің адамдары өткенін қорғаштап, аялап, уақыт өткен сайын қасиеттеп отырады. Кәне, тұрайық, жас достарым. Әулие қа-



зақ үшін ішейік. Жатқан жері жарық болсын!

Расул орнынан қинала көтеріліп коньяқты тауысып ішті.

— Біз көп нәрсеге мән бермейтін эгоист пендеміз ғой. Мен қазақ көрсем басымды ием. Өйткені олар Абай мен Әуезовтің туғандары.

— Мен де авар көрсем қуанам, өйткені олар Расул Ғамзатовтың туғандары, — дедім мен.

Расул Ғамзатов үндеген жоқ. Аздан соң, Магомедке бұрылып:

— Мына маған қарсы отырған Роллан Сейсенбаевтан үйренер, тәлім алар дүние көп. Роллан ағаңа жақын бол. Не істесең де, ақылдасып істендер. Ролланның бойындағы ең үлкен қасиеті — әулиелерге жұмыс істеуінде. Бір қазақтың емес, бүкіл адамзат баласының әулиелеріне. Роллан Абайдың, Әуезовтің, әл-Фарабидің, Баласағұнның, Шекспирдің, Дантениң, Руставелидің, Гетениң бұл тізімді айтып тауыса алмайсың, — ол кітаптарын шығарды. — Это — подвиг, — деді орысшалап, — Магомед, сен менің өлеңімді жатқа білесің. Ал Роллан менің өлеңдерімді жатқа білемі? — деп сұрады.

Магомед сасқалақтап маған қарай берді.

— Ертеде Алматыда Әуезовтің үйінде болдым. Сонда Мұхтар Омарханұлының алдында авар тілінде өлең оқыдым. Ұнатты. Өлеңнің ішкі тынысын аңғарды, — деп маған бұрыла қарап алды. — Әуезовке арнаған өлеңімді ұмытқан жоқсың ба?..

— Ұмытудан Құдай сақтасын!

— Онда қазақша оқып көрші!

— Көрейін, — дедім.

Көргенмін құрмет-сыйынды,

Қонақ боп, аға, үйінде.

Бір кезде саған жырымды,

Оқығам авар тілінде.

Түсіндің жанын жырымның,
Қарадың үнсіз асқарға,
«Ұқсайды, — дедің, — тілің бір,
Күңгірлеп жатқан тастарға».

Дедім мен: «Тенеу жоқ асқан!

Ұқсайды сондай мүсінге.

Өйткені бұл да о бастан,

Жаралған тастың ішінде.

Даусы бар мұнда ежелгі,
Таудағы қалың тұманның.
Сарқырап аққан өзеннің,
Шаңқылдап жатқан қыранның.

Тағы да үнсіз тоқталдың...

Өзіңе біткен әдеппен:

«Ұлы ғой Кавказ... — деп қалдың, —

Кеністік жоқ-ау... тек әттен...»

Қараймын көкшіл далаға,

Толқимын іштей, ойланам.

Ұлы ғой Кавказ, жан-аға,

Өзіңе жету қайда оған!

Расул ағам үндеген жоқ. Басын көтергенде көз қиығынан мөлтілдеген жасты көрдім. Біз сәл үнсіз отырдық. Расул ағам көз қиығындағы жасты сау-сағымен қағып тастады.

— Еркектің көзіне де жас үйіріледі. Ол кінә де, күнә да емес, — деді Расул ағам. Дауысы сылбыр естілді. Жүзі ағарып, көз алды ісіңкіреп тұр еді. Шаршаса да, бізге шаршағанын көрсетпеуге тырысты.

— Расул Ғамзатович, дастарқанға бата жасаңыз, — деп сұрадым.

Ол үндемей терең тыныстап алып, алақанын жайды.

— Бізді Ана-Жерде қолдайтын айналайын Көк Аспанда екі тылсым күш бар. Оның бірі — Алла тағала, екіншісі — әулиелер. Сол киелі қасиеттерге адал болайық, әумин!

Расул ағам орнынан ақырын тұрды. Мені бауырына басып құшақтады.

— Қош бол, жақсы інім, — деді Расул Ғамзатов.

— Көріскенше күн жақсы болсын, Расул Ғамзатович!

Расул Ғамзатов үндеген жоқ. Қос жұдырығын түйіп, қос қолын жоғары көтерді.

Переделкино. Түн.

Маужыраған тыныштық. Лүп еткен жел де жоқ. Қалың орман да үнсіз. Тек аяғымыздың астындағы сары жапырақтар ғана сыбдыр-сыбдыр етеді. Магомед те үнсіз. Мен де үнсізбін. Бұндай түнде сөзді қор қылып не керек? Тылсым тыныштық қойнауында сөз де әлсіз бе деп қалдым.

Көк Аспанда бұлт астынан толық ай толқып шыға берді.

Көк Аспанда Алла тағала мен Әулиелер бізді қорып тұрғандай болып көрінді.

Көк Аспан үнсіз еді. Біз де үнсіз ғана сары жапырақтарды таптап қалың орманды бетке алдық.

Көк Аспанның астында үнсіз келе жатқан маған, Расул Ғамзатов та болашақ әулиелердің біріне айналып бара жатқандай боп елестеді.

Түн жылы. Ай жарық. Батыстан жеңіл жел-бауырымыз көтеріліп жүре берді.

Дәл қазір Жер-жаһан күнәсіз тазалыққа толып тұр еді.

Әр қадамды авардың арыстан жүректі ақыны бағып тұрғанын абайламай, түпсіз ойға түсіп кеттім.

Дешті-Қыпшақ даласы,
Жидебай



Нұрлыбек САМАТҰЛЫ

Проза жанры бойынша 2024 жылы жарық көрген 25 кітап қолыма тиді.

Мұқтар МАҒАУИН. «Алтын орда». Жазушы бұл еңбегінде Алтын Орда өтешағын бір арнаға салуды діндеп, шығыстық, батыстық арғы-бергі жылнамашылардың жазбаларын зерделеген. Еуропа тарихшыларының әлде әдейі, әлде қателікпен теріс кеткен тұстарын басқа жазбалармен салыстыра зерттеп, орайластыра толықтырған. Алтын Ордаға қатысты оқиғаларды, жорықтарды рет-ретімен баяндаған.

Шығарманың көркем роман емес, танымдық зерттеу болғаны, бір жағынан, оқырманның олжасы ма деп қалдым. Жазушының өзі де алғы сөзінде: «Соны зерттеулер мен жаңаша танымға қарайлас еңбек» деп ескертіпті.

Әңгімені Батудан бастап, Алтын Орда хандарының өміріне жеке-жеке тоқталады. Сөйтіп, Керей мен Жәнібек хандармен қорытындылайды. Өзбек ханның дінде байланысты әрекеттерін ақтап алуға қатты тырысқаны айта кету керек. Бұл жөнінде кәсіби тарихшылар, тіпті де басқаша пікірде. Тарихшылар нақты дерекке жүгінеді, Мағауиннің бұл жағынан дерегі жұтан.

Қуандық ТҮМЕНБАЙ. «Қырмандағы қараторғай». Хикаяттар мен әңгімелер. Жинаққа енген «Қырмандағы қараторғай» хикаятында Кеңес одағы тарағаннан кейінгі жоспарлы экономиканың күйреп, нарықтық экономика табалдырығында тұрған ауылдағы адамдар психологиясы сөз болады. Бұл алғашқы колхоздасу кезеңін суреттеген Бейімбет әңгімелерін еске түсіреді.

«Төрт амал тіршілік» хикаяты да колхоз тараған кезеңнің оқиғасы. Бірақ оқиға ауыл ішінде ғана қалып қоймай, енді ауыл адамдарының қалаға көшуі мен көшкен кездегі сезімдеріне мән беріледі. Ауыл мен қаланы теңестіру деген бұрынғы идеяның бос сөз екенін оқушы санасына оқиғалар арқылы жеткізуі иланымды. Хикаяттың түйінін атауы айтып тұр. Тәңірі адамнан адамды айырады, адамды адамға қосады. Адамды адамнан бөледі, адамды адаммен көбейтеді. Осы төрт амалдың мәңгілік қайталануы келіп отыруын өмір дейміз. Жинаққа енген өзге әңгімелерде де ауыл мен қаладағы қазақтың өмірі әр қырынан көрінеді.

Қуандық Түменбай — тек өзіне ғана тән жазу мәнерімен ерекшеленетін жазушы. Кейде прозаның қалыптасқан классикалық шарттарына бағына бермейді.

Тұрысбек СӘУКЕТАЕВ. «Өлгендер қайтып келеді». Әжуа аралас мұнлы роман-фэнтези. «Меценат» әдеби сыйлығының 2023 жылғы иегері.

Бас кейіпкері — жазушы. Кітаптары жарық көрмеген. Кітап шықпаған соң ақша қайда? Сол себепті әйелі сқовордқамен басынан ұрып, оны үйден қуып жіберген. Ендігі жүрген жері — базар. Күзетші. Бір күні өмірден түніліп, жұрттың көзінше өзін-өзі атып тастайды.

Роман оқиғасы осы адамның өлгеннен кейінгі көргендері мен ойлаған ойлары арқылы өрбиді. Баяндаулар бас кейіпкердің монологы болуы себепті өзін ақтап тұр. Романның қызықты оқылатыны да содан. Кейіпкер көзімен қоғам кемшілігін әжуа етеді. Онысы және сәтті шыққан. Қоғамның ғана емес, жұмақтың да кемшілігі барын меңзейді. Ол кемшілікті Алланың өзі романда «Пейіштің де кемшілігі болғаны...» деп мойындайды. Сөйтіп, өлген адам Жұмақтан жеріп, тіріліп келеді. Оның тіріліп келгендегі мақсаты не? Оқырманға осы мақсаты және сол мақсат жолындағы күресі

қызығырақ болар еді. Бірақ ол мақсат романда жеңілдеу шыққан сияқты.

Жазушының тілі жатық. Қиюын тапқан ойлар диалогтер арқылы балалап жатады. Қоғамдағы әркімге таныс шындықтар жынды адамның көзімен қарағанда, расында түрленіп кетеді. Бірақ ол жынды — шын жынды емес, ақыл-есі сау, тек бұзылған қоғамның көзіне солай жынды болып көрінеді. Автор да осы жағынан тақырыпты аша түсуге ұмтылған. Шығарманың соңғы жағы магиялық реализмнен гөрі қиял-ғажайып ертегіге көбірек ұқсайды.

Негізі қияли прозаға шыншыл прозаны меңгергендер құлаш ұрады.

Жазушы әр дегенде романды өлген жігіттің аузымен 1-жақпен жазған. Алайда 3-жаққа кілт ауысып кететін тұстары да бар. Осыған қарап, романды бірден 3-жақпен бастау керек пе еді деген ойға қаласын.

Қасымхан БЕГМАНОВ. 15 томдық шығармалар жинағы. 3-томға енген тұлғалар туралы эсселері көркем әңгіме сияқты қызықты оқылады. 4-томына «Этнографпен әңгіме», «Салты мықтының — халқы

мықты» атты көрнекті этнограф Жағда Бабалықұлымен болған сыр-сұхбаты енген. 7-томда басқа да этнограф-ғалымдармен болған әңгімелері топтастырылған. Бұл сұхбаттар мен әңгімелері баршаға керек, оның ішінде, әсіресе жазушыға қажет қымбат деректерге толы.

Момбек ӘБДІКІМҰЛЫ. «Қараман қарақшы». Хикаят. Оңтүстік өңіріне қарақшы аты жайылған Қараман атты кісінің қилы тағдыры баяндалады. Ол 1896—1971 жылдары өмір сүрген, екі жүйеге күй болған. Басынан өткен оқиғалары қарапайым оқырманды қызықтыратыны анық. Сол себепті болар, хикаят бірнеше рет кітап болып басылып шығыпты.

Быттыр оның бұдан басқа «Күн тұтылған мезет» атты 2 томдық хикаятты жарық көрген. Осы кітапта Ташкентті қалмақтың 1729—1745 жылдар аралығында жаулап алу кезеңіндегі Төле бидің, кейін оның кенже ұлы Қожамжардың ел басқару мәселелері сөз болады. 2-томында 1808—1816 жылдардағы Қоқан хандығының қазаққа салған ылаңы айтылады. Автордың көп ізденгені тарихи оқиғалардың молдығынан байқалады. Дегенмен автор аталған шығармаларын ықшамдай түссе деген тілек бар. Ықшамдауға сұранып тұрған сөйлемдер де кездеседі.

Әбубәкір ҚАЙРАН. «Күмән мен күнә». Новеллалар. Жинақты бастап тұрған «Ақсаққара» новелласының оқиғасы қарапайым, бірер сөйлемнен аспайды. Бірақ жазушы осы қарапайым оқиға арқылы өмірді кең көлемде танытады. Туған жер табиғатының ғажайыбын, түйе түлігінің, оның ішінде, інгендер мен боталардың қадір-қасиетін, қылықтарын, мінездерін шұрайлы тілмен шабыттана толғайды. Түйеші әке-шешесінің шынайы бейнесін олардың сөйлеген сөздері мен іс-әрекеттері арқылы сомдауы тамаша.

Новеллада басы артық тұрған кереғар сөз жоқ. Сөздерді ұтымды қолдану арқылы орынды айтылған әзіл езу тарттырады. Өлең сөзіндей өңкей келісіммен құрылған азат жолдар еріксіз сүйсінеті. Осы новелланы қара сөзбен жырланған баллада деуге болады. «Арғымақ пен қазанат» новелласы туралы да осыны айтуға болады.

Алайда кейінгі новеллаларында суреттеуден гөрі баяндау басым. Баяндау прозаның әрнін кетіреді. Баяндау әдісі дегенді ғылыми айналымға ендіріп жүрген әдебиетші ғалымдар. Шындығында, қазіргі прозада бұндай күні өткен әдіс болмағаны жақсы. Әйтсе де автор баяндаудың жанға жағымды мәнерін тапқан сынайлы. Кәсіби сыншылар болмаса, қарапайым оқырман оқиға қызығына елтіп, прозаның осы бір заңдылығын елей қоймауы мүмкін.

Асылбек ИХСАН. «Алып балық күрсін-

генде». Хикаяттар мен әңгімелер. Жазушы туындыларында айтар ойын оқырманға тәптіштеп түсіндіріп жатпайды. Оқиғаларды көз алдымыздан өткізеді. Кейде негізгі идеяға көріністерді әсірелеу арқылы назар аудартады. Оқырман оның қай әңгімесін оқыса да, шығарманың ой қазығын бірден тап басып, толық тани алмай әрі-сәрі күй кешіп қалуы мүмкін. Алайда сан тарау соқпақтар айналып келіп, негізгі арнаға тоғысқанда оқырман мәселенің мәнісін ұғына бастайды.

«Асфальттағы ұлу» атты әңгімесін оқығанда философияның әйгілі категориясы — форма мен мазмұн еске түседі. Ұлу асфальта жүрсе де сыртқы формасы мен ішкі мазмұнын еш өзгертпеген. Ал үнгірден шығып, даму жолына түскен адам баласы ше?

«Дүңгіршек» атты әңгіменің бас кейіпкері — соқыр ит. Жүрер жолын ғана жобалайды, одан арғыны көре алмайды. Бұл — қалаға келіп, қайтерін білмей қалған қазақтың образы.

Асылбек Ихсанның өзге шығармалары

ҚАРА СӨЗДІҢ БӘРІ

да осылай меңзеу мен түспалға толы.

Әбділдабек САЛЫҚБАЙ. «Наркескен». Хикаяттар. Жинаққа топтастырылған үш хикаяттың бірі — «Наркескен». Онда Қазақстанның Тың өлкесі деп аталған солтүстіктегі бес облысты Н.С.Хрущевтің Ресей құрамына қоспақ болғаны, оған Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесінің төрағасы Жұмабек Тәшеновтің қарсы тұрғаны туралы сыр шертіледі. Автор осы оқиғаны көркем шындыққа айналдырған. Көп ізденгені байқалып тұр. Хикаяттың бас-аяғы түгел. Тек шығарма авторлық баяндаудан гөрі кейіпкердің (Тәшеновтің) ішкі толғанысына құрылса, нағыз прозаның хош иісі бұрқырап қоя берер еді.

Шығарма соңына қарай «Алланың қалауы... мүлде басқаша болып шықты» деген сөйлем бар. Осы сөйлем артық. Тәшеновтің тағдыры — Алланың қалауы емес, орыстық шовонизмнің салдары. Егер «Алланың қалауы» дейтін болсақ, оған сөзсіз көнуге тура келер еді.

Әділбек ЫБЫРАЙЫМҰЛЫ. «Ақылға атой». Роман. Роман кейіпкерлері астрономия, физика, теология, гидрогеология сияқты заманауи нақты ілім иелері. Олардың арасында биолог жас қазақ жігіті де бар. Жанама түрде Мұхаммед пен Иса пайғамбарлар, Абай ақын және өзге де ғұламалар көрінеді.

Роман идеясы — Қазақ елінің келешекке бекем қадам басуының кепілі ғылымды терең игеру. Сондықтан Марстан «АБАЙ» деген бас әріптермен таңбаланып кеністіктің ашылуын қисындайды. «АБАЙ» деп тұрғаны «Астрономиялық Байланыс Айлағындағы Йель» деген төрт сөздің бас әріптері. Бұл ғылымның табысы дегенді меңзейді. Өйткені сол жерден болашақтың отынын Жер планетасына әкелу амалдарын іздейді. Жазушы галактикадағы алуан сәулелер мен магнит өрісін энергияға айналдыру, дейтерий суынан жана қару жасау сияқты ғылыми негізге арқа сүйейді. Осмий кенінің Марсты игеруге қажетті металл ретіндегі құндылығы, оған ғарыштық державалар арасындағы талас шығарманың болашаққа бағытталған идеяларын айшықтай түседі. Романда ғылым мен технология, оның ішінде, жасанды зерде сөз болады. Ғылым бірінші кезекте тұрса әрі ол ар-ұжданға бағынса адамзат өркениеті зұлматтан аман қалады деген ойды меңзейді. Ғылыми тұжырымдарды көркем әдебиетке ендіргені жазушының табысы деуге болады.

Нұрлыбек САМАТҰЛЫ. «Шеңгелдің шешек атуы». Әңгімелер жинағы. «Қаңбақ», «Пәтер», «Айғырлар», «Жалдамалы жазушы» «Ешек», «Айман-Шолпан» және тағы басқа әңгімелер енген.

Өз шығарма туралы өзгенің пікірін келтірейін. Жазушы Айғұл Кемелбаева

«Ана тілі» газетінде шыққан «Рух еркіндігін сағынған құса» мақаласында «Айғырлар» әңгімесі туралы: «Айғырлар» атты әңгіме бір демде оқылды. Тайбурылдың шабысындай ішкі қуаты үдей түседі. Тегеурінді, суреткерлік танбасы, астар-ақиқаты ап-айқын. Бекер мыжу, алдамшы әлеулай жоқ. Жылауық, публицистикалық сарыны басым жасанды проза емес. Көркемдік шешімі дұрыс», — дейді.

Осы әңгімелердің тілі туралы мақаласында Амангелді Кеңшілікұлы: «Нұрлыбек іс-әрекеті арқылы кейіпкердің характерін әдемі ашады. Әдебиетімізде жоғалып бара жатқан, Төлен мен Тынымбай сияқты ірі суреткерлердің шығармаларында ғана сақталып қалған, оқырманның құлдіріп отырып жылататын әдемі тәсілді шебер меңгеріпті», — дейді.

Ұларбек ДӘЛЕЙҰЛЫ. «Жошы хан». Тарихи роман. Шыңғыс қағанға, оның хандық тақты иеленген батыр ұрпақтарына байланысты қандай шығарма да оқушыны тартпай қоймайды. Автор бұл шығарманы «Жошы хан жайындағы тұңғыш роман»

дейді. Атауы «Жошы хан» болғанымен романда тарихи тұлғалардың көпшілігі бар. Жошының өзі 23 хикаяттан және эпилогтен тұратын романның бесінші хикаятында көрінеді. Шығарманы Есугейдің соңғы жылдарынан бастауы Жошының меркіттен туды деген бұрынғы әңгіменің дәлелсіз, жалған екенін айтуды диттегеннен болар. Бөртенің меркіттер қолына аяғы ауыр күйінде түскеніне, онда да олардың қолында көп болмағанына айрықша тоқталады. Жошыны тұрынғы жаладан арашалау қиялдан тумай, автор нақты дерекке сүйенеді. Дәлелі — Рашид ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарих» еңбегі. Романның басты жаңалықтарының бірі — осы.

Жазушы соғыс оқиғаларын ғана баяндап қоймай, жорық кезіндегі және бейбіт өмірдегі тұрмыстық мәселелерді де тәп-тәуір сөз еткен. Жорық кезіндегі сарбаздардың қорегі — сұрборсы деген ас туралы, қару-жарак пен жолға қажетті заттарды алып жүретін жорық қосы туралы, соғыс кезінде арбамен жебе тарату жайында мәліметтер нақты жазылған.

Романдағы біріне-бірі жалғасқан бірнеше жылдық күрделі, қат-қабат жорық оқиғалары шығарманың көркемдік жағына мән беруге мұрша бермейді. Сол себепті шығарманың кейде көркем проза қалыбынан ауытқып, тарихты толғаған мақала мәнеріне түсіп кететіні аңғарылмай қалады.

Романда көнерген сөздер көптеп ұшырасады. Оған тілші ғалымдар назар аударса, олжалы болар еді. Көнерген немесе аймақтық сөздер романның тарихи бояуын қанықтыра түсуімен құнды. Мен өзім автордың бұнысын қолдаймын. Біздің арамызда «құлпат» сияқты жат сөздерді дән тапқан құмырсқаша сөздік қорымызға терлеп-тепшіп сүйрелеп әкелушілер кездеседі. Қазір онсыз да қазақ сөзінің 70 пайызы арап сөзі деп көзімізді шұқшушылар пайда болуда. Сондықтан егер соны сөз керек болса, түркінің ежелгі өз сөздерін тірілткен жөн. Кейбір сөздерді баяғы бітіктастардан және бауырлас түркі халықтарынан алуды ойлау керек. Мысалы, алтай тілінде «салым» деген сөз бар. Мағынасы — тағдыр. Осы сөз қазаққа «аузының салымы жоқ/бар» деген тіркесте сақталған. Осы «салым» деген өз сөзімізді ұмытып, араптың тағдыр деген сөзін малданып жүрміз. Издене түссек, осы сияқты мысалдар әлде де табылады. Тіпті керек болса, ана тіліміздің заңдылығына сай жаңа сөз жасасақ та айып емес. Сөз деген аспаннан түспеген, барлығын кісі баласы өздері жасаған.

Қанат ӘБІЛҚАЙЫП. «Ағыраптағы аты жоқ адам». Роман. Алматыдағы «Шаңырақ» шағынауданында 2006 жылғы жазда болған қанды оқиғадан өрбитін туынды. Кейіпкері — полиция қызметкерін өртедің деген жамамен 14 жылға нақат сотталған Әлімбаев деген жас жігіт. Роман осы жігіттің түрмеден шығып, үйіне асығып келе жатқан кезінен басталады. Оқиға бірінші жақтан, кейіпкердің өз аузынан баяндалады. Негізі роман 3-жақпен жазылса, ұтымды болар еді. Әңгіме жанрында оқиға бір ғана кейіпкердің, ал романда көптеген адамның көзқарасымен, ойымен өрбіп, дамиды. Екеуінің арасындағы хикаят деген жанр — тамырсыз, жасанды жанр.

Романда бір отбасындағы төрт адамның өмірі трагедияға айналған. Сотталған жігіт ғашық болған Әниә есімді қыздың қасіреті де осы оқиғаға байланысты. Шығарма соңында кейіпкер «Сонда кім кінәлі? Кім?» деп сұрақ қояды. Осы сұрақ артық. Бұл сұрақты жазушы қоймай, романды оқыған оқырман қойса жарасады.

Шығарма атауындағы «ағырап» деген

өзіне жақсы, сынарына жаман болатынын ойламайды. Демек жамандық қашан да жамандығын жасайды.

Ал Абыл ота арқылы өзін құрбан етіп, Қабылға жақсылық жасағысы келеді, бірақ жамандықты тірі қалдыру жақсылық жасағандық емесін түсінеді. Демек жамандықты жою үшін жақсылық та жамандықпен бірге құрбан болу керек екен. Романдағы айтар ойдың бір тіні осы болар.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ. «Аға». Роман. Жазушы өз әулетінің өткен өмірін көркем шығармаға айналдырған. Роман бас кейіпкер Әбуғалидың өмірден өтер алдындағы мезетінен басталады да, өмірден өткен кезімен аяқталады. Осы екі аралықта үнемі шегініс жасау арқылы сонау қазақ-қалмақ соғысы кезіндегі ата-бабалар өміріне аялдап, одан берідегі алмағайып замандарға тоқталады. Сөйтіп, бір әулеттің бастан кешкен оқиғалары арқылы тұтас ұлттың қасіреті айқындалады.

Жанрын роман деп алса да, оқиғалардың белгілі бір жүйесі босаң. Алайда кейде қуанышпен, кейде қайғымен өтіп жатқан

жыл бойы салған, бірақ сол салған картиналарына өзінің көңілі толмаған суретші арқылы өрбиді. Баян сұлулық махаббат үшін өзін-өзі өлімге қияр алдындағы көз қарашығынан автордың өзі айтқандай, «үзіліп бара жатқан нәзік сәулені» іздеген суретші образы да шынайы.

Сағадат ОРДАШЕВА. «Әппағым». Хикаят пен әңгімелер жинағы. Сағадаттың туындылары «өзін тауып, өзін сезін» дегендей жұмбаққа толы. Жинақтағы шығармалардың бәрінде де кейіпкер жан дүниесінің арпалысы бар. «Сенің тауыңмын» әңгімесінде алғашқы махаббатына көп жылдан соң кездескен жігіттің жан азабы, «Жантелім» әңгімесінде жемқорлықпен байыған министрдің шетелде оқыған, шетелде тұратын ұлы Шерханның ішкі арпалысы шығарма өзегі болады.

«Авторын іздеген кейіпкер» әңгімесінде арғы-бергі роман, повестерден өзімізге таныс болып қалған кейіпкерлер бір жерге жиналып пікірталас құрады. Пікірталас тақырыбы «құдай бар ма, жоқ па» деген сол баяғы ежелгі сауал. Гогольдің Добчинскийі мен Бобчинскийі, Достоевскийдің Карамазовы, Жек Лондонның Мартині, қазақ жазушыларының кейіпкерлері жиналып Құдай туралы әңгімені талқылап, таласып жатқаны қызық. «Құдай жоқ болса, болар, бірақ бір Жаратушының бары рас қой», — дейді біреуі. Әңгіме атауына шығарылған «Автор» дегені, осы жаратушының өзі екенін білгенде еріксіз риза боласын.

Кітап атауы — «Әппағым». Әппағым деген сөз жоқ, дұрысы — аппағым. Үндестік заңы бойынша солай.

Жұмабай АСАРБАЕВ. «Жүректегі жалғыздық». Хикаят. Қарттар үйінің тұрғыны Күмісай атты кейуананың өмір жолынан сыр шертеді. Жалғыз қалып, жаны жабырқаған кейіпкердің өткен өмір жолына оның ойлары арқылы таныс боламыз. Әке-шешеден жастай жетім қалып, интернатта өскен. Кейін отбасын құрып, бір ұл, бір қыз перзент сүйеді. Отағасы өрт апатынан қайтыс болған соң, жалғызбасты ана балаларын жеткізген деп жүріп, дұрыс тәрбие бере алмаған сияқты. Ұлы да, қызы да үйленген соң анасын сыйдырмайды.

Қарттар үйіндегі өзге жандардың да тағдырлары неше қилы. Біреу өзі кәтелескен, енді бірінің балалары қатыгез болып өскен.

Хикаят тілдік жағынан ақсап жатыр. Оқиғаны суреттеп емес, құрғақ баяндап өте шығады. Автор мектепте оқытушы, директор болған екен. Содан ба, шығармасында ақыл айту сарыны басым.

Келіс РАХЫМЖАНОВ. «Таң күліп атады». Әңгімелер мен хикаят. «Бесіншіге барғанда» атты хикаятының бас кейіпкері — Жанатай атты төртінші сынып бітірген бала. Бесінші сыныпта әр пәнді әртүрлі мұғалім оқытатыны оған үлкен жаналық болады. Осы мәселе оқушы баланың жан дүниесіне қалай әсер ететіні туралы тың ой өрбітуге болар еді. Бірақ олай болмады. Тілдік жағынан бұл хикаят көркем шығармадан гөрі оқушылар мен оқытушылар арасындағы күнделікті мәселелерді сөз еткен баяндамаға ұқсайды. Шығармада нақтылайтын тұстар баршылық. Басталған ой аяқсыз қалатын жерлері де бар. Мысалы, шығарма басталғанда Ажар апасы мен Кәмеш апасына байланысты оқиғаларға арнайы тоқталып, әжептәуір сөз еткеніне қарағанда, бұнда бір гәп бар шығар деп ойлайсың. Бір тартыс басталып келе жатқандай көрінеді. Бірақ осы екі жағдай сол күйі ұмытылады. Егер ұмытылса, оны неге айтты? Проза оқиға үшін емес, оқиға идея үшін жазылады емес пе?

Бас кейіпкер Жанатай бастан кешкен оқиғалар әуелі соның атынан бірінші жақтан әңгімеленсе де, кейін жарым жолда әңгіме Танашбай атты Жанатайдың сыныптасы туралы болып кетеді. Оны жазушы үшінші жақпен баяндайды. Бір шығарманы екі түрлі жақпен жазу көңілге қона қоймайды.

Қали ТҮРДЫҒАЗЫҰЛЫ. «Қайсар тұлға». Автор шығармасының жанрын «Публицистикалық көркем шығарма» деп атапты. Расында бұл көркем проза емес. Дегенмен мазмұнға бай. Бас кейіпкер Мамырхан Нұрғазыұлы 1930 жылғы қырғында Қытай жағына өтіп, көп қиыншылық

көреді. Түрмеге түседі. «Шығыс Түркістан» республикасын құру жолында Гоминдан өкіметімен болған соғысқа қатысады. Жапония Қытайға соғыс ашқанда Қытай жағы «Шығыс Түркістан» республикасын құрып беруге мәжбүр болады. Бірақ қытай тарапының арам пиғылын сезген қазақ азаматтары қытай коммунистеріне қарсы қарулы көтеріліске шығады. Көтеріліс Мамырхан басқаратын горнизонда бұрқеге түседі. Бірақ Мамырхан жараланып көтеріліс жеңіліске ұшырайды. Содан соңғы үкім — ату жазасы. Көп қиындық көріп, ақыры 1958 жылы еркіндік алып, Қазақстанға келеді.

Туынды көркем шығарма деңгейіне жетпеген. Бірақ оқиғасы тарихи романды сұранып тұр.

Айзат Рақыш. «Әмірдің монологі». Хикаяттар мен әңгімелер. «Шырғалаң», «Диуана мен бикеш» хикаяттарында автор шындық үшін шырылдаған мұғалім қыздың образын сомдауға тырысады. Шығармадағы жағымды-жағымсыз кейіпкерлерге деген автордың көзқарасы анық аңғарылады. Бұл қаншалықты дұрыс? Автор осы жағын ойланса деген тілек айтамыз.

Проза жанры бойынша былтыр кітап болып шыққан шығармалардың бұл — бір парасы ғана. «Қазақ әдебиеті» газеті мен тұрақты шығып келе жатқан әдеби журналдар — «Жұлдыз», «Таң-Шолпан», «Жалын» басылымдарында да нөмір сайын прозалық жаңа туындылар үзбей жарияланады. Бірақ баяндама көлемі көтермейтін болғандықтан оларға арнайы тоқталмадым.

Ал енді 2024 жылы жарық көрген прозалық шығармалардың кейіпкерлері туралы не деуге болады? Қоғамтану ғылымы халықты кәсібіне, әлеуметтік жағдайына қарай төменгі тап, орта тап, жоғары тап деп шартты түрде үшке бөледі. Төменгі тап — жұмысшылар мен шаруалар, яғни қарапайым адамдар. Жоғары тап — жекеменшік иелері, бизнесмендер. Ал орта тап дегеніміз кімдер? Бірінші президентіміз өз жолдауларында: «Орта тап шағын және орта бизнес өкілдері есебінен қалыптасуы керек», — деп түсіндіретін еді. Демек, келесінен байлау, байдан кедейлеу адамдар тобы деген мағынада. Сөйтсек, бұл тіпті қате түсінік болып шықты.

Дұрысы орта тап дегеніміз — ғалымдар, өнертапқыштар, ақын-жазушылар сияқты дарынды шығармашылық адамдары. Бір сөзбен айтқанда, интеллектуал адамдар. Оқытушылар, дәрігерлер сияқты тағы басқа көзі ашық мамандар да осы тапқа жатады. Орта тап қоғамды қашан да алға сүйрейді.

Осы қисынға салақ, былтыр жарық көрген прозаның кейіпкерлері көбіне төменгі тап адамдары екені байқалады. Жоғары тапқа жататын кейіпкерлер жоққа тән. Орта тап бірен-саран. Қуандық Түменбайдың, Асылбек Ихсаннның, Нұрлыбек Саматұлының, Әбуөкір Қайранның кейбір әңгімелерінде, Әділбек Ыбырайымұлының «Ақылға атой» романында кездеседі. Тұрысбек Сәукетаевтың кейіпкері — орта тап деңгейіне жете алмай, төменгі тапқа түсіп қалған адам. Ерболат Әбікенұлы мен Сағадат Ордашева екеуінде де орта тап адамын кейіпкер етуге деген талпыныс бар. Кейбір шығармаларда кейіпкер орта тап өкілі болғанымен, атына заты сай емес. Бұл да — біздің қоғамда шынайы орта таптың толық қалыптаса алмай жатқанының бір көрінісі.

Әрине, кейіпкер мына таптың адамы болсын деген талап жоқ. Бірақ қазақ прозасында осы үш таптың үшеуі де болғаны жақсы. Сонда ғана қоғамның келбеті толық танылады. Дегенмен қоғамды алға жылжытатын орта таптың образын жасағанымыз маңызды. Өйткені кейіпкермен бірге оның сауатты ой-пікірі, дүниетанымы кең көлемде ашылып, оқырманды соны ойларға жетелейді.

Ал сөз болған жазушылар өздері тандап алған оқиға мен идеяны көркем прозаға қаншалықты айналдыра алды? Баяндама ақпараттық сипатта болғандықтан ол жағына тоқталмадым. Жалғыз ауыз сөзбен айтқанда, баяндап жазылған қара сөздің бәрі көркем проза емес. Прозаның шыны — драматургия.

ПРОЗА ЕМЕС



сөз ислам ұғымында жұмақ пен тозақтың аралығындағы, сол екеуіне барар алдындағы орын. Ағырапқа жиналған жандар жұмақтан үмітті. Тозақтағыларды кекетіп, табалап сөйлеп, жақтырмай қарайтыны содан. «Шаңырақ» шағын ауданындағы үйлері бұзылған көшені автор сол «ағырапқа» тенеген болар. Бірақ қазақтың көркем әдебиетіне ислам дүниетанымын тықпалауға өз басым қосыла алмаймын.

Мақсат МӘЛІК. «Абыл мен Қабыл». Роман. Шығарма атауына көз түскеннен-ақ айтылар ойды шамалай бастайсың. Кісі баласының алдынан кесе көлденең шығатын ақ пен қараның, жақсы мен жаманның, әділет пен әбілеттің айқасы бір адамның бойынан табылады. Сондықтан адам баласы өмірі таусылғанша өзімен-өзі алысып өтеді. Бүткіл өмірінің мазмұны осы арпалыстың нәтижесіне байлаулы.

Шығарманың негізі, автордың өзі жазғанындай, «адамзатты мезі еткен аңыздан...» алынса да, сол аңызды өзгертіп, басқашалау сипат берген. Адамзатты мезі ететін себебі Қабыл мен Абыл Библияда Каин мен Авель болып жүр. Құранда осы оқиғаға қатысты аяттар бар. Аталмыш аңыз Библиядан көшірілсе де, олардың аттары аталатын аяттарды аспаннан түсті дейтініміз қызық.

Аңызда Қабыл Ібілістің кеңесімен қатын үшін Абылды өлтіреді. Абыл болса, оның пиғылын біле тұра, ағасына қол көтермейді. Әділет жағында болады. Жазушы адам баласының сан мыңдаған жылдар бойы қалыптастырған осы пайымын өз қалауынша өзгертіп, дамытуға талпынады. Оның Қабылы мен Абылы бір-біріне жабысып тұған. Кейіпкер Қабыл Абылдан ота арқылы құтылғысы келеді. Олай істесе

өмірдің өзін көреміз. Автор осы шығармасы арқылы кісі баласының бұл өмірдегі басты мұраты сонына ұрпақ қалдыру дегенді меңзейді. Нақты дерекке құрылғандықтан, романда идеяның емес, деректің жетегіне кетушілік байқалады.

Пернебай ДҮЙСЕНБИН. «Өмір — иірім». Роман-мозайка. Автор шығарма жанрын роман-мозайка деп атапты. Неге олай атағанын кітапты оқып шыққанда аңғарғандай боласын. Бұнда қалыптасқан дәстүрлі романдағыдай белгілі бір оқиға, сол оқиғаға бастан-аяқ қатысатын белгілі бір кейіпкер жоқ. Мозайка десе дегендей, шағын-шағын әр алуан әңгімелерден тұрады. Уақыт жағынан алғанда қазақтың көшпелі кезеңінен басталып, бүгінге дейінгі түрлі өмірі суреттеледі. Әр әңгімеде әртүрлі кейіпкер, әртүрлі оқиға.

Бірақ бәрі де қазақтың басынан әр кезде өткен оқиғалар. Әңгімелер бір-біріне байланысы болмаса да, қазақтың тізбектелген өмірін танысың. Сөйтіп, қазақтың тұтас дәуірі көрініс береді.

Бірсыбек ДӘБЕЙ. «Көгілдір Дунай», «Шырақшы» атты қос әңгімесі махаббат тақырыбына арналған. Жазушы «Көгілдір Дунайда» сүйгеніне қосыла алмаған ғашық қыздың жан сырына, құсасына үңілуге тырысады. Сүйген жігіті өзінің аталас туысы. Оларға жеті атаға толмай қыз алыспау деген қазақтың қастерлі заңы бөгесін. Ақыры ағайынның өсегіне ілінген жігіт суға кетіп мерт болады. Қазақтың дүниетанымы бойынша жеті ата — жеті аруақ. Автор осы қастерлі ұғым мен көзсіз махаббат арасындағы арпалысқа бойлап барғысы келгендей.

«Шырақшы» әңгімесінде оқиға Қозыға қосыла алмаған Баянның суретін жиырма



Бақытжан АБЫЗОВ

Біз бүгін биылғы Әдеби жыл қорытындысында 2024 жыл ішінде поэзия жанры бойынша қандай жаңа кітаптар баспа жүзін көрді, жеткен жетістіктеріміздің де, кемшін кеткен тұстарымыздың да қай тарапта екенін зерделеу үшін ортақ ой қорытып, салмақтап, саралауға бас қосып отырмыз. Соған орай, ақындарымыздың толағай табыстары мен аламан шабыстарын ой таразысына тарту, алуан тақырыптарды жанрға сай жіктеу, олардың шеберлік шамасын дәл бағалау біз үшін де, әлбетте, ақ сөйлеп, ағынан жарылып айтарға керек мерейлі міндет болмақшы.

Әуелгі қолға алған кітабымыз көрнекті ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Болат Үсенбаевтың былтыр «Мезет» атауымен шыққан көлемді жыр жинағы болды. Бұл кезекті «Мезет» жыр кітабының кезінде өзі салған соны сүрлеу, жаңашылдық қалпынан бір танбағанын жинақты бастан-аяқ түгел оқып шығу барысында тағы да анық байқадық. Мәселен, «Уақыт құны» деп аталатын өлеңінде ол:

*Уақыт төрде малдас құрды,
Күнді күндер алмастырды... —*

деп ұлттық этнографиялық аңсар әлеміне жетелей жөнеледі. Былайша ойлап қарағанда, бұрын-соңды ешкім айтпаған ой, тосын теңеу сом алтындай жарқырап өлеңнің тұлабойына бедерлі де бейнелі болмыс болып тұтас бітіммен құйыла салғандай әсер береді.

Келесі жампоз жыр иесі, қазіргі таңдағы қазақ поэзиясындағы өзіндік қолтаңбасы, дара дауысы бар белгілі ақынымыз Абзал Бөкен болып отыр. Оның былтыр қалың оқырманға жол тартқан «Күміс кісе» комакты өлең кітабы ақынның ұлттық поэзиямызға салған тағы бір сыбағалы олжасы деп орынды түрде бағалаған болар едік. Біз бағзыдан білетін Абзал ақын қазір де үнемі өсу, өрлеу үстінде екен. Ақынның осы қалың жыр кітабы тұтасымен философиялық ой-толғамдарға, кейде қысқа қайырылатын притчаларға толы тамаша тың туындылар болып шығыпты. Мысалы, қарапайым оқырмандар үшін аты да, заты да мүлде тосын көрінбек «Тәбет-Табыт» атты өлеңін алып қарайық. Ашы мысқыл, улы сарказммен шегіне жеткізіліп, ширектіріле жазылған бұл үздік шығарма әдебиеттегі айшықтау, күшейту, көркемдеу тәсілдерінің бірі — гипербола арқылы мына төмендегідей ретпен айрықша құнды бола түскен:

*... Алмағайып ұнауыңыз,
Асатпасаң майын дөй.
Ақын емес
Мынауыңыз,
Аузын ашқан жайын ғой.
... Жалмай-жалмай құрақ көкті,
Жақындатып қабыққа;
Ақындығы құлап кетті
Асқазандай табытқа.*

Ал өзінің қашанғы терең білімдарлық дағдысымен, кез келгенге онайлықпен дес бере қоймас дегдарлық тіл қатысу қалыбында қалыптасқан алда тоқталар ақынымыздың өз әдеп-әуеніне сүйеніп айтар болсақ, яғни қазіргі қазақ поэзиясы маэстроларының бірі деп баға беруге әбден лайық Байбота Қошым-Ноғайдың кітабының ныспысы «Түн жамылып отырмын...» екен. Қалың жинақ «Аһ, дүние», «Ғашықтық, сірә, құна ма, жаным?!», «Баллада, хикая және дастандар» болып жіктелген үш бөлімнен құрылған. «Қас-қағым ғұмыр өлеңі» өмір жайлы жалқы шумақ рубаилардан бас құраса, «Ажал жайында ғазал-

дар» топтамасы алуан көңіл күй әуеніндегі философиялық жырлармен әдіптелген. Ал ақынымыздың осыған жалғас былтырғы жылы жарық көрген тағы да бір мазмұндас жинағы «Тәңірі таразысы» деп аталады... Өткен жылы сондай-ақ қалың оқырманға есімі етене таныс қазақтың тамаша ақыны Шаяхмет Алжамбаевтың «Тырнарлар қайтқанда» атты тағы бір жаңа жыр жинағы жарық көріпті. Жинақтың атының өзі-ақ айтып тұрғандай онда көңілге мұңлы сағыныш ұялататын күзгі аспанның әдемі көріністерін көз алдыңызға әкелетін тамылжыған табиғат суреттері мен алуан әсерлі

көкжиегінің арғы жағындағы өзгеше әлем құбылыстарын тап басып, жыр тілімен түйсінуге өзінше талпыныс жасайды.

«Өлеңнің өнегесі сол, ол адамдық сезімді ғана оятып қоймайды, оны адамзаттық асқақ сезімнің дәрежесіне дейін көтереді...» — деп кезінде атақты әдебиет сыншысы Сағат Әшімбаев айтқан болатын. Бұл аталған дәреже биігіне абыроймен көтеріле білген тамаша талантты ақын деп Әлібек Шегебайұлын айтқан болар едік. Оның «Көңілімнің көктемі» атты жаңа туындысы — ізгілік асыл мұраттарды, өмірдің диалектикалық даму заңдылықтарын классикалық форма мен мазмұн шеңберінде, өлеңдік құрылымның ырғақтылығы мен әуезділігін еркін ұйқастық мәнермен өрістеткен кең тынысты шығармалар жиынтығы. Мәселен, ол «Көктем әлі келген жоқ...» пейзаждық бейне-бедерге тұнып тұрған өлең-картинасында:

*Көктем әлі келген жоқ,
Шуламаңдар,
Шуламаңдар сендер де, шулы алаңдар.*

БҮГІНГІ ӨЛЕҢ ӨРІСІ:

көңіл күй лирикалары да молынан ұшырасады екен.

Мәмілелі мәнде, жарасымды бір ыңғайда үзеңгі қағыстырып, «ақырын жүріп, анық басып» келе жатқан ағалық жастағы ажарма ақындарымыз Қорғанбек Аманжол мен Толыбай Абылаевты атап өткен абзал. Бұлар — ұлан асу жол жүріп өткен қазақ өлеңінің ұзын сонар-ұзақ сапарын қазіргі жас ақындардың жыр керуеніне сәтті жалғастырған алғы буынның белді өкілдері. Қорғанбек ақын «Сырұйық» кітабында көбіне айтулы тұлғалар жайлы өміршең өлеңдер өрнектесе, Толыбай шайырдың «Балалық шақ балладалары» жинағындағы «Шатауат Атағұлла», «Ақ ешкі жетектеген агент», «Жақайдың тракторы» сынды тың туындыларында бейнеленген, кеңес заманының алыс қойнауында қалған кешегі өмір суреттерінің тұтас галереясы шұрайлы поэзия тілімен шебер жазылған прозалық повестей ой-санамызда ұмытылмас ностальгиялық әсер қалдырады.

Алдаспан мінезді белгілі ақын Ғалым Әріптің жанам деген жалын жүректерге маздаған алаулы от беріп, сергек сананы тіліп өтіп ширектіріле сілкіп алар отаншылдық рухындағы поэмалардан, балладалардан, топтама өлеңдерден тұратын, бүгінгі күннің ең өзекті тақырыбына арналған «РухСана» атты поэтикалық толымды туындысы осылайша, әлі күнге дейін орнықты тұғырына діттеп қона алмай келе жатқан толғауы тоқсан ардақты тіліміздің ашы ақиқатын ақ қағаздың бетіне алмас жыр арқылы ағынан ақтарыла жайып салады. Бұған қоса төл поэзиямыздағы ақиық ақынымыздың мұңлы жырымен мінездес, сарындас келетін өзінің өсем лирикасында «Бозқараған гүлдепті! Бозқараған! Сонау жерден жалт етіп көз қарыған...» деп тамылжыта жырлаған тұлғалы талант Нұрлан Қалқанын жаңа кітабы «Жанымның жалауы» деп аталыпты. «Бозқараған», «Махаббат па?», «Жанымның жалауы» сынды және өзгедей шуақты да қуатты өлеңдері дара көш бастаған бұл туынды соны серпінімен, ерекше екпінімен көңіл қуантады. Сол сияқты оқырманға бұрыннан танымал өлең өкілдері Қуат Қайнарбаевтың «Жүрегіме тіл бітсе» жинағындағы «Қапал», «Егінсу», «Іле», «Матай» өлеңдері жыр Құлагері — Ілияс Жансүгіровтің Жетісу өңірінің сұлу да көркем табиғаты жайлы бай фольклорлық үлгідегі айтулы туындыларымен іштей өзектес сияқты айрықша әсер беріп, көңілге жылылық ұялатса, Есей Жәнісұлының былтыр баспа жүзін көрген «Көкжиектің арғы жағы — әлем» толымды шығармасы өмір өрнектеріне арнала келе, адамның құпияға толы жан сырларын тереңінен ашуға, көңіл

*Ұнатпайды көктемнің келгендігін,
Қураған шөп, қуарып, қураған тал.*

*... Шұғыласын байлаған бұрымына,
Сендірмейді Күннің де нұры мына.
«Көктем келді» дегенін,
Бар болғаны,
Назымқоңыр — Наурыздың бірі ғана! —*

деп өзіне тән гротескілік метафорамен сюжеттік финалды сәтті аяқтайды. Бұл жерде оқырман нені аңдап байқар еді? Тағы да қайталап айтарымыз мына төмендегідей болмақ, біздер бұл екпінді жыр желісінен қаланың қарбалас тіршілігін, урбанизациялық өмір толқындарын, әлеуметтік қоғамның кескін-кейпін жете танып отырмыз. Қаламдас қауым, яғни біздер, өзара көбіне-көп, баспасөз беттерінде қала өмірін жырлау керек, оны реалистік шыннайы болмыспен жазу керек деп өзімізге ұдайы өтініш-үзір айтып, талап та қойып жататынымыз рас. Соған сай ақын осы тұрғыдан алып қарағанда, бұл үдеден де олжалы шыға білген.

Ал енді кейінгі кездері өзінің өсем сазды жырларымен республикалық мерзімді басылымдарда жиі көрініп жүрген ақын қыздарымыздың бірі жаны нәзік, тың туындылары оқырман үшін қашан да рухани азық саналатын Алтыншаш Жақиянованың «Көңіл назы» қалың поэзия жинағын атап айта кету мейлінше орынды болмақ. Оның ауыл, туған жер, адами бауырмалдық қадір-қасиеттер тақырыптарын жеріне жеткізе жырлап жүрген ыстық жүректі, ақеден көңілді авторлардың бірі екеніне кітапты саралай оқи отырып тәнті болдық. Өсем полотнодай келісті де көркем бедерленетін арнау жырларында үнемі ағынан жарылатын ақ пейілді ақын қыздың бұл жолғы «Пойызда», «Анам тіккен шыт көйлек», «Ескі үй», «Жалғыз жиде» сынды таңдаулы өлеңдерінің сан алуан оқиғалар мотиві психологиялық жан толқыныстарымен астасып жатыр, айтылатын ой желісі, оның өрбу барысы барынша нақтылы түрде эволюциялық даму бірізділігімен жүзеге асып отырады, ырғақ, бунақ сәйкестіктері мейлінше дәл реттілікпен сақталған, шашыраңқылық жүйеден ада. «Анам тіккен шыт көйлек» лирикасы түр мен мазмұн барынша құп жараса келе былайша төгіліп тұр:

*... Етегі, жеңі бүгілді,
Қадалып түйме тігілді.
Кие сап көрші-көршіден,
Байғазы сұрап жүгірдік.*

Біз мысалға келтіріп отырған осы әдемі жырдағы экспрессивтік-эмоционалдық көңіл күйінің кейпі шебер суретшінің

кылқаламынан туған жанды картинадай өткен балалық шақтың қайталанбас келбетін тура көз алдыңызға әкеліп, тамаша туынды етіп тарта қояды. Мұнда этностылық, ұлттық сипат, қайталанбас қазақи мәнердегі ішкі психологиялық өрекеттер нанымды көрініс тапқан. Алтыншашқа алдағы уақытта да осы бет алған сара бағытынан еш таймауды тілейміз.

Ендігі бір табиғаты тосын, поэзиялық ой өрімдері бүгінгі таңдағы жаһандану үрдістерімен етене өрілетін қазіргі ұлттық модернистік ағымның дарабоз өкілі Бекжан Әшірбаев десек, аса қателесе қоймаспыз. Ол — ұлттық салт-дәстүрді жақсы меңгерген, кешегі тарихын таразылап, трагедиясына терең бойлаған, осы кітабының кіріспесінде өзі де қайта-қайта ұғындырып өткен және ұдайы мазасыздана үн қатып келе жатқан ХХІ ғасырдың жаңашыл сөз иесі. Бұл айтып отырған орынды уәжіміздің бодауы ретінде оның «Жігерлендіру маршы», «Айлық пен шайлық арасы», «Әдеби Меккедегі пәтеракы», «Махамбет мандаты» сияқты

ауыздығымен алысқан аламан жырлары қай-қай мінберден болсын таңдаулы өлеңдер данқымен беделі бес батпан кәделікке жүрген болар еді деп те ойлаймыз.

Сонымен қатар өзінің «Қоңыр күз» кітабында Кенжеғали Серікбайұлы Қошым-Ноғай табиғат суреттерін, әлеуметтік қоғам көріністерін зерделі көзбен көре білсе, ал «Жұлдыздар сөйлеген түн» деп аталатын жыр жинағында Жанайым Ауған байқызы өмір сырларына терең бойлауға ұмтылған. Үкілі үмітпен ақын қыздың өлең өлкесіндегі біршама сәтті қадамдарына көңіл тоғайта қарасақ та, біз үшін әттеген-айы сол, ол қашан да қалғымайтын, қыр желкеден төніп тұратын жіті жауапкершілік парызы — әлбетте, шын ақынның айнымас серігі, Пегас атты поэзия пырағының қырағы күзетшісі болуға тиіс екенін бір сәтке естен екі елі шығарып алғандай өкінішті әсер қалдырып отыр. Әйтпесе «Жүрегімнің қысылғаны, Бұлтты аспанның күркірі, Кірпігімнің ұшындағы, Көз жасымды сілкіді», — деп тағдыр таланы өзгеше жасын жырларды төгілдіре жырлаған жаны нәзік лириктің: «Мен Ауғанбай Жанайым, Өмірдің көрдім талайын, Ақ танды күліп қарсы алып, Сүйемін күннің арайын» деген іспетті қарабайыр тақпақ дәрежесіне түсіп кеткен оқырман еш күтпеген, алдыңғы бөлімдердің жинақы топтамаларына қабыспай қиюы қашқан сәтсіз шумақты жыр кітабына ешбір талғаусыз енгізіп жібергенін қалайша түсінуге болар еді?

Ешбір жасыратыны жоқ, жасы бар, жасамысы бар қазіргі біршама жыр иелері өздерінің тынбай толғаған ұзын-сонар поэма-толғауларының кіріспесін есте жоқ ескі ғұн, сақ замандарының шырылап бастап, бүгінде сан қайтара жазыла-жазыла саусақ мүйізгек, қағаз ажам болған сан қилы дәуір дастандарының нүкте қояр қорытындысын Мәңгілік ел ордасы — қазіргі арайлы Астанамен ажарлап-көріктендіре, оның алаулап атар ақ таңының ал қызыл шапағымен шырайландыра хәм шабыттана аяқтап жатады. Мысалы, белгілі ақын Максұтқан Баркөл-Дәлейұлының «Хандықтың дәурені» тарихи роман-жыры — біртұтас көріністегі толымды да тынысты шығарма. «Тіршіліктің майданы». Жаңа кітабын киелі өлең өлкесінде әбден тәжірибесі толысқан, білім-білігінің көкжиегі кемеліне келген, нені болса да ағынан айтып, ақтарыла жырлайтын жырлау стилі өзгеше тегеурінді ақын Биғайша Медеу осылайша атапты. Оның басты бөлімдегі «Дерекнама» топтамаларында аруақтана атой салып тұратын сақ заманындағы қаһарман қыздардың асқақ рухын елдік пен

ерлік туы қылып жырласа, «Намыс алауын көтерген Отан» поэмасындағы Үз Темір Тайшы, Әбілқайыр, Керей, Жәнібек сынды кесек тұлғалар арасында алма-кезек өрбитін бір ізді, бір желілі монологтер талайлы тарихымыздан тамыр тартқан сан межелі мазмұнды баян етеді.

Бұл қатарға елге танымал ақын Мұхтар Қалиұлының да «Жүректегі жазулар» жинағындағы «Елге сапар», «Ескелді батыр, би еді...» атты көлемді поэмаларын орынды түрде жатқызуға болар еді. Оған қоса, «Түрікпенбай палуан» поэмасы мен «Дала философиясы» толғауымен дараланатын ақын Есен-Түгел Әзидің «Ақ ұшан», «Жүректің жанартаулары», «Қыс шілдесі», «Жайдақ шам» сияқты өрнекті өлеңдердің авторы Нұрлыбек Қалаудың «Тереңдегі

намыс, қалғым!» деп аталатын топтама жырлары көпшілік назарына ұсынылған. Ал бұған қоса «Жұлдыз» журналы да жаңа заманғы ұлттық поэзиямыздың есімі елге мәшһүр бірегей таланттары Есей Жәнісұлының «Қайда барасың, уақыт?» өлеңдер циклын, Даража Балапанның «Изафет» поэма-реквиемін, Бақтыбай Айнабековтің «Мұқағали мен Қабылиса» толғауын, Болат Үсенбаевтың «Күйдіреді өмір, сүйдіреді өмір...» топтама жырларын, Мырзан Кенжебайдың «Өттің дүние!» толғауын, Бақытжан Абызовтың «Қайда күндер жалындап жана-тұғын?!» өлеңдер циклын, Светқали Нұржанның «Пәруана — көбелек қой ақын жазған...» атты бір топ өлеңдерін, Жұмабай Құлиевтің «Беу, дүние, екенсің ғой осындай...» деп аталатын топ-

Ақсұңқар Ақынбаба, Бауыржан Жақып, Бекжан Әшірбаевтар бар.

Бір айта кетерлік ерекше жайт, «Мұқағали» журналының 2024 жылғы шілде-тамыз айларында шыққан кезекті санында «Кеудемде сығырайып сөнбес үміт!» атты жып-жинақы жыр топтамасы орайы келген осы бір сәтте көңіл қылын әсем әуендей нәзік шертіп, көзімізге алабөтен жылыұшырай көрініп қалып еді. Әдеттегі ынтызарлықпен жақын үңіле оқып қарасақ, топтаманың ешкімге ұқсамайтын өзгеше ішкі нәзік иірімдері, өрнекті өлеңнің сан түрлі бедер-бояулары қайнаған өмір кейпіне еніп, жанды қозғалыс арқылы бізді әп-сәтте өзіне еріксіз тартып әкетіп барады. Ал авторы дүбірлі топтың ішінде бойын жасырып ұстайтын бұйығы хас тұлпардай көрінген Сұлтанбек Құдайберген ақын өзгелерге ұқсамайтын ұлтымыздың мәйекті тілін шебер меңгерген, жергілікті тіл диалектілерін ұтымды қолдана білетін, сонысымен де қонырқай ауыл тынысын ақ қағазға бейнелі мүсін етіп ептілікпен қондыра қоятын дара талант екенін «Күз», «Гүл сыйлама қыстыгүн...», «Түн», «Ыстық дүние», «Сыр бойында», «Қадір түні» атты жырларымен бізді осылайша, еріксіз бас изетіп, мойындатып та қойғандай болып еді. Мәселен, «Сыр бойында» өлеңінде ол бізге жалаңаяқ балақ түрген, жаға бойлап

мәдени оқиғасы қатарынан ойып тұрып орын алды. «Ғайып-Нама» атты толымды туындылар шоғыры — автордың көп жылғы тынымсыз әдеби еңбегінің нақты қорытындысы саналатын қызығы мен қиындығы мол шығармашылық жолдың шоқтықтык белестерінің бірі деуге болады. Оның өміршен, парасатты жыр көші — кеше мен бүгіннің өзара тығыз байланысты біртұтас бітім-болмысын, дәстүр сабақ тастығын айшықтайтын сара жол, дара құбылыс ретіндегі өзіндік әлем.

Сондай-ақ бұл аталған мезгіл мезетінде көрнекті ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жастар одағы және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлықтарының иегері, дарабоз талант Қасымхан Бегмановтың 15 томдық толымды шығармалар жинағының үлкен көлемдегі таныстырылым салтанатының есте қаларлықтай мазмұнды іс-шарасы жыр-сүйер қалың көпшіліктің көзайымына айналған ерекше дүбірлі оқиға болғанын атап айту ләзім. Қасымхан ақынның көптомдық шығармалар жинағының алғашқы томына «Жалын» баспасынан шыққан «Бесіктен бейітке дейін» (1997), «Өлке» баспасынан жарық көрген «Сағыныш» (2000), «Ол көктем оралмайды» (2006), «Атамұра» баспасы басып шығарған «Менің Түркістаным» (2008), «Ұшпақ» баспасынан жарық көрген екітомдық таңдамалысы (2008), «Қайнар» баспасынан оқырманға жол тартқан «Ақ жанбырлар әуені» (2010), «Дәстүр» баспасынан жарық көрген «Жапырақ жауған қоңыр күз» (2011) атты жыр жинақтарына шыққан көптеген өлеңдері мен кейбір толғаулары енген екен.

Ақынның осы шығармалар жинағының екінші томына «Күрәнбел» («Дәстүр», 2014), «Көкжиек» («Дәстүр», 2020), «Соны соқпақ, қоңыр мұң» («Атамұра», 2023), «Құлианиек, құба таң» («Мереке баспасы», 2023) атты жыр жинақтарында көрініс тапқан өлеңдері топтастырылыпты. Осы көп жылғы шығармашылық белестеріне биік баға беріліп, аттары аталып өткен ұлттық поэзиямыздың қос мақтанышына алдағы уақытта да тың табыстар, жаңа жетістіктер тілемекпіз.

Сәтін салып тұрғанда баршамыз үшін де осы жоғарыда мазмұндалғандарға нақты орайлас келіп қалған және көптен көкейімізде жүрген мынадай айдай ақиқатты айрықша атап айта кеткен жөн деп білеміз. Әлемдік кеңістікке шырқап кеткен ғажайып өлеңдеріне өзі сияқты сырбаз да әсем әшекейлі сәндік стильді, шабыты келген шақтарда верлибр үлгісін де жаңашылдықпен алтын арқау еткен және оны өмір бойы сиқыр сөздің қадірлі киесіндей берік ұстанып өткен, сондай-ақ «Өлең құр жазылмауы тиіс, өлең ұшырасуы тиіс» («Стихи не пишутся — случаются...») деп қайта-қайта шегелейтін тегеурінді тәмсілдің авторы, өткен сексенінші жылдарда абыройы жер-жаһанға асқақтап, атак-данқы жер жарған Олжас Сүлейменов досы арқылы өзіміздің Махамбет бабамыздың талайлы тағдырымен, адуынды «азиялық жырларымен» етене таныс болған (осылайша, «Читая Махамбета» атты таңдаулы өлеңдер циклын жазған. — Б. А.) өткен күнгі Ресейдің айбынды да асқақ ақыны Андрей Вознесенскийдің қай заманда да аса мәртебелі өнер биігі саналатын беззат поэзияға қояр биік талап-тілегін былайша, нағыз ақын ақ қанат періштедей қасиетті өлеңді зеңгір көкке қарап және қиялдана қолмен қармап аспаннан алмаған, керісінше, өлеңді хор қызындай аялап, жыр сапарында сәтті ұшырастырған деп түсіну қажет. Бұл — біздің қазіргі қазақ поэзиясына да қатысты бұлжымас бағыт-бағдар болуға тиісті айқын анықтама десек те болғандай. Жалпы, алып қарағанда, өнері озық өзге де көп жұрттармен бірге өсіп-өркендеп, алдыңғы лектегі қатарға келіп қосылуы бүгінгі күннің ең басты талабы болмақшы.



КЕМЕЛІ мен КЕМІСІ

толқындар», «Ай туған сәт», «Қарғалдақ», «Қайыңға жазылған жыр» сияқты шырайлы шығармалары топтастырылған он бойы азаматтық әуенге толы, жасампаз заманның жаңа лебі есіп тұрған қаламы жүрдек қаламгер Жангелді Немеребайдың «Арман аялдамасы», «Күз. Сіз. Мұң.», «Жүрек түбіндегі жалғыздық» деп аталатын жұлдызды жырлардың авторы Жұлдыз Қожабекованың «Ақын мен ақыл», «Бесқонак. Мұң. Ана», «Жапырақтар дірілдеп тоңды бүгін» элегиялық лирикаларының иесі Фарида Сарышеваның «Сырғамды қайық қылып» жинақтарын бүгінгі ойлы оқырманға арналған сүбелі дүниелер деп баға берген абзал. Сонымен қатар Берлібек Аманбаев дейтін асқақ автордың «Қазаққа дарыған қасиет» жинағында халқымыздың ұлттық салт-дәстүрі, имандылық асыл қасиеттері шынайы дәріптелген. Ал ақжарма шайыр Қайрат Бестібайдың «Ғасырға сыр» поэзия туындысында қазақы мінез ашықтығына риясыз түрде тәнті боласыз.

Енді, жоғарыда аттары аталып өткен ақындардың тиісті кезеңде түрлі баспа-лардан жарық көрген кітаптарын зерделеп, ой таразысынан өткізе келе, кейінгі уақытта сан арналы ұлттық поэзиямызға кең тыныс, жаңаша леп әкелген бірқатар танымал авторлардың да орталық газет пен журналдар бетінде жарияланған толымды туындыларына арнайы тоқтала кетпекпіз. Атап айтар болсақ, «Қазақ әдебиеті» газетінде мына төмендегідей қазыналы қазақ жырының белді өкілдері: Күләш Ахметованың «Азаттық — жүрегіміздің асыл әні»; Әбубәкір Смайыловтың «Үміт, бізді өлтірмей келіп-кетіп тұрсаңшы»; Ақылбек Шаяхметтің «Үміт қой жетелейтін адамды алға»; Олжас Керейханның «Келер шақтан үміт күттім күнде мың...»; Батық Мәжитұлының «Қорғаны бол қазақтың!»; Сайлау Байбосынның «Өмірге деген өкпемді өлеңге барып айтамын»; Ғалым Жайлыбайдың «Қобызым зарлап кетсе зарлы інгендей...»; Ханбибі Есенқарақызының «Ала алмайды алтыныңның буы да, әлдеқашан бұға айналып кеткенмін»; Баян Бекетованың «Аққулар мамырлайды су үстінде»; Темірхан Медетбектің «Кешегі күндер жырлары»; Сабыр Адайдың «Уыз ана — ұлттың тілі — ақ бөкен»; Ерлан Жүністің «Ержетті, далам, ұлдарың»; Темірғали Көпбайдың «Ей, ұлы

тама жырларын және өзге де авторлардың туындыларын талғамы зор қалың оқырман қауымға тарту еткен.

Ал 2024 жылы «Жалын» республикалық әдеби-көркем журналында жарық көрген мына қаламгерлердің, атап айтар болсақ, жақсы адамдар, сезім, бақыт жайлы толғанатын Нағашыбек Қабылбектің «Туған жер саған алаңмын» толғауы, тарих тағлымын, сөз киесін, сезім сырын арқау еткен кең тынысты, жан-жақты ақын Даража Балапанның «Бір үзік сыр» көлемді жыр дүниесі, өмір жырлары мен дүние сырларының беззат жыршысы Бекжан Әшірбаевтың «Сүйеді екен гүлзарларды Күндей кім?!» өлеңдер топтамасы, Ахмет Сүлейменовтің «Жарқын дүние жанарымда ойнайсын...» атты қазақы мәнгердегі қарапайым жырлар циклы, Жұмаш Кенебай-Көкбөрінің тарихи трагедиялық фрагмент желісін тотемдік кейіпкердің ішкі толғанысымен астастыра жырлаған «Хан Кене» дастаны, әрдайым өзінің өршіл өлеңдерімен ерекшеленетін айбоз ақын Аманғазы Кәріпжанәулетінің «Пәниді әлі қозғап тұр Алашорда!..» сынды асқақ патетикалық рухтағы толғауы, болашағынан үлкен үміт күттіретін шайыр Нұрғали Сердалиевтің әлеуметтік өмір шындығымен суарылған «Үміт сәуле жыл етші...» туындысы, ақын, драматург әрі сыншы Ардақ Нұрғазының «Түннен суырып алған түсім...» деп аталатын жаһандық жан толғанысына толы монологтері осы аталған есепті кезең ішіндегі ұлттық поэзиямыздың көкжиегін кеңейтіп, жаңа белестерге көтерген, туған әдебиетіміздің сан қырлы шығармашылық әлеуетінің одан әрі кемел өрістей түсуіне соны серпін берген, жыл құсындай жаңалық әкелген айрықша қуанышты оқиғаға айналып отыр.

Сонымен қатар соңғы жылдары әдебиет айдынында алға ілгерілеуші ілкімді ізденістерге толы жаңаша бағыт-бағдарымен желкенін керіп, өзінің бай өлең қоржынын қабырғалы қаламгерлермен қатар қауырсын қалам иелерінің де балауса шығармаларымен толықтырып отырған беделді басылым «Таң-Шолпан» әдеби-көркем көпшілік журналы «Поэзия», «Жаңа есім» «Үкілі үміт» айдарларымен 23 ақынның топтама өлеңдерін жариялаған екен. Оның ішінде, баршаға белгілі айтулы ақындардан Тыныштықбек Әбдікәкімұлы, Ғалым Әріп,

жүргізген бала кезімізден жақсы таныс ақжал толқынды Сырдарияның сұлу келбетін:

*Дарияның қом суын жырлып алып,
Егістікке тартады бұрып арық... —*

деп басталатын фольклорлық үлгідегі штрихты сәтті пайдалана біліп, әрі қарай былайша жалғап әкетеді де:

*Құйқалы өріс әзелден бағы серік,
Есенғали жырғынан таныс едік.*

*Гүл атады жағада топ тораңғыл,
Сыр-ананың ақ сүтін жарыса еміп... —*

дей келе ол өлең өрнегін одан әрі келісті ете түседі. Әрі-беріден соң бұл шағын лирикалық топтаманы қандай да бір кітапқа бергісіз салмақты дүние деп бағаласа болар еді, осы себепті де біз Сұлтанбек Құдайбергенді бір сәттік сиқыр шабытты қалам ұшына қондырып жауһар жырға айналдыра білген олжалы ақын ретінде ерекше атап өтпекпіз...

*... Планета боп Есенин айналып жүр,
Есенғали ауылда қой бағып жүр... —*

деп бүгінгі күнге қарата ашына жырлаған еді әрі-беріден соң сол кездегі жігері жасындай жас ақын, күні кеше ғана өзінің өлең өлкесінен мәңгілік мекеніне мезгілсіз көшіп кеткен поэзия мэтрі Есенғали Раушанов.

Мэтр Раушанов кейде көңілі күйрей басылып, кейде мейірлене ашылып өзінен кейінгілерге: «Поэзия» — ертеректе жазылған өлең. Кітаптарыма еңбей қалып жүрді. Жоғалып кетті, кейін қайта тауып алдым. Басқа себебі жоқ. Жоғалтқаны көп адаммын ғой мен. Басқасын қайдам, өлеңге адал болдым...» — деп әділ ақиқатын айтып, ағынан жарылады. Біздің (яғни Б. А.) бүгінгі пайым: осы айтылған дәл әрі айқын аксиомадай көрінетін адалдық кредосы қазіргі үлкенді-кішілі ұлттық поэзия өкілдерінің айнымас ой серігіне, бағдар тұтар берік темірқазығына айналуға тиіс.

Әрбір жылдың өз жүгі басқа болатыны сияқты 2024 жылдың қазақ ұлттық поэзиясы үшін де айта қаларлықтай табысты кезеңге айналғанын атап көрсету әділетті парыз деп білеміз. Қазақтың айтулы ақыны, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Иран-Ғайыптың «Ғайып-Нама» атты төрт томдық шығармалар жинағының басылып шығуы осы жыл бедерінде болып өткен рухани өміріміздің айта қаларлықтай



Гүлжан ОРДА

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор

Әдеби сын — әдебиеттің ілгері дамуының негізгі көзі. Көпшілік оқырманның қазіргі әдеби сына көңілі толмайтыны белгілі. Алайда қазіргі әдеби сынды әдеби хабар, аннотация, рецензия, мақала, шығармашылық портрет, әдеби шолу, эссе тәрізді жанрлар бойынша сөз ететін болсақ, мерзімді басылым беттерінде аталған жанрлардың жиі жарияланатынын байқауға болады. Республикалық басылымдардан «Жұлдыз» журналы мен «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» газеттерінде қазіргі әдеби процесс туралы мақалалар, сұхбаттар, жаңа кітаптар туралы рецензиялар тұрақты түрде жарияланып тұрады. Сонымен бірге 50 жастан бастап, әр онжылдықтағы қаламгерлердің мерейтойлары қарсаңында шығармашылық портреттер, естелік-эсселер, бір туынды туралы мақалалар жарық көріп келеді. 2024 жылы Ж.Аймауытов, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, Б.Майлин, Ә.Нұрпейісов, Б.Сокпақбаев, С.Мыңжасарова, Ш.Смаханұлы, Ш.Елеуенов, Л.Әуезова, С.Жүнісов, А.Мекебаев, Қ.Ілиясов, С.Мақырұлы, Т.Тебегенов, Ф.Оразбаева, М.Токтағазин, С.Қосан, Ш.Шортанбаев және басқа қаламгерлердің мерейтойларына орай, түрлі деңгейдегі мақалалар жарық көріп, Жазушылар одағында, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен жоғары оқу орындарында халықаралық, республикалық конференциялар өтті.

2024 жылы отандық қаламгерлерге мемлекет тарапынан қолдау көрсету және ынталандыру мақсатында Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастыратын ұлттық әдеби «Айбоз» сыйлығына «Үздік әдеби сын» номинациясы бойынша келіп түскен 13 өтінімнің ішінен Жүсіпбек Қорғасбектің «Сайтанның ойыны» әдеби эссесі марапатталды. Сыншы Т.Нұрмағамбетовтің «Періштелердің өлімі», Т.Әсемқұловтың «Талтүс», Мұхтар Мағауиннің «Көк мұнар», «Жармақ», Д.Исабековтің «Қарғын», Төлен Әбдіковтің «Парасат майданы», С.Жұбатырұлының «Абыржы» романдары мен жас жазушылардың «Дауыс» атты прозалық жинағын талдай отырып, қазіргі ұлттық әдебиеттің көркемдік жетістігін саралайды.

2024 жылы жарық көрген бірсыпыра әдеби сын мақалалар жинақтары мен зерттеу еңбектер қолымызға тиді. Олардың біреуіне әр жылдары жазылған сын мақалалар мен естелік эсселер топтастырылса, енді бір парасы — ұлттық әдебиеттің жекелеген мәселелерін жан-жақты зерттеген монографиялар. Қолға түскен кітаптарды іштей жүйелейтін болсақ, бірінші — зерттеулер, екінші — оқулықтар, үшінші — портреттер, мақалалар, эсселер жинағы.

«Атамұра» баспасынан шыққан Ж.Дәдебаевтың «Абай антропологиясы», Қ.Әбдезұлының «Алаш перзенті» жинақтарында әдебиеттің түрлі мәселелері қарастырылды. Ж.Дәдебаев 2024 жылы абайтануға сүбелі үлес қосты. Жоғары оқу орнында білім алатын білімгерлерге арнап жазылған «Абай ілімі» оқу құралы мен «Абай антропологиясы» монографиясы — абайтануға қосылған тың зерттеулер. Олай дейтініміз, зерттеуде Абай антропологиясы, дәлірек айтсақ, Абай шығармашылығындағы адам болмысын танудың көркемдік, әлеуметтік-этикалық, эстетикалық, философиялық- танымдық мәселелері қарастырылып, негізгі модельдері жасалған. Абайтанудағы жаңаша көзқарасты қалыптастырудағы ізденістер мағыналық-құрылымдық, категориялық,

логикалық модельдерден анық байқалады. Абай ілімінің іргелі ұстанымдары ақынның әрбір өлеңіндегі жекелеген сөздердің астарына үнілу арқылы айшықталған.

Осындай зерттеулердің қатарын әдеби сындың тарихынан үлкен орын алған белгілі сыншылар Төлеген Токбергенов пен Сайлаубек Жұмабекұлының әдеби портреті толықтырады. Кітапты тұтастай алып қарағанда, қазақ әдебиетіндегі дәстүр сабақтастығын байқауға болады.

Д.Ысқақұлының «Сөз — әлем әміршісі немесе рухани күш-қуаттың қайнар көзі» еңбегінде адамзат баласының даму барысындағы сөздің атқарар рөліне көңіл аударған. Ғалым сөз бен ой үйлесімі туралы пікірлерін Бабыл, Інжіл, Құран тәрізді қасиетті кітаптардан бастап, күні бүгінге дейін

ҚАЗІРГІ ӘДЕБИ СЫН мен ӘДЕБИЕТТАНУ

жазылған ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып тұжырымдаған. Ш.Құдайбердіұлы, М.Ж.Көпееұлы, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы, Н.Уәли, А.Сейдімбек, С.Негимов, Ф.Оразбаева, Д.Амантай және басқа көптеген қазақ оқымыстыларымен бірге шетел ғалымдарының зерттеу еңбектеріндегі дыбыс, сөз, сөйлем, ойдың түрлі қызметтері туралы пікірлеріне сүйеніп отыруымен автордың ғылым мәдениетін қатаң сақтауы байқалады.

2024 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қазақстан Жазушылар одағы бірлесіп үш жобаны жүзеге асырды. «Қазақстан жазушыларының ТМД елдері архивтеріндегі зерттеу жұмыстары» жобасы бойынша қаламгерлер бірнеше елдің мұрағаттарында қазақ қаламгерлері туралы тың деректер жинап, ғылыми-танымдық еңбектер жазды. Солардың ішінен әдебиеттанушы ғалым Қ.Мәдібаеваның «Қазақстан әдебиеті бойынша Армения архивтеріндегі зерттеулер» атты ғылыми-танымдық очеркі қолымызға тиді.

Армения ғалымдарының қазақ әдебиеті мен өнері бойынша жазылған ғылыми-танымдық эссе, очерк, архив құжаттары жиналып оқырманға ұсынылды. Бұл 2006 жылы ғалымдардың «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында алып келген мұрағат деректерінен кейінгі ізденіс еді. Еңбекте Орталық Азия мен Қазақстан тарихына қатысты 40 еңбек туралы мәлімет келтірілген.

Бұл қатар Қазақстанның Армениядағы Елшілігінің аясында және Ереван мемлекеттік университеті мен «БЗЕЗ» баспаханасының қолдауымен Абайдың 175 жылдығы қарсаңында профессор Александр Сафарян аудармасымен шыққан ақынның қарасөздері, М.Әуезовтің «Абай жолы» романының өңделіп қайта аударылған нұсқасы және «Қазақ халық ертегілері», «Қазақ поэзиясының антологиясы» тәрізді қазақ ақындарының армян тіліндегі шығармаларымен, ағылшын тіліндегі Ш.Хачатурянның «Мұхтар Әуезов және 1920–1940 жылдардағы қазақ драматургиясы» мақаласымен толықты. Осылайша, жоба аясында Арменияда қазақ қаламгерлеріне қатысты сақталған фото-құжат, фильмдер хроникасы, армян тілінде басылған кітаптардың каталогі, қыпшақтілді ескерткіштер бойынша зерттеулер, Л.Мирзоян Ісінің көшірмесі елге жеткізіліп, 273–342 беттерде олардың көшірмелері ұсынылды.

Қ.Мәдібаева, Қ.Мұхамидидің зерттеулер мен сын мақалалардан құрастырылған «Ой орамы» оқу құралы үш бөлімнен тұрады. «Мәдени мұра: зерттеу және оқыту» деп аталатын бірінші бөлімде мәдени мұраның зерттелуі мен оқытылуы Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк», Абай Құнанбайұлының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты басып шығарған көптомдық толық академиялық шығармалар жинағы, зар заман ақыны Шортанбай Қанайұлы шығармаларының, Ілияс Жансүгірұлы мұрасының зерттелуі,

М.Әуезовтің абайтануға қосқан еңбектері, С.Мұқановтың мұхтартану саласындағы еңбегі, Т.И.Врагимова «Жер әңгімесі» жинағы, Т.Көкішұлының әдебиеттанудағы ғылыми мектебі, С.Қирабаевтың Н.Оразалин поэзиясы туралы мақаласы, С.Садырбайұлының жамбылтану саласындағы еңбектері, А.Қырабаеваның ежелгі дәуір әдебиеті мен Тараз өлкесіндегі дала аңыздары туралы зерттеулері, Ж.Дәдебаевтың ежелгі мұраларға жаңаша көзқараспен жазылған зерттеулері, Қ.Әбдезұлының тәкентануға қосқан үлесі, З.Бисенғалидың Қ.Жұмалиев зерттеулері туралы, Ш.Құдайбердіұлының «Әділмен мария» романы жөніндегі мақаласы, Р.Әбдіғұлованың Б.Майтанов туралы портрет-эссесі, Г.Пірәлінің мұхтартануға қосқан зерттеулері, С.Қалқабаеваның Ә.Нұршайықов туралы, Г.Сәулембектің постмодернизм туралы зерттеулері аясында қарастырылған.

Ә.Тарақовтың «Адамзаттың ақыны — ақиқаты» монографиясының бірінші «Өміршең өлең өнегесі» тарауында ақын Мұқағали Мақатаевтың лирикалары, «Ай-

Қ.Мұхамидидің зерттеулер мен сын мақалалардан құрастырылған «Ой орамы» оқу құралдарын атауға болады.

Үшінші топтағы еңбектердің қатарында саналы ғұмырын әдебиет пен сөз өнеріне арнап келе жатқан, ұзақ жылдар қара шаңырақтың басшысы болып, ұлт руханиятына қыруар еңбек сіңірген Н.Оразалин ағамыздың Қазақстан Жазушылар одағының 90 жылдығына арнап шығарған «Биіктік», «Кеңістік» атты мақалалар, эсселер, толғаныстар жинақтарын атауға болады.

Қазақ поэзиясынан өз еншісін алған ақын Б.Құрманқұловтың әдеби сынға да қосары бар екенін Ертай Ашықбаевтың «Танылу мен табылу» атты алғы сөзімен жарық көрген «Таразы» еңбегінен көруге болады. «Сынып түскен бір бұтақ...» мақаласында «Бір ел — бір кітап» акциясы аясында Б.Сокпақбаевтың «Менің атым Қожа», «Өлгендер қайтып келмейді», «Балалық шаққа саяхат», «Қайдасың, Гауһар?» шығармаларын тұтастай қайта оқып, бүгінгі күн тұрғысынан баға беріп, «тау тұлғалы тарлан қаламгердің рухына» жыр дұғасын



хай, далам, сусындат дастаныңнан!» деген екінші тарауында дастандары әлемдік әдебиет деңгейінде талданып, ақын жырлары өмір, поэзия, туған жер, достық, Жаратушы Алла, шопандар тіршілігі, тыл өмірі сияқты бірнеше тақырыпқа топталып зерттеу нысанына алынған.

Қ.Адырбекұлының «Қазахское дело»: Бейбіт Қойшыбаев» атты публицистикалық зерттеуінде 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінде сынға түскен қазақ азаматтарының ішінде тарихшы-жазушы Бейбіт Қойшыбаевтың есімі академик Салық Зиманов, жазушы Сейдахмет Бердіқұлов, ақын Жұбан Молдағалиевтермен қатар аталып, «халықтық сыннан» ар-намысын ту етіп сүрінбей өткені, «ұлтшылдар» деп жала жабылған жастарды қорғаудағы ерлігі «Қазахское дело» құжаттары негізінде баяндалған.

Ж.Шөкәнулының 12 тараудан тұратын «Шынғыс ханның қарызы» — Шынғыс хан туралы М.Мағауиннің төрт кітаптан тұратын еңбегінің қатарын толықтыратын зерттеу. Зерттеудің негізгі жетістігі — түркілік тектен бастап, Шынғыс ханның Абылай ханға дейінгі аралықтағы қазақ ру-тайпалары туралы жазылған М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк», Рашид ад-диннің «Жамиғ ат-тауарих», Әбілғазы «Түрік шежіресі», «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері», «Жүңго қазақ төрелер шежіресі», Л.Гумилев «Көне түріктер», Қ.Халид «Тауарих Хамса» және басқа қазақ, орыс, қытай тілдерінде жазылған көптеген еңбектерді басшылыққа алуы. Келесі жетістік — Шынғыс ханның төрт ұлы Жошы, Шағатай, Үгедей, Төледен тарайтын ұрпақтың XX ғасырдың алғашы ширегіне дейінгі шежіресінің Қазақстан, Қытай, Моңғолияда өмір сүріп жатқан ұрпақтары туралы деректер негізінде таратылуы. Жоңғарларға қарсы Абылай қосынының айбатты батыры Жәнібек ұстаған ақ тудың екі ғасыр сақталуы елдіктің нышаны ретінде көрініс тапқан.

Екінші топтағы оқулықтар қатарында Ж.Дәдебаевтың «Абай ілімі», Қ.Мәдібаева,

бағыштайды. Осының өзінен елімізде аталып жатқан мерейтойлардың әр қаламгерге үлкен ой салатынын бағамдауға болады.

«Тұнық талғамның үлгісі» қазақ әдебиетінің классигі Қуандық Шаңғытбаевтың өмірі мен шығармашылығынан сыр шертеді. М.Әуезовтің алғы сөзімен шыққан алғашқы «Ар» (1945) жинағы қатал сынға ұшырап, ширек ғасырдан соң «Аққу өні» (1968), отыз жылдай уақыттан соң шыққан «Арма, Республика!» (1974) атты жинақтарындағы шығармаларға талдау жасауы 100 жылдыққа дайындықты байқатады.

«Тәржіма жүгі» — Е.Ашықбаевтың мемлекеттік тапсырыспен 13 армян ақынының шығармаларын аударған еңбегі туралы мақала. Әдеби байланысты арттыруда өзге ұлт шығармаларын қазақ тіліне тәржімалау мемлекет тарапынан жүзеге асып келеді.

Тұтастай таланда, аға буын өкілдерінен Б.Сокпақбаев пен Қ.Шаңғытбаевтың шығармашылығы, орта буын өкілдерінен Е.Ашықбаевтың армянның белгілі 13 ақыны өлеңдерінің аудармасы, Б.Жақыптың «Білте шамның жарығы» жыр жинағы («Ақынның жаңа қолтаңбасы»), Бижан Қалмағамбетовтің поэзиясы («Би-жанның биігі»), Б.Омаровтың «Шеге құм» эсселер мен портреттер жинағы («Шеге құм» шетінемесін) тәрізді түрлі жанрда жазылған ақын, жазушы, журналистердің шығармалары мен көркем аудармаларына әдеби талдау жасай отырып, олардың өмірі мен шығармашылық портреттері жасалған.

Аталған еңбектерден әдебиетті насихаттау мен зерттеуге әдебиеттанушы ғалымдармен бірге ақын, жазушылар да өз үлесін қосып жүргенін көруге болады. Бұл қатарға жыл сайын М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарып жатқан ұжымдық монографияларды қосуға болады. Осы еңбектерден әдебиетті насихаттау мен зерттеуге әдебиеттанушы ғалымдармен бірге ақын, жазушылар да өз үлесін қосып жүргенін көруге болады. Бір ұсынысымыз — Жазушылар одағы сыншылар мен әдебиеттанушы ғалымдардың тың зерттеулерін мемлекеттік тапсырыспен шығарса екен.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРЫСТІЛДІ ӘДЕБИЕТТІҢ ХАЛ-АХУАЛЫ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР ТУРАЛЫ

2024 жыл орыс тілінде жазатын қазақстандық қаламгерлер үшін жалпы алғанда сәтті жыл болды деуге болады. Бірқатар жазушылар мен ақындар кітаптарын шығарып, беделді әдеби журналдарда жарияланды. Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы Орыс әдебиеті және әдеби байланыстар кеңесі мүшелерінің қатысуымен республика жұртшылығы мен қаламгерлердің есінде қалған бірқатар іс-шаралар өткізілді. Соған қарамастан, біздің үстелімізде жарық көрмеген романдар мен поэмалар, қолжазбалар азия қойған жоқ. Олардың кейбірі қоғамдық-саяси және эстетикалық тұрғыдан маңызды болса да, әртүрлі себептерге байланысты әлі күнге дейін жарық көрмей отыр.

Өткен жылдың ең есте қаларлық оқиғаларының бірі – ЮНЕСКО қамқорлығымен Халықаралық мәдениеттер жақындасу орталығы мен ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бірлесіп ұйымдастырған конференциясы болғанын бірден атап өткіміз келеді. Бұл іс-шараға біздің кеңес мүшелері тікелей ат салысты. Сонымен қатар біз «Оқуға құштар ұлттың қайта жаңғыруы» деп аталған VI халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мен Халықаралық Қазақ ПЕН-клубы ұйымдастырған Әбдіжәмил Нұрпейісовтің 100 жылдық мерейтойына белсенді қатыстық.

Еліміздегі жалғыз орыс тілді әдеби журнал – «Простор» жайлы да атап өткен жөн. Ол әдеби үдерістің нақты іс жүзіндегі базасына айналды. Журнал редакциясы шығармашылық және баспа сапасын айтарлықтай деңгейге көтере алды. Ендігі мақсат – осы жеткен биігімізді сақтап қалып, өз ұстанымымызды күшейту әрі аралымды екі есе арттыру. Өткен жылы «Простор» өз даңғыл жолына түсіп, бүгінгі таңда орыстілді әдебиеттің орталығына айналып отыр. Әсіресе бұл жас және жаңадан танылып келе жатқан авторлар үшін.

Алайда қазіргі таңда Қазақстанға жалғыз «Простор» аздық етеді. Тағы бір журнал қажет. Нақтырақ айтқанда, қазақ әдебиетін орыс тіліне аударып, жариялайтын журнал қажет. Бұл маған Талап Қабденовтің «Өмір – өзен» атты кітабын орыс тіліне аударып болғаннан кейін келген ой. Бұл туындыда Нарынқұм секілді қазақтың алыс ауылдары жайлы, Теректі ауылының ядролық полигонға байланысты күштеп көшірілуі туралы аса қызықты тараулар бар. Бұл тарихи деректерді қазақстандықтар қайдан, қалай оқиды? Мәселе осында. Қазақ тілін білмейтін оқырмандардың қолы жете бермейтін бұдан өзге де туындылар бар.

Меніңше, мұндай шығармаларда ұлттық сана, тарихи оқиғалар мен тұрмыс көріністері бейнеленгендіктен, олар көпұлтты халқымызға қолжетімді болуға тиіс деп ойлаймын. «Просторға» бәсекелес керектігі жайлы тағы да қайталағым келеді. Жай ғана жымиып, «Қаржыны қайдан табамыз?» деп айтқалы отырғандарыңызды да болжап отырмын. Ашығын айтайық: 2024 жылдың есебіне ұсынылған жаңа кітаптарды қарап шығып, олардың жартысы авторлардың жеке қаражаты арқылы жарық көргеніне көзім жетті. Ендеше, неге дәл осындай негізде, яғни заңды түрде, үлкен таралыммен жарық көріп, кітапханалар қорын толықтыратын журнал шығармасқа? Өз шығармасын жариялағысы келетіндер осы іске үлес қоса алар еді ғой.

Ендігі сөз – осы журналда жарық көрген мазмұнды жарияланымдар жайлы.

№8 санда көркем әдеби миниатюра жанрында жазатын автор ретінде танымал Үміт Тәжкеннің бірқатар туындысы жарияланды. Үміт Тәжкеннің қалам тартып жүрген жанры, шын мәнінде, онай жанр емес, ол жазушыдан мол тәжірибені, байқампаздық пен қырағылдықты, ең бастысы, өмір көріністерін жинақтап, жинақтап беру шеберлігін талап етеді.

№6–7 сандарда Фархат Тамендаровтың «Қанды иттер» атты шытырман оқиғалы романы жарық көрді. Бұл шығарма фантастикалық элементтермен байытылғанымен,



бүгінгі күн шындығы туралы жазылған. Ол жоғалған ұрпақ тағдырына деген күйзелу арқылы оқырманды терең ойға жетелейді.

№9 және 10 сандарда Бигелді Ғабдуллиннің «Марал» атты повесі жарияланды. Автор бұл туындысында кез келген адамның, жынысына, жасына, кәсібіне немесе дініне қарамастан, басынан өтуі мүмкін өмірлік жағдайларды сипаттайды. Бұл шығарма, шын мәніндегі, өзектілігімен ерекшеленеді әрі сөз бостандығын, ар-ождан еркіндігін, жеке бас еркіндігін қорғауға бағытталған. Осындай тақырыптарды қазіргі көркем әдебиетте көп авторлардың қозғай бермейтіні, жасқанып отыр.

Ал оқырмандар, соның ішінде, журналистер мен публицистер, Әміржан Қосановтың «Елбасының құпия кеңесшісі» атты публицистикалық туындысын жоғары деңгейдегі көркем публицистика ретінде атап өтті.

Бесбірдей санда Аслан Жақсылықовтың «Оралу» атты романы жарияланды. Шығармадағы басты идея – жаһандық экологиялық дағдарыс жағдайында адамзаттың аман қалуы әрі қару-жарақ жарысына жол бермеу туралы толғаныс.

Сондай-ақ Валерий Толмачевтің тамаша жазушы, «Простор» журналының бұрынғы бас редакторы Геннадий Толмачев туралы естеліктерін атап өткіміз келеді. Бұл – көлемі жағынан шағын болса да, мазмұны өте терең, редактор туралы нақты деректерге, егжей-тегжейлі тың мәліметтерге толы естелік. Дәл осы редактордың кезінде журнал 90-жылдардың қиындығына қарамастан, өркендеп, бұрын-соңды болмаған таралымға қол жеткізген болатын.

2024 жылғы «Простор» журналының үшінші нөмірінде Қазақстанның халық жазушысы В.Михайловтың ақын Татьяна Фроловская мен жазушы Эдуард Жылқыбаев туралы очерк-естелігі жарық көрді. Бұл шығарма тек естелік қана емес, сонымен қатар әдеби портрет ретінде де құнды. Ол әдебиетке өмірін арнаған жандардың шығармашылық жолын жинақтап, үлкен махаббатпен жеткізеді.

Өткен жылдың соңын белгілі театр сыншысы Адольф Арцишевскийдің еңбегі түйінделді. Ол режиссер Андриасяның өмірі мен шығармашылығына арналған «Командордың қадамдары. Өмір. Шәкірттер. Қойылымдар» атты кітабын көпшілікке таныстырған болатын.

Ал кітаптарға келер болсақ, ашығын айтқанда, бізде әлі әзірге есепке алу мен бақылау жүйесі толық жолға қойылмаған. Алайда Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы Мереке Құлкеновтің тапсырмасымен Одақ мүшелерінің жарық көрген кітаптары туралы ақпарат жинау жұмысы біртіндеп жүйеленіп келеді. Бұл туралы бірқатар облыстардан мәлімет алуға қол жеткіздік. Бұл деректер есепке қоса тіркеледі. Жалпы саны 165 орыс тіліндегі кітап тіркелгенін айтып өткіміз келеді. Өкінішке қарай, олардың басым бөлігі – «авторлық меншік» деп аталатын, яғни ең аз таралыммен жарық көрген кітаптар. Мемлекеттік бағдарлама аясында бір ғана кітап жарық көрген. Бұл – «Соғыспен

және тынмен туыстасқан халықтар» деп аталатын архивтік құжаттар, мақалалар мен түсіндірмелер жинағы. Авторы – Қазақстанның халық жазушысы Л. Шашкова. Бұл жинақта қазақстандық және беларусьтік жазушылар мен ақындардың көркем және публицистикалық шығармалары арқылы Қазақстан мен Беларусь арасындағы байланыстар XX ғасырдың отызыншы жылдарынан бүгінге дейінгі аралықта кеңінен сипатталады.

Оқырмандарды Қасымхан Бегмановтың поэзиясының 15 томы қуантады деп ойлаймын. Бұл жинақты Михаил Синельников кәсіби деңгейде орыс тіліне аударып, редакциясын Татьяна Баканова жүргізді.

Аудармалар қатарында Айзат Рақыштың повестері де бар (аударған Раушан Байғожаева). Осы кітапты оқығаннан кейін қазақ әдебиетін орыс тіліне кәсіби түрде аударатын арнайы журнал құру идеясы туындады. Бұл басылымның редакциясын кәсіби аудармашылар құрауы тиіс деп есептейміз.

Атап өтуге тұрарлық тағы бір еңбек, бұл – орыс тілді әдебиет саласындағы жетекші әдебиеттанушы С.Ананьева жүргізген жұмыс. 2024 жылы оның редакциялығымен «Қазақ әдебиеті халықаралық контексте» атты ұжымдық монография жарық көрді.

Бүгінде қазақстандық және шетелдік әдебиеттанушылардың назарында қазақ әдебиетінің әлем елдерінде қалай қабылданатынына қатысты өзекті мәселелер тұр. Аталған монография осы күрделі сұрақтарға берілген мазмұнды әрі өзекті жауап болып табылады. Еңбек әдебиеттанушыларға, еліміздегі гуманитарлық және педагогикалық жоғары оқу орындарының оқытушыларына, докторанттарға, магистранттар мен студенттерге, сондай-ақ кәсіби қаламгерлерге арналған.

Бұл жылы тағы бір ауқымды еңбек, 320 беттік «Орыс әдебиетіндегі қазақ тақырыбы» атты монография да жарық көрді.

Бұл – орыс жазушыларының повестері мен романдарында қазақ халқының жеке болмысына деген қызығушылықтың қалай қалыптасқанын, оның көркем бейнеленген философиясымен бірге зерттеген еңбек.

Жалпы алғанда, еліміздің түрлі мерзімді басылымдарында Светлана Викторовнаның қаламынан шыққан елу әдебиеттанулық ғылыми мақала жарық көрді.

Биыл облыстарға Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлкеновтің қолы қойылған арнайы хат жолданды. Онда орыстілді авторлар секцияларын өңірлік өкілдіктерде құру туралы тапсырма берілген болатын. Алайда барлық облыстың өкілдері бұл тапсырманы орындады деп айта алмаймыз. Бар болғаны 12 облыста ғана төрағамыздың бастамасы жүзеге асты. Осының арқасында Орыс әдебиеті жөніндегі кеңес секция жетекшілерімен тығыз байланыс орнатылып, өңірлердегі кітап басылымдары туралы нақты ақпарат ала бастадық. Ашығын айтқанда, жағдай Алматыдағыдан жақсы емес, яғни көбіне кітаптар авторлардың

жеке қаржысына басылып жатыр. Ең көп басылым (54 кітап) Шығыс Қазақстанда тіркелген. Алайда оның жартысына көбі Ресейде басылып шыққан. Елді солтүстігінде де жағдай осыған ұқсас. Біз бұл кітаптарды есепке алуымыз керек пе, жоқ па бұл да – ойлануымыз керек дүние. Өйткені мұнда қарапайым материалдық тұрғыдан алғанда да түсінікті нәрсе бар. Басылым мен сатылымнан түскен қаржы Қазақстанда қалмаған. Одан да маңыздысы ең жақсы шығармалар өз Отанындағы оқырманға жетпей қалып жатыр. Сол себепті, біз авторларды жаңадан шыққан кітаптары жөнінде Жазушылар одағына жекелей әрі ескерту күтпей хабарлап отыру қажеттігі туралы хабарлар етудің жолдарын іздестіретін боламыз. Бұл – ҚЖО-ның облыстағы өкілдеріне бағыттап айтып отырған өтінішіміз.

2024 жылы кітап шығару ісіндегі күрделі жағдайға қарамастан, бұқаралық әдеби іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу бойынша біршама айтарлықтай нәтижелерге қол жеткіздік.

Атап айтқанда, төмендегі халықаралық ғылыми конференциялар мен әдеби кездесулер өткізілді: «Оқуға құштар ұлттың қайта жаңғыруы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция; Юрий Герттің шығармашылығына арналған ғылыми жиын; М.Симашконың 100 жылдығына орай ұйымдастырылған «Әдеби мәтін поэтикасы және көркем аударма» конференциясы; Станислав Лидің «Күріш тұнбалар» атты жинағының дүсәукесері; Сәтімжан Санабаевтың шығармашылығындағы әдеби дәстүр мен ұлттық өзіндік сананың көріністеріне арналған әдеби конференция; Г.Бельгердің әлемдік әдебиет үдерісіндегі орнына арналған басқосу; Қазақстан халқы ассамблеясының әдеби клубы ұйымдастырған С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлиннің 130 жылдығына арналған кештер; «Пушкин және Шығыс» атты халықаралық онлайн дөңгелек үстел.

Енді жарық көрмей, қолжазба күйінде қалып отырған кітаптар туралы айтқым келеді. Бұл – көптеген авторлардың маған жолдаған өтініші. Мен оны өз мысалым арқылы жеткізіміз келеді.

Өткен жылы өзім бір романымды аяқтадым. Бұл шығарма қазіргі Алматы мен еліміздің өміріне тікелей қатысты өзекті тақырыпты қозғайды. Бұл – Алматының тарихы мен алматылықтардың шынайы өмірінен алынған жиынтық кейіпкерлер арқылы жазылған роман. Сондай-ақ онда Қазақстан мен әлемде болып жатқан саяси үдерістердің көрінісі де бар. Алайда міне, бір жылдан астам уақыт өтсе де, романның жарық көруі тек жоспар күйінде қалып отыр. Сол сияқты түрлі тақырыптарға арналған, бірақ жарық көрмей жатқан өзекті шығармалар көп екеніне сенімдімін. Өткен жылдан бері жоспарға енгізілген, бірақ басылмай қалған кітаптардың саны – 45. Не істейміз? Демек, демеуші іздеу керек пе? Бірақ басқа бағыттан да үмітіміздің бар екенін жоспарға шығармаймын. Осындай мәселелерді шешу жолында көп жұмыс атқарған Жазушылар одағының басшылығы бұл бағыттағы жұмысын жалғастырады деп сенемін.

Сөз соңында екі ұсынысым бар: ҚЖО-ға мүшелікке қабылдау шарттарын қайта қарап, графомандар мен әдебиетке қатысы жоқ арзан дүниелер жазатындарды дер кезінде іріктеу қажет; Шығармашылық одағымызда ресми меценаттық пен материалдық қолдау көрсету тетіктерін қарастыруымыз керек. Бұл ұсыныстарды ұйым басшылығына жұмыс тәртібі аясында алдағы уақытта да жеткізетін боламын.

В.В. ШУПЕЙКИН,

Қазақстан Жазушылар одағының Орыс әдебиеті және әдеби байланыстар жөніндегі кеңесінің төрағасы



Аманкелді МҰҚАН

миллиард тенгенің ҚАК басшыларының қалтасында қалғанын мәселе етіп көтергені бәріміз білеміз. Бұл — біздің авторлардың, соның ішінде, театрмен, шығармашылық ұжымдармен байланысты драматургтердің толық шешімін таппаған негізгі мәселесі.

Театр мен драматургтің шығармашылық байланысын жақсұндатын, шығармашылыққа жетелейтін жаңа пьесаға арнайы конкурстар жиі жарияланады. Байқауда жеңімпаз атанған пьесаларды сахналау үрдісі де қолға алынып тиісті құжатта көрсетілсе, нұр үстіне — нұр болмақ. Поэзия мен проза секілді кітап

халық театрларының да репертуарына қажет жақсы дүние болатынына сенім мол.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы-драматург Асылбек Ихсанның «Зор Білгамеш хәм Қорқыт ата: драмалық шығармалар» (—Алматы: Керемет медиа, 2024. — 328 б.; 21 см.) жинағы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» бағдарламасы бойынша 1000 данамен шығыпты. Жинаққа әр кездері жазылып сахнаға қойылғаны бар, жаңадан жазылғаны бар, 9 пьеса енген. Солардың ішінде, «Соңғы мамонт», «Хақ жолы»,

авторлардың басында бар жайт. Белгілі журналист-жазушы, Құрмет ордені мен Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Дәулет Сейсенұлының «Тұғыры биік тұлғалар»: көркем очерк, танымдық сипаттағы әдеби миниатюралар мен драматургиялық шығармалар (—Астана: Фолиант, 2024. — 296 б. — «Абай жолы» кітапханасы) жинағына автордың туған өңірінің танымал тұлғалары арқау болған.

Д.Сейсенұлының «Маэстро» атты 2 бөлімді, 6 көріністі драмасы белгілі скрипкашы Әйткеш Толғанбаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған. Әйткештің 12—14 жас аралығындағы, 20—30 жас аралығындағы, 70-тен асқан шағындағы өмірлік 3 кезеңі көрінетін пьесада еліміздің талай танымал тұлғалары кейіпкер болған. Олар — белгілі композитор, дирижер, ғалым Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамиди, Әйткеннің ұстазы И.Лесман мен Ғазиза Жұбанова, тұтқындар мен лагерь қызметкерлері.

Автордың «Махаббат вальсі» атты екі бөлімді, 6 көріністі драмасы белгілі композитор Бекен Жамақбаевтың шығармашылығына арналған. Мұнда да белгілі өнер сандақтары — актер, Қазақстанның халық артисі Әбілқасым Жанбырбаев, классик жазушы, академик Мұхтар Әуезов, белгілі композитор Шәмші Қалдаяқов, белгілі ақын Нұтфолла Шәкеновтер әрекет етеді.

Автордың «Жәнібек ән салады...» екі бөлімді драма-реквиемі де Жәнібектің бала, бозбала шақтарын, 30—40 жас аралығындағы кезеңдерін, отбасын, әншінің шығармашылық ортасын қамтиды. Туынды желісі Кәмен Оразалин, Сапарғали Бегалин сынды жазушылардың, Жүсіпбек Елебеков, Қайрат Байбосынов, Ақселеу Сейдімбеков, Тұрсын Жұртбай сынды тұлғалардың қатысуымен өтеді.

Қаламгер бұл жинағында ұлылар елінен шыққан айтулы тұлғалардың өмірдегі және өнердегі жолын, яғни қиын да қызықты шығармашылық ізденістері мен сол ізгі мақсатқа қол жеткізу жолындағы айшықты мезеттерін кестелеген. Пьеса тілі көркем, кейіпкерлер шұрайлы сөздерімен көрікті ой өрбітеді. Кейінгі толқын өкілдері, жалпы зиялы қауымға арналған бұл кітап өз оқырманын табады деп сенеміз.

Осы жинақтар кітап шығару ісінде драматургия саласындағы авторлардың назардан тыс қалып жатпағанын көрсетеді. Өмірден өтіп кеткен классик авторларымыз бен замандас драматургтердің пьесалары жеке жинақ болып шығып жатыр. ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасына 2023—2024 жылдары келіп түскен драматургия, пьеса жазылған кітаптар тізімінде 10 автордың кітабы тұр. Десек те, бұл кітаптар қайда кетіп жатыр? Арнайы ЖОО кітапханаларына неге түспеген? Ұлттық кітапхана мен Бегалин атындағы кітапханаларына сұрау салғанда бұл тізім толық түспеген, түссе де Ұлттық кітапханада ғана ЖОО кітапханаларына олар түспейді, демек, тек министрліктің есеп беруі үшін және Кітап палатасының тізіміне енгізу үшін жасалынатын болғаны ма? Неге ол кітаптар жайлы ештеңе білмейді? Бізді осы мәселе толғандырады. Театрлар ол пьесаларды мүлде алмайды. Шыққанын білмейді де. Осы және өзге де кітаптардың, соның ішінде, драмалық жинақтардың өзінің тиесілі мекенжайына толық жетудің дұрыстап жолға қоюды қарастырса екен дейміз.

Республика кеңістігінде есепті жылы драматургия саласы бойынша бірнеше ірілі-ұсақты конкурстар өтті. Олар: «Ұлы дала» республикалық әдеби байқауы, «Құлагер» республикалық байқауы, белгілі айтыскер, көрнекті ақын Есенқұл Жақыпбектің 70 жылдық мерейтойына арналған драматургиялық байқау, «Drama.kz — 2024» жаңа драма фестивалі, «Драма-рафон» байқауы, Президенттік арнаулы әдеби сыйлығы және т.б.

Осы және өзге де драматургияға арналған конкурстарда біздің назарымызға түскен жеңімпаз авторларды да атап өткен дұрыс болар. Жолтай Алмашұлы Алмашев «Құлагер» республикалық байқауының драма саласы бойынша «Күш атасы» пьесасымен жүлдегер атанды. Мадина Омарова Есенқұл Жақыпбектің туғанына 70 жыл толуына орай ұйымдастырылған драматургиялық байқауда бас жүлдені иеленсе, Олжас Зейнола осы драматургиялық

ОТАНДЫҚ ДРАМАТУРГИЯДАН ЗАМАН ТЫНЫСЫ СЕЗІЛЕДІ

Театрға, оның драматургиясына азық болар өмірдің алға тартқан өзекті тақырыптары мен сахнаға сұранып тұрған кейіпкерлер галереясы өткен 2024 жылы көп болды.

Өткен жыл, осылайша, Қазақстанның әлеуметтік, экономикалық және саяси дамуындағы жаңа белестерді көрсетіп, ел тарихында маңызды жылдардың бірі ретінде есте қалды. Қазақстан үшін экономикалық өсімнің, саяси тұрақтылықтың және мәдени жаңғырудың жылы болды. Елде жүзеге асырылған реформалар мен шаралар мемлекеттің дамуындағы жаңа кезеңнің бастамасы ретінде тарихта қалады. Қазақстан халқының бірлігі мен ынтымағы елдің болашағын жарқын етуге септігін тигізери анық.

«Қазақ театры, оның драматургиясы қалай күн кешуде?» деген және өзге де тақырыптар қаншалықты шығармашылық тұлғалар мен шығармашылық ұжымның еңбегіне арқау болды? Осы тұрғыдан қарастырар болсақ, театрдың, драматургияның еліміздің қоғамдық-саяси өмірінен алшақтау өмір сүріп жатқанын көреміз. Өткір тақырыптар тез арада сахнаға шығып, көрермендер арасында қызу пікірталас тудырып жатқан жоқ. Театрлар да бұл тақырыптарды дер кезінде көрермен назарына ұсынуға асығатын емес.

2024 жылдың қараша айында «Қазақ әдебиеті» газетінде «Бүгінгі қазақ театрының жай-күйі» атты мақаламыз жарияланды. Біз онда бүгінгі театр төңірегіндегі заң қабылдануы, басқару ісі, музыкалық театрдың хал-күйі сынды маңызды деген бірнеше мәселені көтере келе, театрдағы драматургия жайына да арнайы тоқталғанбыз. Онда біз: «Театр мен автор арасындағы тартыс, түсініспеушілік, бірі екіншісін жоққа шығару секілді түрлі бағытта жарияланған материалдар театрдың қасиетін кемітумен бірге жаңаша қабылдаудың да бастау көзі десек, қателеспейміз. Автордың құқығы тапталмайтын-дай, автор өзінің интеллектуалдық еңбегіне сай қаламақы алатындай ізденістерге жол ашылуы керек. Ол — театр мен автордың арасындағы кедергіні жоюға, еркін байланыс орнатуға және бірі екіншісіне тартылатындай, бірі екіншісінің күн көре алмайтындай жұмыс кестесін жасау» кергін қазір де қайталап айтамыз.

Қазіргі таңда театр режиссерінің жұмысы орта есеппен 5-8 миллион теңгеге бағаланады. Ал ол қоятын пьеса авторы — драматургтің интеллектуалдық еңбегін 100-300 мың теңгеге, жастау, есім-сойы белгісіздей жас автор болса, су тегін алудан тайынбайды. Сондықтан біз тағы қайталап айтамыз, драматургтеріміз құқықтық тұрғыда қорғауды қажет етеді. Айта-айта өбден жауыр болған ҚР Авторлар қоғамының жұмысын, драматург-авторлардың жұмысына байланысты құқықтық қатынасын заманға сай реттеу республика көлемінде жолға қоюды керек етеді. Бірер күн бұрын Қазақстанның авторлар қоғамына байланысты ҚР Парламент депутаты Б.Базарбектің Әділет министрі Е.Сәрсенбаевқа қойған сұрақтарынан

болып басылып шығумен аяқталмайтын драматургияның ұзақ жолы, сахнаға арналған көркем шығарма ретінде театрмен қарым-қатынаста жалғастығы одан әрі қарқын алуы керек. Әзірге бұл мәселе шешімін таппаған жоқ.

Кітап 2024 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» бағдарламасы бойынша 1000 дана таралыммен шығатын жоба қаламгер-драматургтерімізге жақсы қолдау көрсетуде. ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасына 2023—2024 жылдары келіп түскен драматургия, пьеса жазылған кітаптар тізімін қарастыра отырып, 2024 жылғы жыл қорытындысы аясында шығарылған 3 автордың және «Абай жолы кітапханасы» бастамасымен шыққан 1 драмалық шығармалар жинағын атап өтеміз. Олар: Ш.Мұртаза. Бесеудің хаты (пьеса / Шерхан Мұртаза. — Алматы: Мазмұндама, 2024. — 208 б.; 20 см. — 2000 дана. — ISBN 978-601-7688-21-9 (мұқ.), С.Балғабаяевтың «Мәңгілік өмір — махаббат». (—Алматы: ЖК «Сакенова», 2024. — 288 бет.), А.Ихсанның «Зор Білгамеш хәм Қорқыт ата» драмалық шығармалар / Асылбек Ихсан. (— Алматы: Керемет медиа, 2024. — 328 б.; 21 см. — 1000 дана. — ISBN 978-601-81154-8-6 (мұқ.) және Д.Сейсенұлының «Тұғыры биік тұлғалар»: көркем очерк, танымдық сипаттары әдеби миниатюралар мен драматургиялық шығармалары (—Астана: Фолиант, 2024. — 296 б. — «Абай жолы» кітапханасы сериясымен) шығармалары.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап драматургиямен түбегейлі айналыса бастаған Сұлтанәлі Балғабаяевтың қаламынан шыққан «Қыз жиырмаға толғанда», «Ең әлемі келіншек», «Ғашықсыз ғасыр», «Біз де ғашық болғанбыз», «Сағыныш пен елес» және басқа да отызға жуық драмалық шығармалары түгелдей қазақ театрының сахнасына қойылған. Бұл пьесалар Алматының М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық театрынан бастап, Ғабит Мүсірепов атындағы Балалар мен жасөспірімдер театрында, Астанадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы Ұлттық музыкалық драма театрында және республикамыздағы өзге де театрлардың бәрінде сан рет сахналанды. Автордың пьесалары орыс, өзбек, қарақалпақ, қырғыз, ұйғыр театрларының көрермендерімен де жүздесті. Осының нәтижесінде, С.Балғабаяев еліміздегі пьесалары ең жиі қойылып, көрерменді көп жинаған және өзіндік үні, ерекше қолтаңбасы бар драматургтердің бірі ретінде танылды.

С.Балғабаяевтың «Мәңгілік өмір — махаббат» атты қазіргі жаңа жинағына «Қыл үстіндегі ғұмыр», «Өтірік айтпайтын адам», «Енелер мен келіндер», «Қызылорданың қыздары», «Сағындым сені...», «Қазақша күрес, қандайсың?!», «Құдағилар хикаясы» және басқа да бұрын ешқандай кітапқа кірмеген он бір пьесасы топтастырылған екен. Бұл пьесалардың да басым бөлігі әртүрлі театрларда сахналанған, өлі де сахналанып келеді. Аталған жинақ театр жұртшылығының, режиссерлер мен актерлердің көңілінен шығатын,



«Дон Кихот», «Қайрандағы кемелер» және басқа пьесалары көршілес елдердің сахнасында қойылған.

Драматургтің «Зор Білгамеш хәм Қорқыт ата» драмасы авторлық ой-толғам мен біраз еңбектенген жұмысының жемісі болған. Қазақ өнері мен мәдениетінің, руханиятының бастау көзі мен пәлсапалық ұстанымдарын есте жоқ ескі заманмен байланыстырады. Бұдан бес мың жыл бұрын өркеніеттің ошағы болған Шумерлер тұрмысында қолданыста болған өмірлік мәні бар ұстанымдарды ортақ түркі әлемінің мәдениетімен ұштастырады. Әлемге танымал «Гильгамеш» поэмасының кейіпкері Энкидуды драматург қүй атасы Қорқыт атамен, оның дүниетанымымен байланыстыра отырып, түбі бір түркі әлемінің ортақ философиясын негізгі мәселенің мәніне айналдырған.

Пьесаның көркемдік тұтастығына байланысты бірер ескертпеміз бар. Шығарманың бірінші бөлігінде іс-әрекетке бастайтын диалогтардан туындайтын әрекеттен гөрі тарихи орта мен аңыздық тұлғалардың сипаттамасын беретін авторлық ремаркаға көбірек орын бергені аңғарылады. Жекелеген кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетін даралап, психологиялық астарын ашып беруде нақты детальдар жетіспейді. Бұл жерде авторлық трактовка бойынша, Зор Білгамеш пен Қорқыт жай адамдар емес, мың жылда бір туатын елден ерек кейіпкерлер болғандықтан осындай кілтпап пайда болған шығар деген тұжырым жасалды.

Ертіс, Семей өңірін Алаштың астанасы, еліміздің рухани-мәдени орталығы деп әспеттеп жатуымыз тегіннен-тегін емес. Талай өнер сандақтарының Семейден қанаттанып, үлкен өнер сапарына аттанғаны өз алдына жеке тақырып. Автор осы өңірдің талантты өнер және мәдениет қайраткерлері жазған журналистік жазбаларды, әңгіме, хикаяттарды пьесаға айналдыруы — заңдылық. Бұл — көп

байқаудың (II орын) лауреаты атанды. Жәнібек Әлікен Қазақстан Театр қайраткерлері одағының ұйғарымы бойынша 2024 жылдың үздік драматургі атанып, «Еңлікгүл» сыйлығының иегері болды. Сондай-ақ Әлібек Байбол «Драмарафон» байқауында I орын иеленсе, Нұрислам Әбділ Ақмола облыстық «Құлагер» әдеби сыйлығына «Қарыз» комедиясымен ие болды. Ақжан Аманжол «Ұлы дала» республикалық әдеби байқауының драматургия номинациясы бойынша 3-орын жүлдегері атанды. Рахат Әлішер Президенттік арнаулы әдеби сыйлығының драматургия номинациясы бойынша лауреаты және «Ұлы дала» республикалық әдеби байқауының драматургия номинациясы бойынша жүлдегері болды.

Отандық жас авторлардың пьесалары негізінде қойылған спектакльдер жайына келер болсақ, алдымен, ҚЖО мүшелерінің және мүшелікке өтпеген авторлардың пьесаларына тоқталамыз. Олар: жазушы-драматург Мадина Омарованың бірнеше пьесасы негізінде қойылған спектакльдер: «Шанель №5» деректі драмасы Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының сахнасында (реж. Бақытбек Темірбеков), «Асыл арман» спектаклі Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласындағы «Атамекен» өнер орталығында (реж. Г.Адай), «Әділет» психологиялық драмасы Әуезов театрының кіші залында Камералық спектакльдер апталығы аясында (реж. Жансерік Серікбай), Ф.Зеллердің «Әке» лирикалық драмасының аудармасы «Жас сахна» театрының сахнасында қойылды.

Айдана Аламаннның «Жалқау бала» пьесасы Х.Бөкеева атындағы Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театрында, «Хорун хашим» пьесасы Қ.Қожамиров атындағы академиялық Ұйғыр музыкалық театрында сахналанды.

Ольга Малышеваның «Дилфизо и Донада» спектаклі «Наскальный кит» театрында (Қарағанды. Реж. Елена Кочугова), «Раечка» спектаклі Ғабит Мүсірепов атындағы Балалар және жасөспірімдер театрында (реж. Карина Бесолти), «Невозможно уехать из Караганды», «Ильхом» театры (Ташкент), «Сириус», «Ильхом» театры (Ташкент. Реж. Наталья Лу), «Сириус»: Драма.KZ фестивалінде (реж. Елена Вовнова) «FREE HUGS» Трансформа кеңістігінде оқылымы болды.

Әлібек Байболдың «Таптым-ау сені» лирикалық драмасы Б.Римова театрында, «Жеті ойыншықтың жеңісі» ертегісі Ж.Аймауытов атындағы Қазақ музыкалық драма театрында, «Чемпион» драмасы Алматы қуыршақ театрында (реж. О.Ақжарқын-Сәрсенбек) қойылды. Аудармаларынан: «Кекіс» драмасы «Жас сахна» театрында, «Ауыл әңгімелері» Р.Сейтметов атындағы Түркістан облыстық театрында (реж. Ф.Қанафин), «Бет off Face» драмасы (реж. Д.Базарқұлов), Р.Кунидің «Туған күн» комедиясы (реж. Б.Узақов), Н.Саймонның «Әумесерлер» комедиясы Шымкент комедия театрында (реж. Ф.Қанафин) көрерменге жол тартты. Осы және өзге де көптеген отандық авторларымыздың пьесалары негізінде қойылған спектакльдерден қоғам мен адамдар алдына қойылатын өмірдің мәңгілік сұрақтары мен оларға берілетін жауаптарын көреміз.

Ойымызды қорыта келгенде айтарымыз, қазақ драматургиясына жаңа буын жас драматургтер тобы келіп өздерінің колтанбасымен таныла бастады. Қазақ драматургиясының дамуы, сахнаға арнап жазылған пьесалардың уақытпен бірге алға жылжуы сезіледі. Жастардың жазған шығармаларына деген театрлар тарапынан қызығушылық артып келеді. Театрлар арнайы тапсырыспен драматургтерге пьеса жаздыруды үрдіске айналдыра бастады. Сахналық туындылар қанша көп жазылып жатқанымен, әлі де бірдене жетпей жатқан секілді. Ол – жастар шығармашылығына кедергі болмайтын, оларды еселеп еңбектенуге құлшыныс тудыратын, театр мен драматургтер арасын алшақтатпай, керісінше, жақындатуға, бірге еңбектенуге бастайтын, бұрыннан бері айтып келе жатқан, бүгін де айтылған өзекті мәселелердің оң шешім табуы. Келесі жыл қорытындысында жағымды жаңалықтар көп болсын.



Темірболат АХМЕТОВ

Детектив және фантастика жанры кеңесінің төрағасы

2024 жылы шыққан жазушы Ғабдул-Сәбит Юсуповтың «Әх, зона, зона...» жинағына детектив жанрындағы осы аттас романы мен бір әңгімесі және түрлі тақырыптағы әңгімелері мен макалалары топтастырылыпты. Біз тек роман туралы аз ғана сөз етпекпіз. Романның кейіпкерлері Коля-Косой да, Марат-Марко да, тіпті сұлу қыз Мнира да жегімдік көрген немесе тұрмысы нашар отбасында өскен. Сөйтіп, бұзақылық жолға түсіп, есейгенде нағыз рецидивист-баукеспе, одан әрі қылмыс әлемінің авторитеті деңгейіне дейін көтерілгендер. Бұлардың бастан кешкен оқиғалары романда біршама тартымды беріледі. Романның соңында үшеуі де оққа ұшып қаза табады. Әрине олардың тағдырлары аянышты. Сонымен қатар автор алдағы уақытта ескерсе екен деген ниетпен бірер мәселені атап өткіміз келеді. Мысалы, автор өзі тәуір көретін кейіпкерлеріне жаны ашитынын, ал жақтырмайтын кейіпкерлеріне наразылығын (авторлық көзқарасын) «сахна» сыртында ашық білдіріп отырады. Сол сияқты, кейбір оқиғаларды ұзағырақ баяндап кететіндіктен, кейбір сөйлемдердің мақала сарынымен берілетіндігі де байқалады. Ал тұжырымдап айтқанда, автордың аталмыш жинағы жеңіл оқылып, алғашқы беттерден-ақ оқырманды өзіне баурап алады.

Өткен жылы жазушы Бекен Ыбырайымның «Іздер құпиясы» атты романы жарық көрді. Халқымыздың тұрмыс-тірлігіне әсер еткен қым-қуыт тарихи-саяси жағдайларға, олардың себеп-салдарына аландаған қаламгер осы шығармасына Семей атом полигонының зардабы сияқты ел өмірінің күрделі шындығын арқау етіпті. Жазу барысында жас оқырмандардың көркем ойлау қабілетіне ықпал етуді дiттеп образдардың шынайылығына, өзі көзімен көрген таңғажайып табиғаттың жанды суреттелуіне баса мән бергені байқалады.

Бытыр «Заң газеті» жариялаған байқауда жазушы Бағдат Қалаубайдың «Көрші қакысы» деген әңгімесі ынталандыру сыйлығын иеленді. Онда Суат есімді кейіпкер баласының жоғалу себепін араз тұратын көршісі Айбардың ұлы Қалдардан көреді. Сөйтіп, оны қаматады. Бұл қылмысқа Қалдардың қатысы жоқ екенін, оны жасаған мүлде басқа адамдар екенін ізкесуші адвокат Бұлан Еркеұлы дәлелдеп, Қалдар қамаудан босатылады.

Аталған байқауға мен де қатысып, «Жаркент-Арасандағы шытырман оқиғалар» және «Бастау» деген әңгімелерімді, орыстылді «Закон» газетіне «Бумеранг» атты әңгімеді ұсындым. Олар газеттерде жарияланды, жуырда оларға өзім телефон шалып, «рақметімді» сұрап алдым.

Кенесіміз жұмыс істей бастағалы біз атағы шыға қоймаған жаңа екі жазушыны аштық. Оның бірі – Манарбек Қарекенов Шекара әскерлері департаментінің баспасөз хатшысы. Манарбектің баспадан жарық көрген «Киберқасқыр» атты кітабына балаларға арналған детективті және шытырман оқиғалы әңгімелері енген. Қазіргі уақытта автор келесі кітабын жазу үстінде. Манарбек Қарекенов біздің шақыруымызбен кенесіміздің құрметті мүшесі атанды.

Келесі автор – Азат Баттаков, Қарағанды қаласының тумасы, қазіргі сәтте АҚШ-та тұрады. 2022 жылы Алматыда Азаттың «Первичное зло» атты кітабы жарық көрген. Онда өткен ғасырдың сексенінші жылдарының аяғында әрекет еткен қанішер кісі өлтірушілер бандас-

Қазақстанда детективті шығармалар жазатын жазушылар кемде-кем. Қалам ұстаған көптеген жазушы осы жанр бойынша жарияланған байқауларға орай әлдене жаза бастайтыны бар. Ал жүйелі түрде жазатындар қатарында Жазушылар одағының мүшелері Бағдат Қалаубай, Ғабдул-Сәбит Юсупов, Зияш Төлеуова, Темірболат Ахметовтерді атауға болады. Осы аталғандардың ішінде, мысалы, Темірболат Ахметовтің орыс тілінде жазылған «Детективное агентство «Барс» атты шығармалар сериясы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызы бар түрлерін басып шығару» айдарымен жарық көріп келеді, бүгінде сол серия бойынша он кітап жарыққа шықты. Сондай-ақ ресейлік маркетплейстерде сатылу мүмкіндігін беретін «Ридеро» әдеби алаңында «Агентство «Барс» кітабы жарияланған.

ДЕТЕКТИВ ЖӘНЕ ФАНТАСТИКАНЫҢ БҮГІНГІ АХУАЛЫ



ының қалай әшкереленіп, құрықталғаны рет-ретімен баяндалады. Бұл қалада автордың өзі Қалалық милиция басқармасында жұмыс істегендіктен, оперативті жұмыспен қылмыскерлер ортасының ерекшеліктерімен кәсіби тұрғыдан жете таныс. Сондықтан роман өте нанымды, қызықты, әсерлі және танымдық туынды болып шыққан. Бұрынғы оперативті қызметкер ретінде, мен бұл кітапты банда құрамындағы қылмыстарды ашу бойынша өзіндік әдістемелік құрал, сыныптан тыс оқуға арналған оқу құралы ретінде пайдалану қажет деп санаймын. Сол себепті автордың арнау сөзі жазылған 5 дана кітапты Алматы ІІМ академиясы мен Алматы ІІ департаментіне апарып, тарту еттім.

Сондай-ақ 2024 жылы Алматыда Азат Баттаковтың «Гибель ирбиса» кітабы жарыққа шықты. Менің ойымша, бұл экшн-романмен бүкіл Алматы қаласының тұрғындары танысуы тиіс. Сюжет бойынша, қазан айының ызғарлы бір түнінде Алматыда 11 балдық жер сілкінісі болады. Соның салдарынан ғимараттар ғана емес, мындаған тағдырлар да талқандалып, бүлінеді. Осындай сындарлы сәтте адамдардың бет-пердесі сыпырылып, өздерінің шын бейнесін көрсетеді: біреулер өз өмірлерін, өз бастарын қатерге тігіп, қолдарынан келгенше басқаларды құтқарып бағады; енді біреулер аласапыран сәтті пайдаланып, оңай олжа таппақ мақсатпен ауқатты азаматтарды тонап, талап, өлтіре бастайды. «Осылай болуы мүмкін-ау» деген ой біздің көпшілігіміздің басымызға да келмеген деп топшылаймын. Автор мұның жай-жапсарын жақсы білгендіктен, қандай жағдайда қалай әрекет ету керегін егжей-тегжейлі сипаттап, құтқару қызметтері қазірдің өзінде қала тұрғындарына ұсынатын іс-шаралар мен нұсқаулардың маңыздылығын баса атап көрсетеді: атап айтқанда, пәтердегі қауіпсіз орындарды алдын ала белгілеп қою, азық-түлік, су, жылы киім қорлары, қолшам, байланыс және хабарлау құралдары салынған «Дабыл чемоданы» дайындап қою. Бір

сөзбен айтқанда, аталмыш шығарма – көпшілік үшін өте пайдалы болмақ.

Азат Баттаков дарынды жазушы екені даусыз. Сондықтан біз онымен АҚШ әдебиетіндегі детектив жанрындағы үрдістерді қадағалап, зерттеп отыру туралы келісім жасастық. Келешекте Азат Баттаковты ҚР ЖО мүшелікке ұсынуды жоспарлап отырымыз.

Фантастика жанры бойынша:

Детектив жанры және фантастика кеңесінің мүшесі Людмила Лазарева есептік жылы екі томдығын басып шығарды:

1-том. «По следам звёздных драконов»;

2-том. «Мир фантастических звёзд» деп аталады.

Станислав Малозёмов «Нечеловеческий фактор» атты қызықты оқиғалар романын жарыққа шығарды (онлайн басылды).

Александр Мендыбаев өз қаламынан шыққан «Квартиранты» атты мистикалық хоррорды жариялады. Аталмыш туынды қазақстандық Qara Production фильм продакшн-студиясы арқылы экранға шығарылды. Фильм Бостондағы Ғылыми-фантастикалық фильмдер кинофестивалінде бірінші орынды иеленді.

Сөз соңында Қазақстанда көршілес Ресейдегідей нақты бір автордың бірде-бір детективті сериясы жок екенін айтқымыз келеді. Кітапханаларымыздың сөрелерінде Шыңғыс Абдуллаев, Борис Акунин, Александра Малинина және тағы басқалардың сериялары толып тұр. Сондықтан біз өз детектившілеріміздің кітап серияларын басып шығаруға дайындалатынмыз. Атап айтқанда, Бағдат Қалаубай (5 том), Ғабдул-Сәбит Юсупов (5 том), Зияш Төлеуова (5 том), Темірболат Ахметов (5 том). Осыларды басып шығару үшін Жазушылар одағының атынан түрлі қорларға, солардың ішінде ең бірінші кезекте Кемел Тоқаев қорына, сондай-ақ мәдениетімізге бей-жай қарамайтын кәсіпкерлер мен бизнесмендерге жүгінес деген ойдамыз.



Айнагүл САДЫҚОВА

Жазушылар одағының мүшесі,
Көркем аударма кеңесі
төрағасының орынбасары,
аудармашы

Көркем аударма кеңесінің қарауына келіп түскен аударма туындылар төңірегінде көркем аударманың кейбір мәселелерін қысқаша сөз етейік.

Әлемге әйгілі жазушы Джек Лондонның «Мартин Иден» атты романы «Фолиант» баспасынан Гүлімай Әбішқызының аударуында қазақ тілінде жарық көрген екен. Бірден айта кетері, аудармашы еркін әрекет еткен және бұл еркіндік жақсы нәтиже берген. Аударманың алғашқы беттерінен-ақ құлаш-құлаш суреттер, сезім, көңіл күй сипаттары қазақы түсінік ауанында төгіліп түскен. Өйткені аудармашы түпнұсқаның мағынасы мен рухына қаныға отырып, стильдік, тілдік ерекшеліктерін ескере отырып, мәтіннің аударма нұсқасын орнымен қазақыландырып, көркемдік қасиеттерін толық жеткізген. Осы екеуі ұштасқанда ғана аударма көркем болатыны белгілі.

Мысалы, «Это было бледное, воздушное создание с большими голубыми одухотворенными глазами, с массой золотых волос», «Вся эта смена мыслей, видений и чувств заняла одно мгновение», «И Мартин убедился, что диагноз Лиззи был правилен. Физически он совершенно здоров. Но с головой у него что-то произошло...» деген сөйлемдердегідей «масса», «смена», «диагноз» сынды орыс тілінде, тіпті көркем шығарма аясында табиғи көрінетін, бірақ қазақ тіліндегі көркем шығармада құлаққа түрпідей тиетін сөздер тура мағынасында қолданылмағанын түсініп, әдеби қолданыс нормасына сай «көгілдір қос жанарынан асқақ рух менмұндалап, алтын шашы ақ бұлттардай шоқтанып, бар болмысы үлбіреп тұрған бір жанды байқалды», «осының бәрін бір сәтте көріп те, сезіп те, ойлап та үлгерді», «Лиззидің айтқаны шынымен де расқа шыққанын Мартин сонда ғана түсінді...» деп көркемдеп, жатықтырып келтіреді. Бұған қоса, алдыңғы сөйлемдегі «бледное, воздушное» (әсіресе «бледное») деген кейіпкер қыздың сипатына қатысты қолданылған сөздерді тура мағынасында қабылдамай, бас кейіпкердің көзімен, соның әсері ыңғайында «бар болмысы үлбіреп тұрған» деген ғажап тіркес тудырады.

Әрине, әркез таразының басын тең ұстау қиын. Онысы көбіне сәтті шықса, кейде сәтсіз шығып та жатады. Мысалы, «Он вытер лоб и посмотрел кругом более спокойно, хотя в глазах еще оставалась тревога, как у дикого животного, опасавшегося западни» деген сөйлемнің «мәңдайын тағы бір сүртіп, төңірегіне барлай көз жүгірткенде, ақырын сабырға келе бастағандай еді, тек әлдеқандай қауіпті сезгендей, жабайы тіксінген қос жанары ғана еш тұрақ табар емес» деген аудармасындағы «жабайы тіксінуге» деген тіркес бізді де сәл-пәл тіксінтті.

Аталмыш туынды көлемді болғандықтан, талдауымызды соңғы шешуші мысалмен түйіндейік. Бұл — кейіпкердің суға батып өлгенін суреттейтін үлкен кайырым. Оның аудармасында да сәтті, сәтсіз тұстары баршылық. Мысалы, «Марипоза» сидела очень глубоко, и повиснув на руках, он может ногами коснуться воды. Всплеска не будет. Никто не услышит». Бұл жерде кеме суға мол батып тұрғандықтан, каюта иллюминаторы суға жақын екені, сол себепті иллюминатордан шығып, артылып тұрғанда аяқтар бірден суға тиетіні айтылған. Аудармасын оқиық:

«Марипоза» ауыр салмақты жүгімен үлкен жылдамдықпен келеді. Қолынды созып жіберсең, аяғың суға тиеді, еш дыбыссыз

жылжып кете беруге болады. Ешкім де естімейді». Бұндағы, әсіресе «Қолынды созып жіберсең, аяғың суға тиеді, еш дыбыссыз жылжып кете беруге болады» дегеннің еш мағына бермейтінін (тіпті адам нанғысыз бірдене болып кеткенін) айтпаса да болар. Сондай-ақ «ауыр салмақты жүгімен», «еш дыбыссыз жылжып кетуге...» дегені де көңіл көншітпейді.

Әрі қарай: «Водяные брызги смочили ему лицо. Он почувствовал на губах соленый привкус. И это ему понравилось. Он даже подумал, не написать ли свою лебединою песню! Но тут же он высмеял себя за это.

К тому же не было времени. Ему так хотелось покончить поскорее». Бұнда тура мағынасындағы әдепкі сөздер қолданылып, не айтылып тұрғаны түсінікті болғандықтан, аудару қиындық тудырмауы

бас тартқаннан кейін... «қайтадан түртіп қоюды» ойлағаны мағынаға қайшы да.

Әрі қарай: «Его руки и ноги начали двигаться судорожно и слабо. Поздно! Он перехитрил волю к жизни! Он был уже слишком глубоко. Ему уже не выплыть на поверхность». Осы жолдардың қазақшасында аудармашының көркем қиялын танытатын бір тамаша деталь бар. Роман соңындағы бұл жолдар кейіпкердің ақыры жеткенін, шүбәсіз өлетінін түйсінген трагедиялық сәтін көріністейді. Мартин, құлды, шеттен, сырттан бақылап тұрғандай, жаны мен тәнінің (әсіресе тәнінің) тірі қалуға тырмысқан арпалысын суреттейді, бірақ, санасымен қайтар жол жоқ екенін түсінеді, өйткені ерік-жігер дәрменсіз болатын шектен біржола өтіп кеткен еді. Осы тұрғыда аудармашы кейіпкердің өз ішінде объект-субъект болып екіге жарылысының мәнін

Но он горел в его мозгу — яркий, белый свет.

Он сверкал все ярче и ярче».

«Ал, мынау не? Сірә, шамшырақтар шығар, бірақ миың сол жарқыраған өткір сөзге кептіріп бара жатқандай ма? Аппақ жарқыраған жарықтар жиілеп барады». Бұл жерде «кептіріп», «жиілеп» деген сөздер турасында сауал туындайды.

«Страшный гул прокатился где-то, и Мартину показалось, что он летит стремглав с крутой гигантской лестницы вниз, в темную бездну. Это он ясно понял! Он летит в темную бездну, — и в тот самый миг, когда он понял это, сознание навсегда покинуло его».

«Ұзақ ұзақ, гуілдеген дыбыс та бір мезетте гүрс етіп үзілгендей болды, сосын өзі төмен қарай шексіз баспалдақпен заулап бара жатқан сияқтанды. Ол енді қандай

ТҮПНҰСҚАНЫ ТҮСІНУ —



екені де белгісіз бір тұңғыққа құлап кеткен еді. Бірақ соны өзі ұғына алмай қалды. Құрдымға құлап тынды, ақыры. Жалғыз ақ сәтте соны сезіне берген еді, бірақ сезімі де үзіліп кетті».

Ұсақ-түйек санатына жатқызатын бірер жансақтықтарды сөз етпесек те, мына бір тұсын сөз етпесек болмайды. Аударма ісінде табиғи шешім саналатын түрлендіру бар да, жат саналатын мүлде басқаша шешу бар (дәлірек айтқанда, автор ауанында, сондай-ақ, түпнұсқада айтылғаннан түрлі сипатты «қате» көріп келісе алмағанда, т.б. жағдайда басқаша шешу болады, ал ондай себепсіз авторға, түпнұсқаға мүлде қайшы шешім құпталмайды). Аудармашының «Это он ясно понял» дегенді неліктен «соны өзі ұғына алмай қалды» деп аударғаны түсініксіз. Әмбе әрі қарай түпнұсқа бойынша кейіпкер «құрдымға құлап бара жатқанын» ұғады да, «құлап тынғанда» барып санасы біржола өшеді. Жанағдай қисынға келмейтін кереғарлық қайшылық «логикалық қате» деп аталады.

Талдауға ұсынылған келесі кітап — жазушы Айзат Рақыштың «Менің құрсақ анам» атты повестер мен әңгімелер жинағының «Моя суррогатная мать» атты орыс тіліндегі аудармасы. Баяндама көлемінің шектеулілігіне орай, біз жазушының «Тегімді менің сұрама» деп аталатын әңгімесін қарастырдық.

Міне, осы ретте, жазушының шығармаларын орысшалаған аудармашы (кітапта, өкінішке қарай, аудармашының аты-жөні айтылмаған) мәтінмен мұқият жұмыс істеп, автордың стилін сақтай отырып, детальдарын қалдырмай, артық-кемі жоқ жақсы аударма жасаған. Сөйте тұра, сөзбе-сөздікке ұрынбай, ұқыптылықпен әр сөздің, сөз тіркесінің контекстік мағынасына терең бойлай алған. Бұл — зор жауапкершілік әрі автор мен оның туындысына көрсетілген құрмет.

Мысалы, «Киял құсым бұдан ары шарықтай берер ме еді, вальс әуені кенеттен аяқталды», «Қорқау қараңғылықтың патшасы түн басталды» деген сөйлемдерді «Вдруг мелодия вальса закончилась, не дав птице моих грез вспарить еще выше», «На землю опустилась ночь — царица пугающей темноты» деп немесе «Темно. Луну заполонили тучи...», «Я брел, не разбирая дороги...» деп басталатын, тағы басқа да тұтас қайырымдар түпнұсқалық мағынасынан да мүдірмей, ырғағынан да аумай, ыждағатпен аударған. Шығарманың дені, жалпы жинақтағы шығармалар толықтай дерлік тұшымды аударылған.

Дегенмен, болашақта ескерер әрі басқаға да үлгі болуы мақсатында бірер «әттеген-айын» да атап өтейік. Мысалы, «Вальс әуенімен дөңгелей жөнелдік. Шағын дөңхананың іші ыстық па, әлде қыздың демінен бе, қара терге түстім» деген сөйлемді «Меня бросило в пот, так и не понял отчего: то ли в маленьком кафе было жарко, то ли от горячего дыхания моей партнерши» деп аударғанда, аудармашы «так и не понял отчего» деген бөлігі мүлде артық, өйткені «әлде...» деп келетін түпнұсқадағыдай, «то ли..., то ли...» деп келетін конструкцияның өзі кейіпкердің сенімсіздігі мен ішкі толқуын білдіреді. Кейіпкердің неліктен

тиіс. Аудармашының бар міндеті «лебединая песня» фразеологизмінің баламасын табу ғана. Бұл тіркестің қысқаша анықтамасы: «Лебединая песня — это последнее, обычно наиболее значительное, талантливое произведение, достижение кого-либо.

Выражение основано на народном поверье, что лебеди поют единственный раз в жизни — перед смертью». Осы тіркесті аударуға келгенде, мына нәрселерді ескерген жөн: біріншіден, қазақ тілінде осындай мәнде қолданылатын «тұяқ серпу», «соңғы тұяқ серпуі» деген тұрақты тіркес бар. Белгілі ақын Қасымхан Бегмановтың, тіпті «Тұяқ серпу» деп аталатын өлені де бар, сондағы:

«Момыным-ай, ең соңғы рет тұяғын

Серпіп қалды... кетті үзіліп жіптері»

деген жолдар осы тіркестің, әсіресе жанағы біз айтқан контекст аясындағы мәнін жақсы ашып тұр. Екіншіден, тіпті аккумуляциялануына қатысты келсе де, «ән» дегеннен гөрі, «сыңсу» деген сөзді қолданғаны орынды болар еді: «Соңғы рет сыңсыған аққу құрлы осыны жазып кетуі керек шығар...» немесе «Аққудың сыңсуындай соңғы рет осыны жазып кетуі керек шығар...» Қайырымның осы бөлігінің аудармасын қарайық: «Судын буы бетке ұрып, ылғалдап өтеді. Ерніне тұз дәмі білінген, сондай сүйкімді, жағымды дәм екен-ау. Өзінің аққу әнін жазу керек шығар деген ой басына келгенде, күліп те жіберді, бір жерге түртіп те қою керек екен. Тек қазір уақыты жоқ. Тезірек осының бәрін бітіруі керек». Біріншіден, «өтеді» емес, өткен шақ формасында «өтті» болуы керек; екіншіден, түпнұсқада судың дәмі ұнағаны мен «аққу әнінің» байланысы «даже» сөзінің септесуінен білінсе, аудармада ол байланыс байқалмайды; үшіншіден, мынандай жағдайда мынандай күйдегі адамның «күліп жіберуі» мүмкін емес, «высмеять» аудармадағыдай тура мағынасындағы «күлу» сөзі емес, одан гөрі «өзін мысқылдай, мырс етеді» деген дұрыс болады; төртіншіден, «бір жерге түртіп те қою керек екен» деген бөлігі мүлде артық, тіпті «аққу әнін жазу» туралы ойына мысқылдай күліп, ол ойынан

түсініп қана қоймай, оны түпнұсқадағыдай бірінші жолда ғана айтумен шектелмей, осы мағынаға құрылған өзара байланысты үш сөйлем бойы осы бейнені ұстанады, яғни әсіресе тәннің рефлекс деңгейінде автоматты түрде қимылдауын аяқ-қолды (тәнін) саналы өзінен бөлек бейнеге айналдыру арқылы соңына дейін жеткізеді: «Бірбеткей, алған бетінен қайтқысы жоқ аяқ қолдар суды шарасыз соққылап жатыр. Бірақ бұл оларды алдап соқты, соларды қозғалысқа шақырып, еліктірген ерік-жігерін де алдады. Бұл енді, тым-тым тереңде. Олар енді, қайтсе де мұны су бетіне алып шыға алмайды». Әрине, аяқ-қолға қатысты «Бірбеткей, алған бетінен қайтқысы жоқ» дегені өрескелдеу, бірақ біздің назарымызды аударған шығармашылық шешімі өте ұтымды.

«Казалось, он спокойно и мерно плывет по безбрежному морю видений.

Радужное сияние окутало его, и он словно растворился в нем».

«Өзі теңіз құшағында түс көріп жатқандай ма?»

Сан түрлі түстер мен өткір жарықтар денесін аялай сипап, ойнап жүр».

Жалпы, аудармашының өз жанынан сөз қосуы алып тастауы сияқты, түпнұсқадағы сөзді түрлендіруі (күшейтуі а кемітуі, әлсіретуі) де табиғи нәрсе. Мәселе ондай шығармашылықтың қисынды-қисынсыз, дұрыс-бұрыстығында. Бұл жерде «окутало» сөзінің баламасы ретінде алынған «аялай сипап» деген тіркес мағынамен қиыспайды. «Орау, шырғау, бөлеу» мағыналы «окутать» сөзі тура да, ауыспалы да мағынада, деректі де, дерексіз де (нақты және абстрактілі) мәнде қолданылады. Кейіпкердің санасы шатаса бастағаны, семуге айналғаны контекстінде ол сөз, әрине дерексіз мәнде тұр. Оған қоса, «түстер» сөзі алдыңғы сөйлемдегі «түс» сөзімен ілініспесі үшін (тавтология), «сан құбылған өткір жарықтар» деп алса жарар еді. Осы контекст аясында кейіпкердің өз-өзінен айырыла бастағанын білдіретін «растворился» сөзін де арнайы аударған жөн.

«А это что? Словно маяк!»



ЖАРЫМ ҮЙ

кара терге түскенін анық білмейтіні оқырман ондай әсірелесуі де түсінеді. Ал «Мына диуана халіме кімді кінәлаймын?» деген сөйлемді аударғанда, керісінше, «диуана халім» деген тіркеске келіп тірелетін күшті әсерін жайдақтатып, онша жеткізе алмаған: «Кого же мне винить в этой сложной ситуации?» Бұл сөзді қолданбас бұрын автор сәл ілгеріде «Бірақ менен өткен ғаріп бар ма?» дейді. Оны аудармашы «Однако есть ли на свете кто либо, более несчастный, чем я?» деп дұрыс аударған (әсіресе «Они только и заняты тем, что фальшиво смеются и называют свою поддельную радость словом «счастье»» деген алдыңғы сөйлемде айтылғанның ыңғайында «несчастней» деуі құптарлық). Осы арнамен жүріп отырып, «диуана хал» дегенді де «обездоленный», «одинокий», «жалкий», «бедняга», «беспомощный» мәнінде жеткізуге болар еді. Дәл солай «Бұл жауап бақайесеп тәрізді естілсе де, келісімді бердім» дегендегі «бақайесеп» «странный» болып, жайдақталып кеткен: «Этот ответ показался мне странным, но я все же дал согласие». Бұл сөздің баламасы барын ескерсек, «Этот ответ показался мне расчётливым...», «В этом ответе чувствовалась расчёт...», «Ответ показался неискренним, продуманным — как будто с расчётом...» деп аударуға болады деп ойлаймыз.

Сол сияқты, түпнұсқадағы кейбір, әсіресе оңай аударылатын сөйлемдердің мүлде аударылмай қалғаны біз үшін жұмбақ. Мысалы, «Бақыттымын! Әсіресе Сұлушаштың өзіне тілеген жақсылық атаулыны маған тілегені. Басым айналып барады» деген жеріндегі «Әсіресе, Сұлушаштың өзіне тілеген жақсылық атаулыны маған тілегені» деген тұтас сөйлем «Счастливец! Особенно... Даже голова закружилась» деп орта тұстан аударылмай қалса, «Жеті атасын тексермей, қыз алысып, қыз беріспейтін қазақ қой ол» деген маңызды сөйлем мүлде аударылмаған. Әлде «артынан аударып қосам» деп ұмыт қалдырған ба деген де ой туындайды, өйткені жалпы осы жинақтың тамаша аударылуына қарап көз жеткізгеніміздей, детальдарға сәк, мағынаға ықтиятты аудармашының ондай салақтық қылуы мүмкін емес сияқты.

Түпнұсқада мынандай сөйлем бар: «Сұм өмір абақты ғой саналыға», — деп ыңырсит өлендетіп үйіме кірдім», ол орысшаға «Напевая под нос: «Коварная жизнь — она же острог для сознательно-го», — я вошел в дом» деп аударылыпты.

Осы жерде сәл шегініс жасап, мынандай жайтты айта кету керек. Аударманың барлық түріне жүретін қағидалардың бірі — тырнақша ішінде келетін атаулар, нақыл сөздер, деректер, т.б. автор сырттан алып пайдаланатын мәлімет-мағлұматты аудармашы аударуға асықпауы тиіс. Әуелі міндетті түрде оның өзіне дейінгі аудармасын іздеп, тауып, соған сілтеме жасап, пайдалануы керек. Егер ондай аудармасы бұрыннан бар болса, оны аударуға қақысы жоқ. Ол неғұрлым кең таралған, ел аузындағы танымал сөз, т.б. болған сайын, соғұрлым абай болуы керек, өйткені ол аударылған болуы кәдік.

Тек аудармасы жоғына көз жеткізген немесе іздеп, таппаған жағдайда ғана өзі аударуына болады.

Жоғарыдағы жолдың Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасынан алынғаны белгілі: Демек, атакты акынның басқа шығармаларымен қатар, бұл поэма да аударылғанын жобалау қиын емес. Ол әлбетте, аударылған. Интернетті шолған адам оның екі қаламгердің қолынан шыққан орысша нұсқасын табар еді. Бірі — орыс тіліне көптен көп аударма жасаған Әуезхан Қодардың нұсқасы:

«О, сердце мое, тот, кто ранен, к страданью привязан.

Жестокая жизнь, как тюрьма, для имеющих разум...».

Екіншісі — Райхан Алдабергенованың нұсқасы:

«Я говорю по праву — жизнь — тюрьма, Другим меня учила сострадать...»

Осыған үйлес, түпнұсқаның «Ал Абай ескерткішінен жауап болмады: «ұстарасыз аузына мұрты түскен» қазағын көрген данышпан да менімен бірге жылап тұрғандай» деген тұсы бар. Оның аудармасы: «Но от памятника Абая ответа не последовало. Мудрец словно оплакивал вместе со мной своих казахов, о которых он сказал когда-то с горечью: «О, казахи мои, ах, мой народ!... Где зло, где добро — разум твой не поймет...» Әдеби дәстүр бойынша, орыс тілінде Абай өлеңінің бірнеше нұсқасы бар. Аудармадағы жолдар солардың бәрінен өзгешеленетініне қарағанда, аудармашының өзі аударған нұсқасы сияқты (оның үстіне, өзіне дейінгі нұсқалардың бірін пайдаланса, сілтеме жасар еді). Ал аударма теориясының қағидасына сай, ресми тапсырыспен аударылған, ресми жарияланған нұсқалардың бірін алуы тиіс. Олардың ешбірін жақтырмаған жағдайда сілтеме арқылы «аударма — біздікі» деп бастап, бір ауыз сөзбен онысын негіздеп, өзінің олардан артық, яки түпнұсқаға ең жақын, ең көркем нұсқасын ұсынуы тиіс.

Түйіндей айтқанда, жоғарыда қарастырылған аударма кітаптар мен жинақтардың бір қайнауы ішінде. Көбіне түпнұсқа материалды жете түсінбей, аударуға асыққандықтан кесірінен, редакторлық жұмыстың жеткіліксіздігінен шалалыққа ұрынатыны байқалады. Тасқа басылған дүниені өзгертуге, алмастыруға келмейтіндіктен, бұндайда асығыстық жүрмейтіні тағы бір еске салғымыз келеді.

Кенесіміздің қарауына келіп түскен бұдан өзге Сайпеден Сидағалиевтің «Ақсақ кемпір» ғұмырнамалық хикаяты орыс тіліне «Хромая старушка» деп, сондай-ақ татар әңгімелерінің жинағы «Жаныңның бір бөлшегі», моңғолша жазылған Зян Руннің романы «Қасқырлар құпиясы» деген атаумен қазақ тіліне аударылған. Өкінішке қарай, бұлардың ешқайсысының түпнұсқасын таба алмадық. Тек салыстырусыз шолып шыққанда, сауатты, әдемі жазылған (аударылған) дүниелер екенін байқадық. Осыған байланысты келешекте аудармашылар аудармаларын түпнұсқасымен бірге өткізсе деген ұсыныс айтқымыз келеді.

КІТАП ОҚУ – МӘДЕНИЕТТІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ

Егер біздің жанымызды тоқтатып, бір демалтып алса, одан зар шығатын еді. Қазір кітап оқу туралы әңгіме қозғалған кезде де осындай күйге енеміз. Оның шешілу жолы қандай десеніз, моральдық тұрғыдан ғана емес, когнитивті, биологиялық тұрғыдан ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп, кітап оқуды біріміз бірлесіп үлкен деңгейге шығарсақ деймін.

Биыл елімізде тұңғыш рет «Ұлттық кітап күні» аталып өтті. Бұл мереке мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың отырысында: «Кітапқұмарлық — жақсы қасиет. Көптеген мемлекет Ұлттық кітап күнін атап өтеді. Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналмыз», — деп сөйлеген сөзінен бастау алған еді.

Бір апта бойы еліміздің бар өңірінде Ұлттық кітап мерекесі тойланды. Бұл мереке алғаш рет қаламгер, кітап, кітапхана, кітапханашы, оқырман, баспагердің басын қосты. Жана форма, жана мазмұн пайда болды. Руханияттың ортақ алаңы жасалды. Ұлттық кітап күнінен кейін Жазушылар одағының Әдеби жыл қорытындысы өтуі де заңдылық секілді.

«Бұл дүниеде мен пір тұтар, сырласар жалғыз-ақ нәрсем бар, ол — кітап. Әкем де, шешем де сол — кітап». Оралхан Бөкейдің кейіпкері Тортай осылай деуші еді. Өмірден таба алмаған жан тыныштығы мен жылуын, ақыл мен адамдық жолын, махаббат пен мейірімді кітаптан ғана тапқан осы бір кейіпкердің кетіп бөрімізге де ұқсап кететіні бар. Қаламгер — кітапқа айналатын адам. Үлкен қаламгерлер бір адамның ғана емес, тұтас қоғамның, кезеңнің, тіпті дәуірдің ұстазына, әке-шешесіне айналып жатады. Олар жана дәуірді тудырады. Өз оқырманын қалыптастырады. Әл-Фараби, Абай, Аймауытов, Майлин, Әуезов, Кекілібаев, Нұрпейісов, Мағжан мен Мұқағали. Күні кеше ғана өмірден өткен Сағұн, Исабеков, Әкім Тарази...

Біз Абайдың кітабы қыз жасауының бас мүлкі болған күнді сағынамыз. Біз әрбір кітапты Қадыр Мырза Әлише қызғанамыз. Біз Итжеккенге айдалып кетерін біле тұра, Мағжанның кітабын тығатын жанкештілікке құрметпен қараймыз. Біз Қалихан Ысқақтың кейіпкері Алматыдың «Шұғаның белгісін» жанұшыра жасырып оқитыны секілді оқырман махаббатын іздейміз. Нұрмағанбетовтің Сырлыбайы мен Шарайнасы секілді жастардың бір-біріне кітап оқып бергенін қалаймыз. Нұрпейісовтің Еламаны секілді адамдардың кітапты қорғап күрескенін көргіміз келеді. Сағұн Шаймерденовтің Мәуеліні секілді әр адамның кітапқа «дүние терезесі» секілді қарағанын құптаймыз. Себебі, біз — кітапханашымыз. Мәртебелі мамандық иесіміз. Қарапайым мектеп оқушысына да, самайына ақ түскен академикке де қызмет көрсетеміз. Кітап бойынша бағыт-бағдар береміз. Отан күзетінде тұрғандай кітап күзетінде тұрамыз.

Біз әрдайым бір кітапты іздейміз. Досымызға, сырласымызға, ұстазымызға, тіпті әке-шешемізге айнала алатын кітапты. Сол кітапты әр оқырманға ұсынғымыз келеді. Біздің заманымызда Рут Шоу дейтін жаназеландиялық тамаша бір адам өмір сүреді. Екі кітап дүкенін ұстайды. Соның «Қиырдағы кітап дүкенінің иесі» атты автобиографиялық романы бар. Соған бір адам үй интерьеріне үйлестіру үшін он тал жасыл түсті кітап сұрап келеді. Рут Шоу оған бірде-бір кітапты сатпайды. Себебі ол үшін кітап бұйым емес, кітап — адамның өмірі. Кітапқа осындай құрмет, осындай қарым-қатынас қажет.

Мен түзде ғана кастерлі кітапхана мен мәртебелі оқырманға қызмет етіп жүрген жоқпын, үйде де оқырман тәрбиелеп отырмын. Айта кету керек, үйдегі кішкентай оқырманымың талғамы мен талабы өзімнен асып кетті. Оның қазір кітап тұсаукесеріне келгісі келмейді, мен апарған кітаптарды оқығысы келмейді. Неге? Міне, осы жерде оқырман деңгейі, оқырман қалауы, автор мен оқырман деген мәселе туады.

Бүгінде әлемдік әдебиетте заман талабына сай көптеген жанрлар қалыптасып, оқырманға сол жанрда жазылған кітаптар жол тартуда. Мәселен, ғылыми-фантастикалық, фэнтези, комикс сынды бірнеше



Фазиза ҚҰДАЙБЕРГЕН

ҚР Ұлттық кітапханасының директоры

жанр түрлеріндегі шығармалар қазақ әдебиетінде жоқтың қасы екенін ескерсек деймін. Ал шығармаларды оқырман қауым арасында кенінен насихаттау үшін әдеби кітап клубтары шеңберінде әдеби институттармен бірнеше ортақ жобалар жасалуы керек. Расында бүгін кітапқа деген махаббатты, яғни ерекше ықыласты арттыратын шығармалар ауадай қажет. Автор, оқырман, баспа, кітапхана арасындағы сабақтастық жүйелі түрде жұмыс істесе, оқу мәдениеті жөніндегі бірнеше мәселе өздігінен шешілер еді. Біз «бүгінде жастар кітап оқымайды» деген таптаурын пікірді тек жақсы шығармалар жазып, оны дұрыс насихаттай білсек қана жоямыз.

Кітапханаларда әдеби шығармаларды талдау мақсатында арнайы подкасттар жүргізіліп келеді. Осы орайда біз шетелдік «BookTook» сынды жобаларды қолға алуымыз қажет. Осылайша, біртіндеп оқитын ұлт пен отбасылық оқу мәдениеті де бір ізге түсер еді.

Көптеген елде кітап оқу — мәдениеттің ажырамас бөлігі. Мысалы, Финляндия мен Жапония — әлемде ең көп кітап оқитын халықтардың бірі. Бұл елдерде мектеп жасынан бастап кітап оқу мәдениеті қалыптасады. Балаларға кітапханалар қолжетімді, қоғамдық көлікте, саябақта, тіпті жағажайда кітап оқитын адамдарды жиі кездестіруге болады.

Оңтүстік Кореяда арнайы «Кітап оқу күндері» өткізіліп, кітапханалар мен кітап дүкендері тегін қызмет ұсынады. Халық арасында «күніне кемі бір бет оқы» деген ұстаным кең тараған. Франция мен Германияда авторлар мен оқырмандар арасында тығыз байланыс бар. Жана кітап шыққан сайын халық арасында пікірталас, әдеби кездесулер ұйымдастырылады екен. Иә, бізде де осы үрдіс бар. Бірақ қадірлі қаламгерлер, осы жерде оқырманды ұмытып кеткен жоқпыз ба?

Ұзақ жылдар осы кітапхана саласында жүргенде бір нәрсені байқадым: кітап тұсаукесері тым ресмиленіп кетті. Автор тұсаукесерді оқырман үшін емес, өзге авторлар үшін жасайтын жағдайға жеттік. Он-он бес қаламгер жиналады, автормен қалай танысқанын айтып, автордың өмір жолына тоқталып, жана шыққан кітапқа табыс тілейді. Тұсаукесер осымен тәмам болады. Сонынан шәй ішіледі. Шығармашылық кештер де осы дәстүрге берік.

Ал автор мен оқырман қайда? Тұсаукесер мен шығармашылық кездесудің форматын өзгертетін уақыт жеткен секілді. Төр автор мен оқырмандық ғана болуы керек деп ойлаймын. Үлгі ретінде Оралхан Бөкейдің кездесулерін айтуға болады. Ол әрдайым өз оқырманымен тарихпен бетпе-бет келгендей жүздесетінін ескі бейнекадрлардан көріп жүрміз.

Мейлі көркем шығарма, тарихи кітап, ғылыми еңбек болсын жай ғана таныстырылуы керек. Автор мен оқырман арасындағы пікірталас қажет. Оқырманның кітап таныстырылуынан шығып, пікірі мен көзқарасын әлеуметтік желіге жазғаны жеткіліксіз. Оқырман құрметтейтін авторын ғана іздеп барады. Автор да оқырманға құрметпен қараса, қандай жарасымды болар еді! Қызу пікірталас қана кітапқа қызығушылық тудырады. Бұл кітапханашының қаламгерге деген өтініші деп қабылданыр.

Елімізде жалпы саны 12 377 кітапхана бар. 341 107 140 құжаттық қор, яғни кітап 11 585 798 оқырманның сұранысын қанағаттандыруда. Нақты деректерге сүйенер болсақ, жылына 168 971 766 құжат (кітап) берілімі жүзеге асып келеді. Бүгінде кітапханаға оқырмандардың келімі саны 118 527 053-ті құрап отыр. Бұл көрсеткіш еліміздің кітап оқу мәдениетіне жақындап, «Оқитын ұлт» идеясының төңірегіне топтасып жатқанын аңғартады.

Қазіргі жастар — болашақ елдің иесі. Ал елдің келешегі кітапқа деген құрметтен басталады. Кітаппен дос болған ұрпақ — дұрыс қоғам құра алатын ұрпақ.



Рахметжан ЮСУПОВ

Р. Сүлейменов атындағы
Шығыстану институты
Ұйғыртану орталығының жетекшісі
ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының кандидаты,
ҚЖО-ның мүшесі

ән» атты өлеңдер жинағы. Ол ежелден бері көптеген ұлт әдебиетінде жалғасып келе жатқан жалпыға ортақ өлмейтін, өшпейтін махаббат тақырыбын қаузапты. Ол өлеңдері арқылы әр жастағы оқырмандарын өз денгейінде ойға салып, сезім әлеміне жетелейді. Мейірім мен сүйіспеншілікті жырға қосып, шынайы махаббатты әспеттеп адалдыққа, тазалыққа, қалтқысыздыққа шақырады.

Ақын әрі журналист, ҚЖО-ның мүшесі Ташгүл Незиярованың «Ақиқат айнасы» атты кітабынан орын алған 150-ге жуық өлеңдері мен рубайларында автордың Отан, ұлт, тәуелсіздік, отбасы, достық, жастық, әділеттілік, ақиқат туралы ой-толғамдарын оқи аласыздар. Оның атажұртқа деген әсерлі сезімдерін, келешекке деген үміті мен сенімінің жарқын көріністерін көруге болады.

Ортамыздан оза шауып алда келе жатқан жас ақындарымыздың бірі, ҚЖО-ның мүшесі Вильям Молотов еді. Оның «МИР» баспасынан жарық көрген «Қырықтың

қоғамдық жақтан өз ықпалдарын көрсеткен әйгілі ел болғанын көрсетіп, оқырманына көз жеткізген болатын. «Тататұңға» романында XII ғасырда өмір сүрген, Едікұт елінде туып, сол замандағы Найман хандығы ордасында қызмет еткен, одан моңғол империясында болып мемлекеттік лауазымда қызмет атқарған ұйғыр ғалымы және мемлекет қайраткері Тататұңғаның өмірін паш етеді. Отыз тоғыз бөлімнен тұратын, он бес баспа табақ көлеміндегі аталған романда бұдә мұрасы «Алтын жарғыны» ежелгі ұйғыр тіліне аударған ғалым Синку Сәли Тутыннан тәлім-тәрбие алған Тататұңғаның жас кезі, ержетіп есейген шағы, әсіресе моңғол мемлекетінің дамуына өлшеусіз еңбек сіңірген тұлғаның образы барынша ашылады. Автор өзінің алғашқы тарихи шығармасы «Идиқұт» романын жазғаннан бергі жарты ғасыр ішінде Тататұңға туралы ізденіп, материалдар жинақтап тарихи құжаттарды сұрыптап отырған. Соңғы бес жылда шұғыл кірісу арқылы, міне, оқырмандарына тағы

болашағымызды ойлаған кез-келген адам балаларға арналған шығармашылыққа қолдау көрсетуге тиіс. Атап айтқанда, ақын және ғалым Патигүл Мәхсәтованың «Құстар — біздің досымыз», «Біздің халқымыз ежелден шебер» кітаптарындағы өлеңдері ұл-қыздарымызға құстарды, көкөністерді, ұлттық тағамдарды таныстырып, оларға танымдық, тәрбиелік білім беріп, табиғатты сүйуге және оны қорғауға, мейірімділікке, еңбекқорлыққа, шеберлікке, мейман достыққа үндейді. Балалар жазушысы Аву Мәсимовтің «Ертегілер әлемі» кітабының үшінші томына жазушының он ертегі, сондай-ақ «Бар екен де, жоқ екен» айдарында қазақ, ұйғыр, әзербайжан, башқұрт, тәжік, француз, куба, америка, һинд елдерінің он алты халық ертегісі, Андерсен, Перро, Карлайльчев, Сулейменов, Карлюкович секілді атақты ертегі жазу шеберлерінің ұйғыр тіліне аударған шығармалары топтастырылған. Ол шығармалар балаларға достықты, адалдықты, әділдікті сіңіре біледі. Жоғарыда аталған шығармалардан бөлек, «Бар екен де, жоқ екен...» топтамасының өз алдына кітап болып шыққаны да ерекше атап өтер едік.

Әдебиеттегі тағы бір жанр — мемуар. Ол — эссе, естелік бағытында жазылатын деректі проза. ҚЖО-ның мүшесі Музәппәр Зайитовтың кезектегі «Шанды жол» кітабы — автордың Жетісу облысының Жаркент өңірі тарихына арналған екінші кітабы. Аға буындар мен замандастардың өмір жолын, кешкен күнін, еңбегін, ерлік-жігерін, елжұрттың мәдениетін, салт-дәстүрін көрсетіп, ұрпақтарды тура жолға бастауға ден қояды. Кітап «Кіріспе» бөлімнен және «Жақсылардан жақсылық мұраға қалады», «Марапат мешелдері», «Ақ халатты мейірімді жан-дар», «Әжем дауысы жаңғыруда» деген төрт бөлімнен тұрады. Аяғында «Соңғы сөзбен» бітеді. Жазушы өндіріс, ауылшаруашылығы, мәдениет, оқу-ағарту, әдебиет, денсаулық, көркемөнер саласындағы көзге түскен және үздіксіз көрініп келе жатқан көптеген жеке тұлғаларды еске түсіріп, құнды деректер келтіреді. Пәридем Тейипованың «Дәуір сынағы» атты кітабы атажұртқа деген мейір-махаббат, сезім-сүйіспеншілік бағытында жазылған эссе-әңгімелерден тұрады. Жазушы өзі туып өскен Ұйғыр ауданына қарасты Ақтам ауылының тарихында терең із қалдырған еңбекшіл тұрғындардың, әр сала өкілдерінің, жерлерестердің, туыс-туған, ағайындардың өмірінде көзге түскен ірілі-ұсақты оқиғаларды өз басынан өткізген әсерімен қоса баяндап береді.

Драматургия саласы бойынша танымал жазушы және драматург, бірқанша прозалық, сахналық шығармалардың, миниатюралардың авторы Әкрам Ахметовтің Қуддас Ғожамированың атындағы Республикалық мемлекеттік академиялық Ұйғыр музыкалық комедия театры сахнасында «Ғауықтар айласы» пьесасы және «Махмұд Қашқари» драмасы тағы да сахнада қойылды. «Махмұд Қашқари» драмасы Ұйғыр театры 91-маусымының шымалдығын ашты. Осыдан бірнеше жыл бұрын ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы тарапынан ұйымдастырылған драматургтер байқауында осы пьеса екінші орынға ие болып, авторы «Халдун Танер» медалімен марапатталып еді. Өне сол шығарма өткен жылғы Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-турк» атты әйгілі еңбегінің жазылғанына 950 жыл толуына орай Түркияның астанасы Анкарада тағы бір мәрте сахнада қойылып, көрермендердің мақтауына ие болды. Осының бәрі ұйғыр әдебиеті үшін ғана емес, күллі Қазақстан әдебиеті үшін де үлкен жетістік деп айтар едік. Бұл шығарманы аудармашы Дәулетбек Байтұрсынұлы қазақ тілінде сөйлеткенін айта кетуді жөн санадым.

Қорытындылап айтсақ, Қазақстан ұйғыр әдебиеті бүгінгі заман, дәуір рухымен үндес, тыныстап дамып келеді. Оқырманның рухани қажеттілігіне сай қызмет етіп келеді. Бірнеше түйінді баса айтқым келіп отыр. Біріншіден, ұйғыр тілінде жазылған қандайда бір шығарманың, алдымен, Ұйғыр әдебиеті кенесінде талқылаудан өтіп, сонан соң ғана басуға жіберілгені дұрыс деп ойлаймын. Екіншіден, жазушыларымыздың көп жылғы шығармашылық еңбегін үйлесімді бағалап, олардың еңбектерін топтастырып, ортақ бір антология сипатындағы кітап етіп, мемлекеттік тапсырыспен шығарғаны дұрыс болар еді. 2023 жылдың соңында бұл мәселе қолға алынып, Ұйғыр әдебиеті кенесі аталған антологияны дайындаған болса да, ол жұмыс бүгінге дейін орындалған жоқ. Біз Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының аталған антологияның жарық көруіне ықпал етуін сұраймыз. Бұл өтінішіміздің орындалатынына сенеміз.

Қазақстандағы ұйғыр әдебиетінің

КЕЗЕКТІ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Тәуелсіз Қазақстан ұйғыр әдебиеті бүгінгі заманда поэзия, проза, драматургия, балалар әдебиеті, аударма, мемуар жанрлары бойынша дамып келе жатқан болса да, поэзия жетекші сала ретінде даму үстінде. Ұйғыр ақын-жазушылары өз халқының өткен тарихын бейнелеуді негізгі міндеттерінің бірі етіп, сонымен бірге Қазақстан мемлекетінің жеткен жетістіктерін, ондағы достық, келісім, бірлік идеяларын одан әрі кең түрде насихаттау, замандастарының бүгінгі бейнесін, ой-армандарын, ішкі сырларын, адами қасиеттерін және кейбір кемшіліктерді шынайы көрсетуде біршама жетістіктерге қол жеткізді. Ұйғыр поэзиясының 2024 жылы да көш басында келе жатқанын төмендегі ахуалдан көруге болады.

Көрнекті ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, көптеген мүшәйра, байқаулардың жеңімпазы, Илия Бахтия атындағы және Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, Еңбекшіқазақ және Ұйғыр аудандарының Құрметті азаматы, 17 жыр жинағының авторы Жамшит Розахуновтың есімі ұйғыр оқырмандары үшін ғана емес, өзге ұлт оқырмандары үшін де кенінен таныс. 75 жасқа толған мерейлі сәтінде «МИР» баспасынан жарық көрген кезектегі екітомдық «Меруерт тамшылар» атты кітабында автордың жарты ғасыр бойы жазған, шығыс поэзиясында кең таралған жанрлардың бірі — рубайларды қамтыған төрт мыңнан аса өлеңі топтастырылған. Жинақ тоғыз бөлімнен тұрады. Ақын жинағынан байқағанымыз тілі шұрайлы, жалпыға ортақ, терең мазмұнды ой-пікірлері, сезіп білгендері жан-жақты ашылған. Күрделі қалыптасқан мен өмірдің қайшылықтары бейнеленген. Шынайы қарапайым жазу тәсілі арқылы түсінікті тілмен оқырманға жеткізіп отыратынын баса айтуымыз керек.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Иминжан Тохтияров шығармашылығының 40 жылдығына арналған «Ой-хой Заман!» атты өлеңдер жинағы үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде осы кезге дейін жарық көрмеген өлеңдер берілген. Екінші бөлімінде аудармалары орын алыпты. «Әдеби достық — әлемдік достық» айдары астында еңбектері екішеліпті. Онда авар халқының атақты ақыны Расул Ғамзатовтың, белгілі қазақ ақыны Қадыр Мырза Әлінің, Шәмшібай Сариевтің, Бақыт Беделханның жырлары берілген. «Шарықта менің әуенім!» деп аталатын үшінші бөлімінде ақынның өлеңіне жазылған ұйғыр және қазақ композиторларының әндерінің басы біріктірілген. Ақын осы кезге дейін 200-ден аса өңге сөз жазған екен. Оған ел аузында айтылып жүрген «Дүние жалған», «Досыма», «Ана мейірі», «Анашым», «Жасамәңгі Отаным», «Қазақ елі» қатарлы әндері. Иминжан Тохтияровтың атап өтуге лайықты тағы бір еңбегі — «Естен кетпес



қырқасында» атты жыр жинағында өмірде кездесіп отыратын оқиғалар мен көріністер, қазіргі заманның әсерлері, адамзаттық құндылықтар тамырынан тартып бейнеленген. Ақын өзінің философиялық танымы мен адамзаттық ой-толғамдарын жазады. Жинақта ақынның әр алуан тақырыптағы өлеңдері, ғазалдары, балладалары, өлеңге арнап жазған шумақтары сап құрайды. Сондай-ақ ұйғыр тілінен орыс тіліне Вильям Садықов, Надежда Чернова, Хамит Намраев аударған, ақынның өлеңдері жинақталыпты. Одан ары қарай Мұқағали Мақатаев, Қадыр Мырза Әлі, Бақыт Беделхан, Дүкен Мәсімханұлы, Бауыржан Жақып секілді қазақ ақындары мен Мұхамет Юсуп, Ахат Қайым қатарлы өзбек ақындарының Вильям Молотов тарапынан ұйғыр тіліне аударылған өлеңдері берілген.

Қазақстан ұйғыр әдебиетінде екінші орында тұрған жанрдың бірі — проза. Бұл сала бойынша да, жазушыларымыз өз қарым-қабілеті бойынша оқырманды сүйіндіріп, қоғамға ой салатын тақырыптарға назар аудартады. Өткен жылға қарағанда, тарихи тақырыптардың мойны озық секілді. Халқымыздың өткенін тектеп, кешегісін көрсеткен шығармалар бой көтеріпті. Тарихи тұлғалардың образын ашып жазған көркем еңбектер айырықша менмұндалайды. Солардың бірі — Қазақстанның халық жазушысы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, аға буын қаламгеріміз, жазушы-драматург Ахметжан Ашири. Ахметжан аға бүгінгі ұйғыр әдебиетінің бірден бір аскаласы. Оның көп қырлы шығармаларын оқырманы 60 жылдан бері жақсы біледі. Бұл ұзақ жылдар барысын айтар болсақ, әңгіме созылып кетеді. Біз тек қана оның соңғы кезде әдебиетке әкеліп қосқан тағы бір жаңалығын айта кетуді лайық деп таптық. Әдебиеттегі қиын және күрделі тақырып саналатын жанр романшылықта, оның ішінде, тарихи тақырыпты қаузап жазатын қаламгер екенін тағы да дәлдепті.

«Printexpress» баспасынан оның «Тататұңға» атты романы жарық көріпті. Оқырманға белгілі болғанындай, жазушы ата-балаларының өз алдына мемлекет құрғанын, Орталық Азияда саяси, экономикалық,

бір кесек туындысын сыйлап отыр. Осының өзі автордың үлкен мақсат, ұлы мұрат жолында талмай еңбектеніп келе жатқанын дәлелдейді. Автордың жаңа романының бірінші бөлімі Дәулетбек Байтұрсынұлының аудармасымен «Жұлдыз» журналында қазақ тілінде жарық көрді.

Әдебиетімізде мейлі поэзия, мейлі проза жанры болсын өнімді еңбек етіп келе жатқан қаламгерлердің бірі — Тельман Нураханов. Ол соңғы кезде роман жазу бойынша барынша еңбектеніп келеді. Оның «Бейіштегі тозақ», «Қарлығаштың ұясы» секілді салмақты еңбектері көптің назарын аударды. Оның кезектегі «Еске түскен азап» атты романында кеңес кезеңіндегі 1941—1945 жылдардағы Отан соғысында жау қолына тұтқынға түскен жауынгер Анаяттың басынан өткен азапты күндері және оның соғыстан кейінгі өмірі шынайы шындықтармен берілген екен. Романда бас кейіпкер Анаяттың қан-қасап соғыста тұтқынға түсіп, фашистердің аяусыз ауыр азабынан құтылып шығып, туған жеріне келген қиын жолдары суреттеледі. Оның мінезі, психологиясы, ішкі жандүниесі, өмірлік көзқарасы, әр текті адамдардың алдындағы айыбы мен рухы, күрделі қоғамдық қарым-қатынастары барынша ашыла түседі. Оның аталған романы ұйғыр әдебиетіне қосылған жана арна болып қабылданды.

Ұйғыр прозасында әңгіменің орны ежелден бөлек. Ол кең таралған жанр екені жалпыға мәлім. Поэзияда танылған қаламгер Пәридем Тейипованың «Ынтығар» баспасынан жарық көрген «Бауырластар дерті» атты әңгімелер жинағында әйел образына басымдылық берілген. Аналардың басына түскен ауыр сынақтар мен ауыртпалықтар ортаға шығады. Жас отбасылардың тұрмыс тіршілігі, рухани хал-күйі, нәзік жандылардың ішкі әлемі барынша сенімді баяндалады.

Ұйғыр әдебиетінде көпшілікті ойландыратын бір мәселе — балалар әдебиетінің бүгінгі күйі. Балалар мен жасөспірімдердің әдебиетке болған қызығушылығын оятып, құштарлығын туыдыру үшін өлең, әңгіме, повесть, сөз ойындары, ертегі, ән, сахналық шығармалар жанрындағы жазылған еңбектерді газет-журналдардан, жекелеген кітаптардан көріп жүреміз. Бұл еңбектер балалар үшін өте қажет-ақ. Сондықтан



Айзат РАҚЫШ

жазушы, сыншы,
ҚР Мәдениет саласының үздігі

Жастар проза жанрының ең көлемді, аса күрделі түрі – романға жүйелі қалам тартуымен ерекшеленеді. Жаңа ғасырда романның ішкі жанрлық түрленімдерінің көбеюіне байланысты қазақтың жас қаламгерлері де сол жаңашыл бағытты ұстанып, модернистік, постмодернистік сарында даралануға талпынуда. Қазіргі қазақ жастарының прозасын саралау – бұл тек әдебиетке емес, уақытқа, қоғамға, санаға баға беру. Себебі жастар шығармашылығы – заман айнасы, жаңа толқынның рухани портреті. Енді жас қаламгерлердің романдарына жеке-жеке тоқталайық.

Жазушы Әлібек Байболдың «Мұтылған» романы – 2024 жылдың тың жаңалығы. Туынды романның метароман жанрында жазылған. Метароман – бұл постмодернистік әдебиеттің маңызды құбылыстарының бірі. Ол классикалық баяндаудан бас тартып, автор мен кейіпкер, шындық пен қиял арасындағы шекараларды әдейі бұзады. Роман банк менеджері Мұраттың жұмыстан келіп, темекі шегіп тұруымен басталады. Сол сәтте оның санасында өзге бір тұлға оянады. Ол Мұратқа мінез, болмыс, азаматтық ұстаным тұрғысынан мүлде қарама-қарсы. Бүкіл роман Мұтылғанның іс-әрекетіне, оның ішкі толғанысына, қоғамдағы қасіретті жайттардан запыран шеккен зарлы халіне негізделеді. Романның соңында темекі тартып тұрған Мұраттың бастапқы ішкі болмысы, өзін сезіну деңгейі сөзбе-сөз беріледі. Мұраттағы бар өзгеріс – шылмы шегуден бас тартуы. Туындыда интертекстуалдылық басым. Автор Шәкәрім Құдайбердіұлынан бастап, қазіргі көптеген ақындардың өлеңдерін Мұтылғанның жан әлемін ашуға, оның ой-толғаныстарын жеткізуге жұмсаған. Шығармаға метафизикалық романның белгілері – философиялық сұрақтарды, болмыс, ақиқат, сана сияқты ұғымдарды көркемдікпен зерттеу де тән болып табылады. Бұл тұста шығарма философиялық романның элементтерін бойнына мөлінен тоғыстырған. Оқиға орны – Тау ауылы. Жазушы тәртіпін еселгі әліпбилердегі мағынасына ғылыми түсінік келтірген. Осы орайда роман өзінің көркем әдеби бояуынан алыстап, ғылыми келбетке ие бола бастағандай еді. Мұтылғанның хикаясын аты-жөні белгісіз бір кейіпкер баяндайды. Иә, роман жалпы баяндауға құрылған. Постмодернистік сарында жазылғандықтан, жүйелі, бір өзектен тарайтын оқиға жоқ. Мұтылған әр бейнеде, түрлі сюжеттік иірімдердің тоғысынан табылады. Мұтылған – бүгінгі заманның хас батыры, өзі із кесуші, қылмысты ашып, зорлық-зомбылықтың төркінін әділ бағалаушы, отасына ақша жетпеген балаға өз қалтасынан қаражат бөліп берген жомарт, шындықты ғана айтып, ақиқатты әйгілеп, қолына қалам алып, радиодан сөйлеп, әділеттің ақ туын желбіретуден еш тайынбаған жүрегінің түгі бар айтулы азамат. Мотиватор, психолог-коучтарға оның жаны қас. Т. ауылына мотивациялық кенесін беруге келген Томас Андерсенді таяққа жығу оқиғасынан Мұтылғанның ірі, кесек образы оқшаулана түседі. Ол – ойдың адамы, өленді пір

тұтады, шетел әдебиетінің тұңғығына бойлайды. Жазушы романда Мұтылғанның портретін бермеген, тек жасы қырықта екенін ғана аңдатқан, себебі әрбір оқырман өз санасында өзінің Мұтылғанның көңілі қалағандай түр-түрпатта тудырып алары анық. Алайда автор кейіпкерінің мінездемесін беруден айнабаған. Әрбір жаңа тарау Мұтылғанның тосын қасиетін баяндаудан басталады. Жазушы кейіпкерлеріне ат іздеп өуре болмайды, халық ауыз әдебиетінде типтік тұрғыда әбден қалыптасқан көркем бейнелердің есімдерін берген. Аула сыпырушы Көлтауысар, бірақ керен, Ертістік – тергеуші. Жалпы Т. ауылы тұтас еліміздің символында сипатталған.

Жастар прозасы – ТІРІ ҚҰБЫЛЫС

Оны автордың ауылдың көркейгенін, дамыған отыздыққа енгенін, ендігі жеженің ондыққа іліну жайын баяндаған тұстары дәлелдейді. Роман Мұтылғанның қандықол қарақшының қолынан ажал құшуымен аяқталады. Реалистік кейіпкер Мұрат санасындағы Мұтылғаннан рухы оянып, өмірін жаңаша сүруге шешім қабылдайды. «Мұтылған» романы – жанрлық сипатта төл әдебиетіміздің тарихына тұңғыш метароман болып енген тың туынды.

2024 жылы роман жанрына барып, ұлт әдебиеті қоржынына олжа салған қаламгер – Ғылымнұр Кәдірбай. Сәкен Сейфуллиннің атақты «Тау ішінде» өлең-әнімен аттас туындысын автор роман деңгейінде атаған. Оқиға тау ішінде орналасқан А. қаласында өтеді. Қаланың кіре берісі де, шығар қақпасы да қорыммен шектеседі. Оқырманның көз алдына суық ызғар шашқан тау қойнауындағы қаланы елестете басталған роман Мәулен кейіпкердің өмірін баяндауға ұласады. Мәулен – қарапайым еңбек адамы, ақсақал. Қырық жыл жүрегіне көме алмаған қасіреті – алғашқы махаббаты Діләннің белгісіз жағдайда өмірден өтуі. Мәулен күнделікті тірлік күйбеңнен жүрсе де, өткен өмірінің елестерінен құтыла алмайды. Кейіпкерін осындай психологиялық күйзелісте сипаттай отырып, автор лирикалық шегініс көркемдік тәсілін ұтымды қолданып, бұрынғы күндердің елесін оқырман назарына ұсынады. Өткен күн – қазан-ошақ манының ұсақ әңгімесі емес, ірі, әрі қасіретке толы тарихи оқиғалардан көрініс беретін айшықты сәттер. Кейіпкер Байкенженің образы арқылы ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси ахуал айнытпай суреттелген. Байкенже қанша еңбеккер болғанымен, ешқашан басшылықтың көзіне ілінген емес. Оған кінәлі – Байкенженің «ірінің тұқымы, алашшыл» болғандығы. Мәулен бір естелігінде Қара теңіз асып, Қазақстанға жер ауып келген гректердің тағдырын баян етеді. Грек Пименді ақсақалдың басынан кешкендері типтік сипат алып, саяси зобалаң жылдар оқырман көңіліне бар шындығымен қонақтайды. Күншілдіктің құрбаны болған әкесі Баубек туралы Мәуленнің ішкі толғанысы терең, перзенттік мейірі қанбаған көңілі шерлі. Бар оқиғаға құшағын жайған А. мекені қала деп аталғанмен, романда қазақ ауылының тұрмысын кешеді. Мәулен күнде таңертең ірі қараларын өріске айдайды. Пұшық кемпірі Зылиха үй шаруасымен өуре. Құрдасы Ысқақтың бес-алты есегі бар. Маскүнем көршісі Володя күн сайын аруақтарды көріп, солармен сөйлеседі. Володя тұрғындары үдере көшіп, адыра қалдырып кеткен бес қабатты үйде жалғыз өзі тұрады. Ол осы тұрғын үйдің базарлы шағына қайтып оралғысы келгені сонша, ақыры сол қызықты дәурен шындыққа айналғандай, елес бере бастайды. Бұл мекенге қала сипатын берген шахтерлер өмірі суреттелген кез. Өкіметтің тапсырмасымен кеннің жаңа көзін тапқан шахтерлер тауға жарылғыш зат қояды. Ақыры кеннің мол

қорын тапқандары аздай, ордалы жылғанға кез болады. Осы тұста роман қиял-ғажайып сипат алады. Ордалы жыландардың патшасы, онымен тілдескен тарымшы, мәмілеге келуден бас тартқан жыландар, қаланы қаптаған қарабас құрттар қиял-ғажайып ертегінің кейіпкерлеріне көбірек ұқсайды. Жылан қаптау оқиғасынан кейін қаладан береке қашады. Тұрмысы титықтаған тұрғындар өлместің күнін көреді. Роман Мәуленнің жалғызы Бекнұрдың ақын болып, А. қаласына бір топ өнерпаздармен бірге концерт қоя келіп, әкесінің мәңгілік махаббаты туралы өлең оқуымен аяқталады. Реалистік роман мен фантастикалық романның элементтері араласып берілсе де, туындының өз айтары, оқырманға ақтарар шындығы бар. Романның көркемдік деңге-

бабасы Ерсейіттің атын алып, есімін қазақшалап, ана тілін толық менгеруімен төамдалады. Тарихи шындықты сенімді суреттегендіктен, туынды тарихи роман түріне де сай келеді. Жанрлық көпқырлылық – Есбол қаламына тән шеберліктің бір айғағы. Енді романның тілдік келбетіне тоқталсақ, жетілдіруді қажет ететін тұстары бар. Бүгін ұлттың табиғатын танытуға жұмсалған сөйлемдерде автор тым талғампаз болса игі еді. Кейіпкер Гүлбаршынның сөзі: «Мен білгенде қазақ арасында бозбалалық қылмайтын адам аз». Күллі қазаққа қатысты айтылған бұл сөз орынсыз-ау! Лексикалық нормадан адасу көріністері көз алдыма қалқып шықты. Көркемдік, стильдік тұрғыдан өңдеп, түзетіп шықса, роман өзінің екінші тынысын ашар еді.

Тарихи тақырыпқа көлемді хикаят арнап, халық сурген нағыз ақиқатты көркем шындыққа айналдыра білген жас жазушы – Әлішер Рахат. Қаламгердің «Күз. Жел. Бұлттар, Ғажайып» хикаяты үлкен романның ілкі бөліміндей әсер қалдырады. Туынды пейзажды әдемі суреттеуден басталады. «Ерте күз. Гүлеген желде ызғар бар. Аспанда үйір-үйір бұлттар көшіп жүр». Бұл ызғарлы күз атышулы 1928 жылдың қасіретінен хабар береді. Көмпескеге ілінуден сескенген Дәулеткелді отбасын алып, Әулиеатадан Қытай аспақ. Отбасының жалғыз қызы Зейне – нағыз махаббатты армандайтын бұла бойжеткен. Автор Зейненің осы образын аша түсу үшін Айша бибі туралы аңызды оқиғаның ең орайлы тұсында жемісті қолданған. Кесенде таңдалған «Күз. Жел. Бұлттар. Ғажайып» сөздері туындының бүкіл мазмұнын ашатын символдық қуатқа ие. Дәулеткелді – ата қонысынан амалсыз ауа көшкен кешегі қазақ баласының жиынтық бейнесі. Қызы Зейнені қарақшы Серғалиға лажсыздан ұстап беріп, Қытайға жеткенде көргені қорлық: шекарадан өткізбеді, қолындағы малын талан-тараж етті. Ақыры арғы бетке өте алмай, қазақ жерінде қолхоздастыру басталғанда, амалы құрып, жұмысшыға айналды. ХХ ғасырдың басында қазақ еліне нәубет болып тиген саяси оқиғалар суреттелгендіктен, хикаятта бақытты кейіпкер жоққа тән. Жаппай аштыққа ұрынған қазақтың мүшкіл күйін автор суреттей отырып, тоқыраған жан әлемінен де көрініс береді. Жазушы аштық туралатқан елді өліммен бір аймақта тұрып жатқандай деп шебер суреттейді. Бірақ қайсыбір тұста тарихи шындыққа емес, өз қиялына көбірек сүйенетіндей көрінеді. Оқиға шешімі аяқсыз қалған туынды негізгі түйінді оқырманның өзіне сыбаға етіп ұсынып отыр. Әлішер жазушы тарихи шындықты көркем құбылысқа айналдыруда қандай тіл кестесін қолданды? Табиғат құбылысын сипаттауда қаламгер сөзден сурет салады. Моншақтай мөлдіреген сұлу портреттер жасады. Алайда жазушы кей тұста ойлы-қырлы жолға түсіп кеткендей көркем тілінің тізгінін тартып, ауызекі сөзге сүйей салады. Тіпті кейіпкер тілінде емес, авторлық баяндауларда осындай ауызекі сөйлеу стилінде жазылған сөйлемдер ұшырасып қалып жатты. Автор кейіпкерін суреттеу кезінде тым шұбалаңқы сөйлемдерге орын берген. Сөйлемнің шұбалаңқылығының салдарынан бір сөзді әлденеше рет қайталау оқырманның назарын аударған. Бұл орайда қаламгерге сөз саптау әдебінің көркем қалыбын қашан да сақтауға, әдеби стильдің жүйесінен жаңылмауға ұсыныс айтуға болады.

Бес жазушының көлемді, ойы терең туындылары жайындағы талдау осы. Қуанарлық жайт, жас қаламгерлер бүгінгі әдебиетке жаңа кейіпкерлер легін әкелді. Әлібек Байбол қаламынан бүгінгі қоғам идеал тұтатын Мұтылған бейнесі туды, Ғылымнұр Кәдірбай ізденісінен Мәуленнің күрделі образы пайда болды. Ал Есбол Нұрахмет пен Әлішер Рахат ұлт тарихына терең бойлап, алыс өткеннің ақтандақ беттеріне қалам ұшында саяхат жасады. Ал дамытуда қажет ететін мәселе – азба тіліміздің бар көркемдігін қанып ішу, оқырмандарға тұнық, мөлдір тілмен өрнектелген өрелі туындылар ұсыну. Жастар прозасы – әдебиеттегі көктемгі буын: жаңашыл, сыршыл, жарқын әрі кейде бұлтты. Ол өседі, кемелденері хак, өйткені ол – тірі құбылыс.



йіне келсек, автор құрғақ баяндаудан аулақ болып, суреттей отырып баяндау әдісін қолданған. Образ жетілдіруде көбінесе авторлық тұрғыдан араласу бар. Кей тұста автор лексикалық нормадан ауытқып, мағыналық тұрғыда өзара тіркесе алмайтын сөздердің басын «күшпен» иіп қояды. Мысалы, шомбал бетон тіркесіндегі «шомбал» сөзі «етженді, алпамса, шымыр» мағынасын береді әрі адамның сырт тұлғасына қарай орынды жұмсалады.

Оқырмандарын өз романымен қуантқан жастар әдебиетінің өкілі – Есбол Нұрахмет. «Бейтаньы» романы он ұш тараудан тұрады. Нейропсихолог Нығметтің Василийді медициналық аппарат арқылы уақытша өлімге душар етіп, оның миындағы барлық ақпаратты жазып алып, жазушы Айбек Бұлғынбайға таныстыруымен басталады. Ғылыми-фантастикалық роман жанрының белгілері көптеп ұшырасқандықтан, аталған туындыны осы жанға жатқызуға толық негіз бар. О дүниелік болған жанның санасында ойлары самсап қалатыны жайлы қазір ғылымда дерек бары жасырын емес. Ал романның тұтас оқиғасы Василийдің әрбір тарихи кезеңде дүниеге келіп, ажал құшып, бас-аяғы төрт рет өліп-тірілу оқиғаларына негізделген. Алғашқы өмірінде ол Кенесары ханның сарбазы болып қызмет етеді. 1837–1847 жылдардағы Кенесары көтерілісі жайлы тарихи шындық осы алғашқы өмірге баян етіледі. Жазушы кейіпкерлеріне образына сай портрет жазып берген. Толық портрет пен шымыр диалогтар көркем образды мейлінше ашып, өсіре түседі. Кейіпкер Василий әр жаңа өмірінде белгілі бір тарихи кезеңде қайта оянады. Сол тарихи шақта елді соңына ертен көптеген ұлт көшбасшыларының есімдері шынайы күйде аталған. Тарихи шындыққа құрметпен қараған, бұрмалауға салмаған. Ерсейіт орыс мұжығы болып та, қыз болып та дүниеге оралады, тракторшы Серікбай болып та жарық дүние есігін ашады. Сонында қазақшаға шорқақ Василий деген қазақ болып ұшпалы жан тұрақтайды. Ғылыми-фантастикалық романның элементтерін тиімді қолданған жазушы қиял арқылы тарихи шындықты түйдегімен сөйлетіп өтеді. Роман Василийдің батыр



Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ

Одаққа деректі шығармалар жанры бойынша 18 автордың 32 кітабы түскен екен. Солардың ішінде жазушы-публицист Марат Тоқашбаевтың «Уақыт жөбесі» атты бестомдық жинағы ерекше назар аудартады. Жинақтағы туындыларға еліміздің тәуелсіздік алғалы бергі отыз жыл ішінде өткен маңызды кезеңдері арқау болыпты. Автордың егемен еліміздің өсіп-өркендеуі барысына жедел үн қатып тұрған жазбалары, дербестікке аса қажет ұлттық идеологияны қалыптастыру жолдарын қарастырған талдаулары, қоғамдық-саяси сараптамалары, әркімнің көзқарасын, мақсатын айқындауына, ұлттық құндылықтарды дәл ажырата білуіне жәрдемдесетін публицистикалық мақалалары, зерттеу еңбектері осы бес кітапқа топтастырылған. Алғашқы томдағы публицистикасында Марат: «Қазақстанда Ұлттық мемлекет құрудың басты шарты — қазақ тілін шынайы мемлекеттік тілге айналдыру», — деп түйіп, ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу ісін ұлт құндылықтары арқылы жүргізуге шақырған және сол тұжырымдарын сан салаға сыни назар салу жолымен тарқатып баяндаған. Күрескер қаламгер отызжылдық тоқырау және соның салдары ретінде ресми айтылатын жеті пайыз, іс жүзінде жетпіс пайызға жуықтайтын кедейшіліктің сырларын ашқан. Екінші томға автордың Қазақстанның тәуелсіздігін қалпына келтіруге, ұлттық рухымызды тоталитарлық кезең қыспақтарынан сақтап қалуға, материалдық және рухани құндылықтарымызды еселей түсуге үлес қосқан жекелеген тұлғалар хақында жүргізген зерттеулері негізінде жазған эсселері, очерктері, түрлі сұхбаттары енгізіліпті. Мұндағы әдебиет, өнер, ғылым салаларындағы көптеген белгілі тұлғалар, заманымыздың үлкен қайраткері Дінмұхамед Қонаев пен оның ата-анасы жайындағы мақалалар ерекше танымдылығымен ерекшеленеді. Үшінші томда автор Кеңес-Герман соғысының көпшілікке беймәлім, құпия тұстарын көптеген тың деректер келтіру жолымен айқара ашып береді, 28 панфиловшы ерлігі, Ленинград блокадасы сынды советтік мифтерді де әшкерелейді. Төртінші томда автордың тәуелсіздік жылдарында билік буындарында істеген белгілі тұлғалардан алған, өзінің де түрлі қызметтер атқарған кездерінде берген сұхбаттары, сондай-ақ ол жайында жазылған мақалалар, оған арналған өлеңдер топталып берілген. Бесінші томда Мараттың той мәдениеті, әдет-ғұрып, салт-дәстүр ерекшеліктері, дін мен дәстүр, жоғары адамгершілік қасиеттер жайындағы ой-толғамдары мен пікірлері арнайы тақырыптарға жіктеліп, үйлесімді топтастырылған. Марат Байділдәулының осынау бестомдық ұлт қайраткерлерінің тәуелсіздік жылдарында ел мүддесі үшін жүргізген күресінің айнасы болып шыққан.

Жазушы Қуандық Түменбайдың «Менің көзім арқылы» атты эсселер, портреттер мен мақалалар жинағы және «Жан әуендері» деген көсемсөз кітабындағы шығармалардың қай-қайсысы да белгілі қаламгердің деректерді сөйлетудегі өзіндік әдеби тәсілімен, көркем тілімен оқырманын баурап әкетеді. Бұл екі жинақта ол деректі қысқа әңгімелері арқылы оқырманға кешегі тоталитарлық дәуір мен бүгінгі тәуелсіздік заманындағы адамдардың жандуниесін ашып көрсетеді.

Желтоқсан тақырыбын жазушы және публицист Талғат Айтбайұлының терең қаузап келе жатқаны мәлім. Ол оқырманды, негізінен, көтеріліс тарихымен және көтеріліске қатысушылардың естеліктерімен таныстырып жүрген айғақ-кітабының 15 томын шығарғанды, дегенмен Одаққа олардың ешқайсысын қоспай, басқа төрт кітабын жіберіпті. Олар — былтыр жарық көрген «Өтпелі кезең көзімен» атты эсселер, сұхбаттар, ой-толғамдар, «Айтар ойым болған сон...» тақырыбымен біріктірілген эсселер, сұхбаттар, «Жүрегіме жүгіндім» деп аталған эсселер, ой-толғаныстар, сұхбаттар жинақтары

және «Мың бір күн, мың бір түн» деректі романының өңделіп, екінші рет басылған нұсқасы. Романда автор кеңестік дәуірдегі қуғын-сүргінді, жоқшылықты бастан кешкен, балалар үйінде, мектеп-интернатта тәрбиеленіп, әскерге шақырылған, одан жаһандық соғысқа қатысқан, бейбіт заманда банк ісінің үздігі болған, жетпіс үш жасында жүгіруден чемпион атанған еңбек ардагері Әлжапар Мұстафаұлы Мұсаевтың өмір жолын кейіпкерінің атынан өте тартымды да танымды етіп, келістіре әңгімелеп шыққан.

Желтоқсан шежіресін түзіп жүрген, сол жолда оған қилы кедергі қойылғанына

Отаншылдық сезім тәрбиесіне үлес

қарамастан, мойымай, біргіндеп жеңіп келе жатқан Талғат Айтбайұлы секілді қару-қаламын жанкештілікпен тоқтаусыз беуден танбаған тағы бір шығармашыл тұлға бар. Ол — жазушы-зерттеуші Көлбай Адырбекұлы. Талғат Желтоқсан шежіресін көтерілісшілер көзімен, ал Көлбай «Қазақ ісін» жүргізуге, яғни империяшыл-астамдықпен ойдан қиыстырылған «қазақ ұлтшылдығын» дабыралатуға шынайы бетпердесін жасырмай кіріскен зымиян отаршылдардың ашықтан-ашық, отар ұлттың адал ұлдарын қылмыскер етуді мақсат еткен озбыр іс-әрекеттерінің қоясын ақтарып, ашы шындықты ашу жолымен жасады. Сол күрделі шақта, 17–18 желтоқсандағы көтерілістің артынша, оның себептерін ашуға тырысқан түрлі жиындағы Ғылым академиясында СОКП Орталық Комитетінің өкілімен 24 желтоқсанда болған кездесуде академик Салық Зимановтың, Жоғарғы Кеңес төралқасы аппаратының 25 желтоқсандағы партия жиналысында қатардағы коммунист ретінде менің, Жазушылар одағында орталық эмиссары Геннадий Колбинмен 31 желтоқсандағы кездесуде ақын Жұбан Молдағалиевтің сөйлеген сөздерінің мәтіндері баспасөзде жарияланып жүргенмен, олардың ешқайсысы содан бергі отыз пәленше жыл бойы сындарлы талдауға алынбағаны мәлім. Сол «ақтандақты» зерттеуді тұңғыш рет жазушы Көлбай Адырбекұлы қолға алды. Көлбай мәселенің тамырын айқын ажырататын сауатты сарапшылығымен өзінің қандай да құрметке лайық екенін көрсетті.

Әлгінде Көлбай Адырбекұлының Желтоқсан туралы туындыларының бірінің кейіпкері ретінде аталған Болат Шарахымбай Одаққа өзінің «Сұрапыл сынақ ғұмыры» атты публицистикалық эссесін ұсыныпты. Кеңес Одағының батыры, Еңбек ардагері Сейітқасым Әшірөке арналған үш бөлімнен тұратын кітабының «Майдан шебінде» атты алғашқы бөлімінде автор кейіпкерінің 1942 жылы он сегіз жасында әскерге алынғанын, үш айлық жеделдетілген оқудан өтіп майданда барлаушылар қатарына қосылғанын, жиырма жасқа жетпей жатып Батыр атанғанын, «Еңбек төрінде» делінген екінші бөлімде соғыстан кейінгі бейбіт өмірде қалай ел құрметіне бөленгенін жазған. Кітаптың «Көз көргендер» атты үшінші бөліміне топтастырылған замандастарының, елу жеті жыл отасқан жұбайының, балаларының естеліктерінде оның осы жолдары, елге сіңірген еңбектері, адами қасиеттері жайында шерткен небір жүрежарды сырлары бар.

Жазушы Жақсылық Айжанұлы «Елдің адамы еді» кітабында архив деректерін іздестіру және көз көрген әріптестерінің естеліктерін жинастыру жолымен жаһандық соғыстың және одан бергі жасампаз еңбектің ардагері Ишан Турлиннің тағылымды өмір жолын жаңғыртты. Оның қарапайым еңбек адамдарына деген ырыс-қамқорлығы естеліктер арқылы шыншыл да сүйіспеншілікпен көрсетілген. Кейіпкердің тағылымды ғұмыры оқырманды жақсы сезімге бөлеріне күмән жоқ.

Одақтың қарауына келіп түскен шығармалар қатарында бітімі өзгеше екі жинақ

бар. Бірі — Қапез Қожахметовтің «Таланты — ерек, табиғаты — бөлек» кітабы. Бұл жинаққа Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Мағира Қожахметова мен оның туындыларына байланысты мерзімді басылымдар беттерінде өткен ғасырдың 70-жылдарынан қазіргі шаққа дейін жарияланған пікірлер, ірілі-ұсақты мақалалар, рецензиялар, кітаптарына жазылған жабық рецензиялар енген. Көркемсөз шебері Мағира Дәулетбекқызының толыққанды бейнесін оқырманның көз алдына жастар үлгі алуға тұрарлық кейіпте әкеледі.



Біз әлгінде бітімі өзгеше деп ерекшеленген екі кітаптың екіншісі — белгілі ақын Байбота Қошым-Ноғайдың «Үлпет. Сұхбаттар мен сұрақтарға жауап» жинағы. Мұндағы түрлі басылымдарға берген сұхбаттары мен өзіне арнайы қойылған сұрақтарға қайтарған жауаптарында Байбота өзінің шығармашылығымен астастыра әдебиеттің, әсіресе өзі елеулі еңбек сіңірген балалар әдебиетінің жай-күйін, сондай-ақ түркітанудағы ізденістерін, өзге елдердің ірі ақындары жайлы ойларын, қоғамда орын алған құбылыстар хақындағы пікірлерін айтады.

Журналист-жазушы Бекен Нұрахметов «Менің тағдырымадағы адамдар. Эсселер» кітабында қаламгердің мектептегі ұстаздары, жоғары мектепте журналистика мамандығын бірге меңгерген курстастары, баспасөз органдарында, сондай-ақ тәуелсіздік жағдайында жаңадан қалыптаса бастаған кеден бекетінде істеген шақтары, еңбек жолында қызметтес болған, түрлі жағдайда кездестірген белгілі кісілер жайында жылы да танымды естеліктер берген екен. Оның көптеген белгілі тұлғалар, әсіресе Димаш Қонаев, Кәкімжан Қазыбаев, Бердібек Сапарбаев, Әділ Ахметов, Мұстафа Өзтүрік туралы жазғандары деректілігімен, шынайылығымен оқырманын риза етеріне күмән жоқ.

Жазушы Жалғасқали Дұтмағанбетовтің «1812 жыл: Соғыс және бейбітшілік (Қазақы нұсқа)» атты үш кітаптан тұратын романы қазақ әдебиетіндегі бұрын көтерілмеген мүлде тың тақырыпты арқау етуімен елең еткізсе, Кенжеғали Қошым-Ноғай «Парыз» атты танымдық мақалалар мен зерттеулер жинағының Одаққа ұсынған алғашқы кітабына «Салт-дәстүрің — қазынаң» деген тақырыппен тәуелсіздік дәуірінде мерзімдік басылымдар беттерінде жариялаған мақалаларын топтастырыпты.

Қайым-Мұнар Табеев «Ең соңғы майдан» атты жинағында әйгілі Желтоқсанға байланысты сол кезгі барлық ресми құжаттар мен материалдарды, көтеріліс жайын зерттеген комиссияға берілген биік қызметтегі адамдар мен барша қатысушы болған тұлғалардың, қатысушылардың түсініктерін, республика қауіпсіздік комитетінің, қоғамдық комиссияның анықтамаларын жинастырып, Желтоқсан оқиғасын тексеру жөніндегі парламенттік комиссияның хабарламасын және оны тарату жөніндегі Жоғарғы Кеңестің қаулысын берген, соларға тиісті түсініктеме жасай отырып, сондай-ақ көтеріліс шындығын қайткенде жұртшылықтан жасыруға тырысқан

жоғары биліктің әрекеттері мен еріксіз барған шегіністерін баяндаған.

Бертінгі онжылдықта «Қаралы көш» тарихи романы арқылы кең танымал болған жазушы, тарихшы Жәди Шәкенұлы биыл Одақтың қарауына ұсынған шығармаларында өзін көркемсөз шебері ғана емес, терең де білікті зерттеуші ретінде де жан-жақты, батыл көрсете біліпті. Оның жаңаша іздену жолдары, өзіндік көзқарасы, түйген тұжырымдары «Шынғыс ханның қарызы» атты зерттеулерінде әлемді тітіретуші дәуірінен, оның үлкен ұлы құрған Ұлығ ұлыс пен сол жұртта шаңырақ көтерген қазақ мемлекетігі тарихынан қызықты сыр шертеді. Ал «Қан кешкен Өр Алтай» деген деректі зерттеулері Алтай қазақтарының кейінгі екі ғасырда бастан кешкен неше алуан ауыр оқиғаларын, қытай Алтайына көшу, одан әрі Гималай асуға ұласқан ұзақ көш бойғы қасіреттерді, қилы зұлымдықтар көріністерін нақты айғақ-дәлелдермен суреттейді. Кітап соңына «Шет жұрттағы қазақтар тағдырына ықпал еткен тарихи оқиғалар жылнамасын» берген. Танымдылығы зор бұл кітаптардың құнын Жәдидің тең автор Қайрат Айдарханұлымен бірлесіп жазған «Алтай алыптары» деген деректі хикаялары мүлде арттыра түскен. Мұнда олар атты аңызға айналған балуандар жайлы «Алтай қойнауында таңды таңға ұрып» карттардан тыңдаған, оқыған, көрген хикаяларды жинақтапты. Танымды, қызықты.

Жандарбек Бұлғақов, Айтақын Бұлғақов «Әкетіме. Сапалы 5 минут» деген бала тәрбиесіне арналған кітабында ұлттық құндылықтарды заманауи талаптарға ұштастыру, аға буын өнегесінің өскелең ұрпақ көзқарасымен үйлесім табуы жолдарын әңгімелейді. Бұл кітаптың қазіргі заман ата-аналарына, педагогика мамандарына пайдалы екені дау туғызбайды.

Ақын Қайрат Бестібаев «Рота, подъем! Боямасыз баян» деген кітабында әскери қызметте бастан кешкендерін және жеке өмірінің әр сәтінен естеліктер беріпті. Кітабының анықтамасында көрсеткеніндей, шын мәнінде, ойдан шығарылған еш көркем қоспасы жоқ, күнделікті тіршіліктен жазылған нағыз «боямасыз баян» болып шыққан.


Оқырманға «Таңғажайып Қонаев» роман-эссесімен кең танымал болған белгілі қонаевтанушы Ораз Қауғабай Одаққа биыл екі кітап ұсыныпты. Бірі — тағы да Димекен жайында, Қуандықша айтқанда, «ел билеген осы бір дара тұлғаның басқан ізіне үніле жүріп, ақсақал-қарасакалдардың аузын бағып, шындықтан ауытқылмай» қағазға түсіріп, жан-жақты зерттеулері нәтижесінде «Ақылманның балалық және жастық шағы» деген тақырыппен шығарған шағын кітапшасы. Мұнда ізденімпаз қайраткер өміріндегі тылсым, сыры жұмбақ жағдайларды сондай-ақ жекебасының қасиеттерін тізбелейді. Осы кітапшамен қатар автордың «Әз Тәуке және Әлмерек» атты танымдылығы көзге ұрып тұрған кітабы жарыққа шыққан екен. Ертеректе Әлмерек есімін псевдоним ретінде қолданған автор отызшақты жыл бойы зерттеп, жинаған деректері негізінде Әлмеректі Тәуке хан тұсында белгілі би болған тарихи тұлға ретінде танытыпты.

Құрманғали Жұмағазыұлы Зақария-немересінің «Аталар тарихы — ұрпаққа аманат» атты шежірелік деректер кітабы бір әулет шежіресін тарихпен, тарихи оқиғалармен және тарихта із қалдырған тұлғалармен байланыстыра түзіпті.

2024 жылы жарық көрген деректі туындылардың қолыма тигендеріне шолуым дөңгеленіп соңына келіп қалғандықтан, солардың ішінде, менің де болашақ тәуелсіздік күрескерлеріне пайдалы болуды мақсат еткен «Тәуелсіздік һәм зиялылар» дейтін кітабым да бар екенін еске сала кеткенім артық болмас.

Танымды әдебиетке артылатын ізгі ниет үдесінен шығуды, біздің ойымызша, шолуымызда аталған кітаптардың баршасы да көздеген. Қай-қайсысы да оқырманның азаматтық позициясын нығайта түсуге жәрдемдесері хақ. Тек, сөзіміздің соңында, таралымның мардымсыздығын естен шығармай, оны ретке келтіру жолдарын табуға тырысуды Жазушылар ұйымы болып ешқашан ұмытпағанымыз жөн дегіміз келеді.

Көсем әдебиеттің КҮМІС БҰЛАҚТАРЫ



Бақытбек БӘМІШҰЛЫ

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері

Шетелдердегі қазақ әдебиетінің 2024 жылғы барысына шолу жасарда менің санам әуелі әлемді шарлап кетті. Әлемнің орта есеппен қырыққа жуық елінде қазақтар тұрады. Олардың жалпы саны 7 миллионға жуықтайды екен. Демек әлемнің қырықтай елінде бай, бақуатты қазақ баласы өмір сүреді. Бұл – үлкен мақтаныш. Олай болса, оның көркем әдебиетінің деңгейі бізді неге толғандырмасқа?

Есімі елге белгілі түрколог ғалым Л.Н.Гумилевтің Алтай қазақтарының денесіне физикалық әсерден түскен жарақаттың тез жазылып кететініне таңғалып жазатыны бар. Бұл жергілікті халық үшін табиғи жағдай болғанымен, сырт адамына беймәлім таңғажайып нәрсе болып көрінген. Демек шетелдердегі қазақ әдебиетінің барысын, сол жергілікті мекенде тұрақты тұратын, оның күнделікті тыныс-тірлігімен қоян-қолтық араласып, бірге жасасып отырған халықтан артық ешкім де терең білмейді. Біз тек сырттай, «естіген құлақта жазық жоқ» деп қана жорта шолу жасаймыз. Сол үшін шет елдегі көркем әдебиетпен шұғылданып жүрген өзіме таныс ақын-жазушылармен тікелей байланысқа шығуға ниет еттім.

Қытайдағы қазақ әдебиеті

Қазақ әдебиетінің әр жанрында жақсы дамыған, ең үлкен, ең тынысты, кең арналы, Ертістей еңселі, Іледей ілкімді саласы – Қытайдағы қазақ әдебиеті. Бұл күнде екі еларалық әдеби байланыс та онтайлы жалғасын тауып отырғаны ондағы көркем әдебиетіміздің барысын бағамдауға мол мүмкіндік береді. Соның айқын көрінісіндей былтырғы жылы елімізде көрнекті жазушылар Мағаз Разданұлының (1924–1998) 100 жылдық, Әкпар Мәжитұлының (16.04.1954) 70 жылдық мерейтойлары ойдағыдай аталып өтті.

Қытайдағы қазақ әдебиетінің дамуына Үрімші қаласында шығатын «Шұғыла», Алтай қаласында шығатын «Алтай аясы», Шәуешек қаласында шығатын «Тарбағатай», Іле аймақтық «Іле айдыны», Құмыл аймақтық «Құмыл алқабы» қатарлы тұрақты шығып тұрған әдеби журналдардың рөлі айрықша екенін жергілікті халық, қаламгер қауым ілтипатпен атайды.

Қазақ ақын-жазушыларының 2024 жылғы табысы да аз емес. Атап айтсақ,

Нұрахмет Әуетовтің «Жүңго арманы», Барат Каданның «Ақ аяз жырлары», Нұрболат Шериязданұлы мен Мұқаматхан Бөкейдің «Өлеңдер жинағы» (жеке-жеке), Солтікен Көкейдің «Бір биік тау», Қайныкей Әлжанның «Жыр сапарында», Көкей Қамалдың «Әңгіме, повестер», Бөлек Қалиұлының «Сүйеді жүрек», Ризабек Қасеннің «Отан иісі» (роман), Қуат Асылбектің «Мамыр бояулары» қатарлы кітаптары жарық көрген екен. Біз олардың атын естігеніміз болмаса, қолымыз жетпегенін атап өткеніміз жөн. Осы қысқа болса да нұсқа мәліметтерді алуға көмектескен әдебиет сыншысы Армиябек Сағындыққа алғыс айтамын.



Өзбекстандағы қазақ қаламгерлерінің жетістіктері

Әлемде қазақтардың көп шоғырланған бір өлкесі – Өзбекстан. Онда ресми мәлімет бойынша 821 мың қазақ тұрады. Науаи облысының, Кенімех ауданында тұратын ұстаз, белгілі ақын Наурызбай Жарбосынұлы ондағы қазақ қаламгерлерінің қол жеткізген жетістіктеріне көңілі толғанып айтады.

Қалдыбек Сейданов, Ақшагүл Төлегенова, Наурызбай Жарбосынұлы, Пولات Қазбеков, Сәуірхан Ахметов, Лала Жұманова, Тұрсынәлі Ахметов, Құлназар Ибрагимов, Ақан Ташметов, Рәбия Өсерова, Абдулла Рүстемов, Анар Нәлібаева, Төрбай Сәрсенбаев сынды белгілі ақын-жазушылармен қатар, жас қаламгерлерден Арухан Ақпанбетова, Жарасқан Мырзамұратов, Ербол Қыранбаев, Қайрат Ахметов, т.б. дарынды жастардың өнімді еңбек еткенін тілге тиек етеді.

Шетелдік қаламгерлердің туындыларын қазақ тіліне аударуда Абдулла Рүстемов, Сапарбек Иманбеков, Тұрсынәлі Ахметов сынды қаламгерлерді атап көрсетеді.

Қазақ жазушыларының еңбектерін насихаттауда қазақ тілінде шығатын республикалық «Нұрлы жол» атты газеттің рөлін айрықша атап өтеміз.

2024 жылы белгілі қаламгерлер Абдулла Рүстемовтің «Қайран дүние», Сәуірхан Ахметовтің «Дала әуені», Ералы Арапбаевтың «Дәптердегі жазулар» атты өлеңдер жинағы, танымдық-өнегелік дүниеге құрылған Рәбия

Өсерова мен Рахия Мансұрованың «Өрлеу» атты еңбегі, ал аударма саласындағы Сапарбек Иманбековтің «Достарымыз жырлайды», жас ақын Ербол Қыранбаевтың «Нұрлы сезім» атты еңбектері кітап болып жарық көрген. Сондай-ақ өзбекстандық қазақ жазушыларының «Қызылқұм жырлары» мен «Тау елі ақындары» атты топтама жинақтары да әдебиет сүйер қауымның сүйіспеншілігін тудырған дүниелер екенін айтып өтуге болады.

Сондай-ақ 2024 жылы «Отандастар қоры» мен Қазақстан Жазушылар одағының бірлесуімен «Ұлы дала» халықаралық байқауы аясында өзбекстандық қаламгерлер

солтүстік өңірін түгелдей көмкеріп, әдіптеп, жиектеп 7591 шақырымға созылып жатқан Ресей аумағындағы миллионға жуық қазақтармен әдеби байланыс күрделі екені айтпаса да түсінікті. Солай болса да азды-көпті мәлімет алуға ниет еттік.

Ресейдегі қазақ өкілдері ұлттық мәдениетті, әдебиетті, тілі мен дінін сақтап қалуға жағдай жасау үшін жергілікті аумақтарда қырықтан астам қоғамдық бірлестіктер мен мәдени орталықтар құрған. Орынборда «Айқап», Астрахан облыстық «Ақ арна» атты қазақ газеттерін шығарады. Омбы облысында «Мөлдір», «Достар», «Аманат» ансамбльдері мен мәдени бірлестіктер шама-шарқынша қазақ мәдениеті мен әдебиетін насихаттауға өз үлесін қосып келеді. Ендігі жерде осы ұжымдармен бірлесе әдеби байланысымызды нығайта түссек, нұр үстіне-нұр болар еді.

Қазан қаласында еліміздің 36 ақынының өлеңдері енген «Қазіргі заман қазақ поэзиясының антологиясы» татар тілінде жарық көрді (оның ұйымдастырушысы Саят Қамшыгерге зор алғыс білдіреміз).

Моңғолиядағы қазақ қаламгерлерінің қазіргі күйі

Моңғолиядағы көркем әдебиеттің белді өкілі, жазушы, Өлгий радиосының аудармашы-редакторы Ербақыт Нүсіптің айтуынша, 2024 жыл ақын-жазушылар үшін ауыр жыл болған екен. Әдеби журнал «Шұғыла» шықпаған. «Қазақ қаламгерлер кеңесін» биыл қайта құру мәселесі шешіліп жатқан көрінеді. Басты жаңалық – былтырғы жылы ҚЖО мен «Отандастар қоры» бірлесіп Алматыда шығарған кітаптар көрінеді. Ол жайлы былтыр менің «Қазақ әдебиеті» газетіне жарияланған «Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің күміс ғасыры» атты мақалама егжей-тегжейлі баяндалған еді. Ал жергілікті жердегі бір-екі жылдық кідіріс Баян-Өлгей қазақтары ақын-жазушыларының шығармашылығына үлкен әсер етеді деп ойламаймын. Өйткені онда іргетасы берік қаланған үлкен әдебиет әрі әдеби орта бар.

Америкадағы қазақтар әдебиеті

Бұл атау тосын болуы мүмкін. Бұл тіркесті біз тұңғыш рет қолданып отырмыз. Ол бұл күнге дейін қазақ көркем әдебиеті тарихында ауызға ілікпеген жаңа әдеби тарихтың алғашқы парағы – Америкадағы қазақ (саны 100 мыңға жуықтаған <https://baq.kz> aqsh-ta-qaz...) әдебиеті деген саланың ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде дүниеге келуі. Ал оның бастауында өмірінің соңғы көп жылдарын сонда өткізіп, сонда мәңгілік тұрақтанған Мұхтар Мағауин деп есептеймін. Өйткені оның шығармаларының 70 пайызы, яғни 26 томның 17-сі шетелде, соның ішінде Америкада жазылған екен. Оның ең соңғы танымдық тауарихы «Алтын Орда» Америкада жазылып, осында кітап болып басылды. Америкада мұндай көлемді еңбек жазған қазақ әзірге жоқ. Әрбір адамның ұлты қайда тұрғанымен емес, қай ұлтқа қызмет еткенімен айқындалатын болса керек. Демек М. Мағауин Америкадағы қазақтар әдебиетінің негізін қалаушысы әрі көшбасшысы болды. Осы үрдіс жалғасын тауып, ілгері болашақта Америкадағы қазақтар арасынан қазақ әдебиетінің өкілдері шығатынына сенім зор.

Ресейдегі қазақ әдебиеті

Астраханнан күншығыстағы Қосағашқа дейінгі аралықта еліміздің

Өнегесі мен өркенін жайған ҰСТАЗ-ҒАЛЫМ

Серікбай ағай бүгін де дария жағалауына ертелетіп келді. Жан-жағына біраз қарап, бой жазды. Таза ауаны мейірленіп, құшырлана жұтты. Тынысы кеңіп-ақ қалды... Иә, бұл дария – талай ғасыр бойы адамзатты асырап келе жатқан, ырзық-несібесі мол Алланың берген сыйы. Қай жағына көз тіксең де еңсесі көтерілген, адам қызығардай қаланың келбеті бұрынғыға қарағанда сәулеттеніп, көркіне көрік қосқан.

Сапарға шықса да оралған бойда осы дариясына асыға жетеді. Жағалауында ұзақ жүріп, өткен-кеткенді еске түсіреді. Дария бір кезде ерік бермей, суы ернеуінен асып-тасып, қаланы да, айналасындағы елді мекендерді де жыл сайын өбігерге түсіретін. Кешегі асау қалпы біраз ауыздықталып, момақан күйге түсіп, жай иірімделіп, еркелей ағып жатыр. Мұны да сабасына келтірген ғылымның күші. Енді қалай пайдалансаң да басы жіптелген асаудай ноқталанып, жуасып, ыркына көне береді. Сонау оңтүстіктегі ақ қар жапқан биік шыңды таудан басын алып, аяғын Арал теңізіне барып құятын дарияның өн бойына халықтың берекесін арттырып, реттеп отыратын су қоймалары мен су бөгеттері салынған. Енді суын қашан, қалай пайдаланам десе де еркі өзінде бұл жұрттын.

Ағамыздың бала кезден жан дүниесіне ұялаған асыл қасиеттер – сабырлық, байсалдылық, ең бастысы, әр нәрсенің байыбына барып, ойға алғанын ақылмен істеп, тындырымды шешу еді. Осы бір асыл қасиеттері жетпіс жастың биігіне шығып, сексен жасқа қарай аяқ басқанда да өн бойынан алыстай қоймапты. Қайта ақылына ақыл, біліміне білім, іскерлігіне ізет-тілік, өзіне деген талапшылдық қосылыпты.

Басқалар сезбесе де ғылымға деген ойы салмақты, сөзі жүйелі азаматтар оның осы кезге дейінгі өсу кезеңдерін жақсы біліп, байыпты баға бере алады. Ғалымға байсалды мінез, шыдамдылық, интеллект жағынан күн сайын дамып отыру керек болса, мұның бәрі ағамыздың өн бойынан, жүріп өткен жолынан табылады. Көп ізденіп, көп кітап оқып, бір нәрсеге әр түрлі көзқараспен қарау, сосын барып теорияға сүйеніп, оның нақты істегі орнын, белсенділігін, пайдасын анықтау, ол үшін ізденіс үстінде болу күнделікті іс-әрекетіне айналған. Тек бәрін де іздестіру, сосын тиянақты зерттеу ғана түпкі нәтижеге алып келмек.

Адам мақсатына жету үшін, қандай ортада жүрсе де үш қасиет керек. Ол – еңбексүйгіштік, сыпайылық, адамгершілік сияқты асыл қасиеттер. Осы үшеуі де ағамыздың бойынан табылады. Қандай да бір жетістігіне аспайды, саспайды, бәріне қанағат тұтып, сабыр сақтайды. Білгішсініп, әр нәрсеге араласа беру жараспайтынын түсінеді.

Ол жеті жылдық мектепті бітіріп, он төрт жасында Қызылорда гидромелиоративтік техникумына түсуге талапталды. Бұл мақсаты жүзеге асты. Мектептегідей сүйген мамандығын тереңірек оқығаны көкейіне қонды. Терең білім алды. Алда талай арман бар екенін ұғынды. Дипломын алып Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының гидромелиорация мамандығына ем-



тихандарды сәтті тапсырып, студент болып ілінді. Біраз есейді, ақыл да, білім де жинады. Мамандығы бойынша жолдамамен жіберген Тасбөгет қыстағындағы жиырма тоғызыншы жылжымалы механикаландырылған колоннасында суармалы күріш жүйесі құрылысында мастер болып қызмет атқарды. Қарамағындағыларға мамандығы бойынша ақыл-кеңес айтып, жол көрсетті. Белсене еңбек етуге жұмылдырды. Нақты еңбек жүйесін оқыған теориядағыдай атқару үшін, өндірісте соған сай жағдай да, озық техника да керек екенін сонда байқады. Ол үшін ғылыммен айналысып, еңбек барысын нақтылап, үйлестіре түсу керек. Суармалы күріш жүйесін инженерлік эмбебап әдіске көшіру қажеттілігі де туып келе жатқанын байқады. Сонда күріштен ғана емес, басқа дақылдардан да мол өнім алуға болатынына жас жігіттің көзі жетті.

Осы ізденіс оны Қазақтың күріш ғылыми-зерттеу институтына алып келді. Институтқа аға ғылыми қызметкер болып орналасып, кейін жас маман лаборатория меңгерушілігіне көтерілді. Осында көп нәрсені үйренді. Еңбек пен ғылым ұштасты. Терең зерттеу жұмыстары ерекше ізденіспен, сәтті орындалып, жемісін бере бастады. Ауылшаруашылық дақылдарын өсіруге алғашқы күннен-ақ озық ғылыми әдістер егістік алқаптарында қолданылып, тәжірибеден өтті. Ағамыз соның қыр-сырына қанығып, оның барысын қағазына түсіріп, салыстырып, зерделеп зерттей бастауы – үлкен нәтижелерге қол жеткізді. Ауыспалы күріш егісіндегі ылғал-тұз режиміне баса назар аударып, мықтап қолға алып, жүргізген зерттеу тәжірибелерін зерделей бастап, нәтижелі қорытындысын шығарды. Осы бағытта ғылыми еңбек жазып, аяғында қорғап шығып, техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды.

Бұл Сәкенге үлкен серпін, зор жетістік пен ізденіс әкелді. Сонына мықтап түсіп, ғылыми бағытын тереңдетіп, ары қарай кенінен зерттей беруге бел байлады. Ізденімпаз ғылымның шеберлігі жан-жақты арта түсті. Оның түйгені – адамға тынымсыз еңбекқорлық керек. Өйткені ол терең қазыналы білімпаздыққа жетелейді екен. Кез келген ортада ұйымдастырушылық қабілетін шындап, ұйытқы болып отырды. Осының бәрі жас ғалымның бойынан табылып, өзіне деген нық сенім ұялатты.

Тағы бір ұғынғаны – алдына қойған мақсаттың жүзеге асуы үшін, өз ісіне

жауапкершілікпен қарап, өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқару үшін адамның бойында адалдық қасиеттер болуы керек екен. Ол қиыны мен қызығы мол ғылым жолынан тайған емес. Өйткені ол осы бағыттағы мақсатын түбегейлі іске асыру үшін Мәскеу мемлекеттік табиғатты үйлестіру университетінде «Сырдарияның төменгі ағысындағы суармалы алқаптардың экологиялық-мелиоративтік режимін реттеу» тақырыбында жазған докторлық диссертациясын сәтті қорғап шығып, нағыз ғылым биігіне көтерілді.

Өз-өзіне деген жауапкершілік пен талапшылдық Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институты Қызылорда филиалы кафедрасы меңгерушісі қызметіне айқара есік ашты. Кейін екі жоғары оқу орны бірігіп, университет болды. Сөйтіп жоғары оқу орны күшейіп, іргелі білім мен ғылым ордасына айналып, құлашын кеңге жайып, ғылыммен еркін айналысуға қолайлы жағдайлар туды. Жоғары оқу орнында факультет деканы, оқу ісі жөнінде проректор, экология және су шаруашылығы мәселелері ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметтерін ойдағыдай атқарып, белгілі де білікті ғалымдар қатарынан ойып тұрып орнын алды.

Осы уақыттар ішінде ойға түйген, бойға жиған білім-біліктері де жеткілікті еді. Бірақ асып-таспады, тер төгіп, сіңірген қызметін халқының игілігі үшін жаратып, тамшыдай пайда әкелсе де деп, арман-мақсатының баянды екеніне жұртшылықтың көзін жеткізді. Сонда ғылымның да, тәжірибенің де талаптың да атасы – нағыз еңбек екенін түсініп, зердесіне түйді. «Еңбектен бақытын тапқандарға не жетсін!» деп тағы да ұзақ ой құшағына енді.

Терең білімді, ойлы, зерделі, ғалымға жайлы мінез-құлық та жарасады. Бұл – Сәкенге тән нәрсе. Ол үшін денсаулығы жақсы, тәрбиесі тәлімді, білімі өміршен болуы керек. Өзінен кейінгі талантты, талапкер жастарды қамқорлыққа алуда еткен еңбегінің мәйегін мәуелей түседі.

Серікбай ағаның да айтары аманаттай берік, ақыл қосар сөзі де ғылым жолына қадам басқан әрбір жасқа өнеге. Ол да ғылым докторлығына, профессорлық атаққа оңай жолмен жеткен жоқ. Сүрінген де, күйінген де, тіпті жиреніп, қол сілтеген, өкінген де кездері аз болмапты. Бірақ алған бағытынан, өзінің алдына қойған түпкі мақсатынан қайтпады. Оңай жолды іздеген жоқ. Талмай іздену, көп оқу, еңбектену оның бағын ашты. Суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайларын жақсартудың ғылыми жаңалықтарын ашып, күнделікті өмірде қолдана білді. Дақылдарды тиімді суару режимдерін зерттеу арқылы ойға алған істері жүзеге асты. Осы бағытта үш ғылым кандидатына ақыл-кеңесін беріп, дайындап шығарды.

Қазір өткен өмір жолдарына байыппен қарап көз жіберсе, ғылымға аз үлес қоспапты. Жүзден астам ғылыми еңбектері жарық көріп, ізденушілердің игілігіне айналыпты. Үш монографиялық кітап пен бір оқулықтың авторы атаныпты. Қолға алған ғылыми бағытында әріптестері таңғалатындай жемісті еңбектері де баршылық екен.

Осы тұста Сәкен шәкірт баулуда, жақсы да білікті маман тәрбиелеуде көп игі істер атқарғанын айта кетуім керек.

Оның ішінде мен де 1978-1983 жылдары Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының Қызылорда филиалы гидромелиорация факультетінде оқып, оны қызыл дипломмен бітіруіме, жақсы білім, тәрбие алуыма сол кездегі факультеттің деканы Серікбай Иманбайұлының зор үлесі барын әр кез мақтанышпен айтамын.

Өмірде болсын, еңбек жолында болсын, адамның жақсы жетістіктерге жетуіне, қалыптасуына осындай жайсаң да ұлағатты ағаларымыздың ғибратты әңгімелері, ақыл-кеңестері мен ой-тілектері әсерін тигізіп жатады. Шүкір, еңбек жолында Ішкі істер, Қаржы полициясы органдары мен Мемлекеттік қызмет істері саласында басшы болып, еліміздің жеті облысы мен Астана қаласында жоғары лауазымдардағы жауапты қызметтерде жүріп, осындай қадірлі ағалармен байланысымызды үзбей, үнемі сыйластықта болғаныма қуанып жүремін. Бұл да өмірдегі зор құндылықтардың бірі деп білемін.

Шындығында инемен құдық қазғандай көзге көрінбес осы тағылымды еңбектері бізді биікке самғатып, талай марапаттарға қол жеткізді. Ол «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен наградталса, көп ұзамай өр кеудесінің алтын жағасына «Құрмет» орденін тақты. Осылайша, ғалымның мақтан тұтар еңбегі мен төккен тері орынды бағаланды. Бұған дейін де Серікбай Иманбайұлы Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» және «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталғаны да күні кеше сияқты еді. Қарап отырсақ, талай жылғы көз майын тауысқан ізденісі мен зерттеуі құрметсіз қалмапты.

«Ұрпақтың ұлы болуы – ұстаздың ұлағатымен өлшенеді» дегендей, құнды ғылыми зерттеу еңбектеріне сай көп жылғы ұстаздық жолы жұлдыздай жарқырап, басына бақ құсы болып қоныпты. Оның шәкірттері елімізден тыс шет елдерде де қызмет атқарып, абыройын биіктетіп жүр. Бұл да ұстаз үшін үлкен жетістік әрі мақтаныш.

...Ол таң қылаң бергеннен, күннің арайлы нұрымен жарысып, жай басып дарияға келді. Сырдың иірімге толы толқынды төсі зерлі тәждей жарқырап, күн шапағы біртіндеп биіктеп, аймалай түседі. Келешекке қол созғандай Қызылорда шаһарының қарышты қадамы сәулетті көп қабатты үйлерімен көз қарықтырады. Айналаның сәнді ажарына көрік қосып, Сәкенге де бірге құлпырып, бірге суландырып жібергендей, еңсесін көтеріп алып, тәуелсіздіктің күндеріндегі ұлы өзгерістерге көңілі толып марқая қарайды.

Тәуелсіздік жылдарының еңсе тіктеп егеменді елге айналғаны, халқымыздың қуанышына ортақтасып, өзіндік ғылыми жолдағы ізденісті жемістерімен үлес қосқаны белгілі. Ол өткен табысты жолдарына риза. Ол таңдаған ғылым саласының көтерген жүгі де аз емес. Бәрі де халық игілігіне жарап, ел дәулетін көтеріп, өркендетуде қараңғы түннің аспанында айдай жарқыратып ізін тастап жатқандай. Бұдан артық Сәкенге қандай бақыт керек?!

P.S. Мақала жазылып жатқанда, 12 сәуір күні Серікбай Иманбайұлы Ақордада ел Президентінің қолынан «Парасат» орденін алды.

Мақсұт НӘЛІБАЕВ,
Қызылорда облыстық
мәслихатының депутаты

Әдебиет жайлы қазақтың біртуар азаматтары, Ғабиден Мұстафин «Әдебиеттің түпкі мақсаты – адам жанын тәрбиелеу» десе, Зейнолла Қабдолов «Әдебиет – ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы» деп сипаттаған. Америкалық драматург, жазушы Г.Видал былай деп жазған екен: «Қашанда жақсы әдебиеттің болары шындық, алайда мәселе оны кім оқиды?»

ӘДЕБИЕТ ҚАШАНДА ҚАМҚОРЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Бүгінде кітап, газет-журналдарды тіптен оқымайтын, тек ғаламтордағы жаңалықтармен таныс болатын әлеуметтік медиа түрлерімен достық орнатқан жастардың ойлау қабілеті мен есте сақтау дағдыларын дамытуға үлкен ықпал ететін кітап оқуға еш қызығушылығы болмауы ойлантады. Өзімің балалығымды еске алсам, мектеп кітапханасындағы кітаптарды бітіріп, ауыл кітапханасындағы әр түскен жаңа кітапты қалдырмай оқитын едім, одан қалса сыныптастарыммен оқыған кітап саны бойынша жарысатын едім. Бұл күндері мектеп оқушыларын кітап оқуға шақыратын «Кел, бірге кітап оқиық!», «Демалыста кітап оқимыз» сынды марафондардың бастамасы зор.

Менің балалығым өткен ғасырдың 90 жылдарына тап келді, сол жылдары ұйғыр әдебиеті мен мәдениетіне байланысты ғылыми мақалалар орын алған ана тілімізде кітап пен журналдар басылатын еді. «Пәрваз» атты журнал көркем шығармаларды таныстырып, ақын-жазушылар мен оқырмандар байланыстарын жақындатты және әдеби талдау, әдеби сынға толы мақалалармен де байыды. Ал 1990 жылдан бастап «Арзу» журналы Алматыда шығарыла бастады. Журналда әдеби, ғылыми, мәдени мақалалармен бірге роман, повестерден үзінділер, қазақ, орыс және шетел әдебиеттерінен аударылған көркем шығармалар, әдет-ғұрып, ұлттық және балалар ойындары, балалар әдебиеті де таныстырылып келді.

2017 жылдан бастап Алматыда «Ижаткар» журналы жарық көре бастады, ұйғыр мәдениеті, әдебиеті, тілі мен мәдени генофонын сақтап қалуды көздеген, сонымен бірге ұйғыр халқының мәдениеті, тарихы мен творчестволық дамуға қатысты ғылыми және тарихи мақалаларды қамтыды.

Кезіндегі «Жазушы» баспасынан жылына екі рет жарық көретін әдеби-мәдени, әлеуметтік-саяси «Пәрваз» альманахы тоқтап, «Арзу», «Ижаткар» атты әмбебап журналдары демеушілердің күшімен шығып, алды жабылды.

Осы орайда оқырман қауым мен ақын-жазушылар арасындағы байланысты күшейтуде Қазақстан Жазушылар одағының атқарып жатқан жұмысы орасан зор. Жазушылар одағының қолдауымен екі айда бір рет «Шынар» атты ұйғыр тілінде журналдың бастапқы саны шықты. Бұл журналда қазақ пен ұйғыр халқының бірлігі, тарихы мен мәдениеті, әдеби туындылары жарық көріп, журнал өз кезегінде ұйғыр мектептерінде оқу-әдістемелік құрал есебінде де сұранысқа ие болып үлгерді.

1934 жылы құрылған Одақта Қазақстан халқы өкілдерінің секциялары бар, солардың арасында Ұйғыр секциясы жылдар бойы тынымсыз еңбек етіп Қазақстан ұйғыр әдебиетін дамытып келді. Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының тікелей қолдауымен құрылған «Сәуле—Қуяш» әдебиет қоры соңғы жылдары игі істерді атқарып отыр. Атап айтқанда, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы Музәппәр Зайитовтің «Шанлиқ йол», «Үч қиссә», Иминжан Тохтияровтың «Һәй, һәй, заман» өлеңдер жинағының екінші томы, «Мүһәббәт аһаңлири» жинағы, Авут Мәсимовтың «Чөчәк дунияси» үшінші томы және балаларға арналған «Бар екәндә, йок екәндә» атты ертегілер жинағы, Гүлзия Һаширова, Бүвинур Ғожәмбәрдиева, Бүвинур Ибрагимова, Халмурат Зайитов сынды авторлардың «Норуз чәшмилири» атты коллективті өлеңдер жинағы, Рашидәм Абдусеметованың «Мән—адди аял» өлеңдер жинағы және Гүлзия Һаширова, Мәружан Мамиров, Бүвинур Ибрагимова, Сәәнәм Имрәзиеваның «Бәхитлик балилик чағ» коллективті жинағы оқырман қауымға жол тартты.

Жаңадан баспадан шыққан қалың кітаптар арасында Гүлзия Һаширова, Бүвинур Ғожәмбәрдиева, Бүвинур Ибрагимова, Халмурат Зайитов сынды авторлардың «Норуз чәшмилири» атты коллективті өлеңдер жинағына ерекше тоқталуды жөн көріп тұрмын.

Авторлық құрам ішінде Бүвинур Ғожәмбәрдиева, Бүвинур Ибрагимова сынды

авторлар 36-40 жыл еңбек өтілімі бар ұйғыр тілі және әдебиеті ұстаздары, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ұйғыр және орыс тілі мамандығын тәмамдаған, ұлттық мектеп жанашырлары, ұлағатты ұстаздар және өлең жазуды өздеріне серік еткен жандар. Ал Гүлзия Һаширова өлеңдері соңғы жылдары ғаламтор арқылы қалың елге жақсы таныс, кейбір өлеңдеріне тіпті әндер жазылған автор, «Іле өңірі» газетінде тілші болып жұмыс жасаған. Соңғы автор Халмурат Зайитов мектеп қабырғасынан бастап өлең жазуға қызығушылығы болған, дүрбелең кезең, өмір сынақтары болса да өзінің әдебиетке деген махаббатын жоғалтқан емес.

Төрт ақын өлеңдерінде де ұлттық нақыш, ұлттық иіс аңқып тұр, отан, жанұя, табиғат, махаббат, ата-ана, жер, ана тіл тақырыптарына көп туындылар жазылса, әр авторға тән жеке сәлестіру, сөздік қор, ұқсату мен көркем сипаттау орын алған.

Атап айтсақ, Бүвинур Ибрагимованың «Инчикә үстәл», «Ғазлар вә өдәкләр» сатира-ларында өзі жұмыс атқаратын білім беру саласындағы бюрократия, әріптестер арасында кикілжің ашық сипатталған.

Гүлзия Һашированың «Немишкә», «Мәйлиди», «Хияллирим» сынды өлеңдерінде өмір жайлы ойлары, философиялық терін пікірлер, қарапайым халық көңіліне орын алатындай әдемі әрі жеңіл берілген.

Бүвинур Ғожәмбәрдиеваның «Уйғурумниң дәстихини», «Һәр әсвапниң тарихи бар», «Ана тилим» өлеңдерінде ұлттық нақыш, ұйғыр халқына ғана тән қасиеттер өте жақсы берілген.

Қазақстан Жазушылар одағының тікелей қолдауымен құрылған «Сәуле—Қуяш» әдебиет қоры ұйғыр әдебиетінің мұрагерлері – жастарды қолдау үшін құрылған. Жеке автор немесе коллективті авторлар шығармаларын дайындауға көмектерін береді, қолжазбаны ұйғыр секциясының екі мүшесі қарап, әдеби редакциядан өткізеді, пікірлерін беріп, түзетулер жасайды және кітапты шығарып, оқырманға таратуға ат салысады. Бүгінгі таңда қордың өз кітапханасы бар. Сондай-ақ болашақта барлық ақын-жазушылардың еңбектерін, туындыларын және көркем шығармаларын келесі ұрпаққа қалдыру және қаз-қалпында жеткізуді мақсат етуде. Әр автордың архивін жеке каталог ретінде сақтау да қарастырылуда.

Осы орайда тағы бір қуантатын жайт, қор қазақ және ұйғыр тілінде жазатын жас авторлар үшін көрнекті ақын Абдусемет Дөлөтов атындағы Қазақстан Жазушылар одағының «Сирдаш» сыйлығын ұсынды. Сыйлық қоры екі номинация бойынша 300 000 теңге. Конкурс шарттары өткен жылы мамыр айында «Қазақ әдебиеті» газетінде, ғаламторда жарияланды.

Осы және басқа да көптеген игі істер, бастамалар басында Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының Ұйғыр әдебиеті бойынша кеңесшісі, балалар жазушысы Авут Мәсимов және «Құрмет» орденінің иегері, талантты ақын, журналист Иминжан Тохтияров, жазушы Музәппәр Зайитов сынды азаматтар жүр.

Түріктің ұлы ғұламасы Жүсіп Баласағұн ХІ ғасырда өз еңбегінде қалдырып кеткен нақыл сөзінде былай деген екен:

«Өз игілігінді ойлама, халқың игілігін ойла,

Халқың игілігі ішінде, сенің де игілігің болады», яғни ана тілімізді, әдебиетімізді сақтау, дамыту, мәдениет пен білім беру саласын жақсарту әр қайсымыздың қолымызда, балаларымыз бен немерелерімізді ұлттық мектептерге берсек, сол ұрпақ ұлттық әдебиеттің оқырманы, жанашыры және мұрагері болары хақ.

Дилфуза РОЗИЕВА,

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің қауымдастырылған профессоры, PhD докторы.

Эрнест ТӨРЕХАНОВ

1943 жылы 12 қарашада Алматы облысының Кеген ауданындағы Жаланащ ауылында туған. 1960-1962 жылдары «Алматы жилстрой» тресінде құрылысшы болып жұмыс істеген. 1962 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің орыс филология факультетіне түскен. 1963–1966 жылдары әскер қатарында болды. Одан оралған соң оқуын сырттай жалғастырып, «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінде корректор, әдеби қызметкер, жауапты хатшының орынбасары, бөлім меңгерушісі болған. Маңғышлақ, Торғай облыстары ашылғанда өз еркімен Маңғыстауға қоныс аударып, мұнайшылар мен кеншілер (уран кеншілері) өмірімен жете танысты. Ұзақ жылдар «Жазушы», «Жалын» баспаларында, «Қазақфильм» киностудиясында жұмыс істеді. «Наука и высшая школа Казахстана» газетінің бас редакторы болған. 1990 жылы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті, осы қоғамның «Ақ Жарық» – «Белый Свет» атты газетінің бас редакторы, «Ұлы Дала» газетінің бас редакторы болды.

Алғашқы кітабы «Хантәңірі» (әңгімелер) 1978 жарыққа шықты. Одан соң «Алтын шеңбер» (1982, повестер мен әңгімелер), «Таудан түскен із» (1983, повестер), «Ер кезегі» (1984, роман және повесть), «Алыстағы ақ қала» (1987, роман), «Ескендір мен Роксана» (роман), «Алматыда күн ашық» (2009) кітаптары жарық көрді.

1982 жылы «Таудан түскен із» повесі республикалық жастар конкурсының («Жалын») жеңімпазы атанды. «Алыстағы ақ қала» романы үшін Мұхтар Әуезов атындағы сыйлыққа ие болды. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Астанаға 10 жыл» мерекелік медальдарымен, «Қазақ тілі» қоғамының «Қазақ тілінің қаһарманы» алтын медалімен марапатталған.

Ұлт руханиятының дамуына зор үлес қосқан қаламгердің жарқын болмысы халқының жадында сақталады.

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы

Шынайы да арлы қаламгер еді

Эрнест ағаны 1995 жылдан бастап танимын. Жазған дүниелерін сыртынан оқып жүретінбіз. Сол жылдары Жазушылар одағы арқылы Жамбыл қорының төрағасы қызметін атқаратын. Кейіннен республикалық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті болып ауысып, мен ол кісінің орнына Жамбыл қорының төрағасы болып келдім. Осы кезеңнен бастап ағалы-інілі болып жақсы араластық, шығармашылық байланысымыз күшейді. Эрнест ағаның кітаптарын оқып, жазуына тәнті болдым. Жазушының бәрін нақты, оралымды әрі жүйелі етіп жазатыны ұнайды.

Қаралы хабарды естіп есеңгіреп отырмын. Қазақтың шынайы, таза, арлы, еңбекқор қаламгері еді. Ағамыздың жатқан жері жайлы, жаны жәннатта болғай.

Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ

Жақсылар біртіндеп азайып барады

Белгілі жазушы, журналист Эрнест Төреханов келместің кемесінде кете барды деген суық хабар жетті.

Ерекенмен тоқсаныншы жылдары республикалық «Қазақ тілі» қоғамында танысып, аз ғана уақыт қызметтес болдық. Ол – кәдімгідей лауазымды қызметі бар, аты шыққан жазушы, мен болсам, ұжымға жаңа келіп қосылған қарапайым қызметкермін. Бір күні «Алыстағы ақ қала» атты кітабын ұсынып тұрып: «Сенің пікіріңді білейін деп едім», – дегенінде танданысымды жасыра алмадым. Кітапты тез оқып шықтым да, оң пікірімді айттым.

Ерекен біртоға адам болатын, әр сөзін салмақтап сөйлейтін. Өзілі зілсіз, керемет еді. Өрімдей жазушы кезіндегі екі қыз қабылдау бөлмесінде отыратын. Екеуінің де есімі – Шынар. Ажырату үшін «қазақ Шынар», «орыс Шынар» деп атайтынбыз. Өйткені қыздардың тәрбиесі екі бөлек болатын.

Бір күні қабылдауға бара қалғаныма Шынардың бірі зіл темірден жасалған сейфті аша алмай әлтекеніп: «Көмектесіңізші», – деді жалынып. Кілтті әрі-бері бұраған болдым, ашылмады. Екі ортада Эрнест Төреханов келе қалды. Оны да қолқалады. Ерекен біраз машақаттанып: «Осы орыс жасаған дүниені бір теппесен от алмайтын еді», – деп, сейфті теуіп қалғаны сол еді, есігі сарт етіп ашылды.

Сағынышқа айналып, самғап бара жатырсыз...

Иманы саламат болсын ағамыздың. Ақ көңіл, жақсы кісі еді. Сексенінші жылдары «Жалын» баспасында жұмыс істеп жүрген кезімде Құрманғазы Қараманұлы ағамызбен көңілі тату, әзіл-қалжыны жарасымды болатын. Бір күні, қыс ортасында бөлімге кіріп келді де, құлақшының орындыққа тастай салып, өзі соның үстіне отыра кетті. Шамасы, ой тұңғығына батып жүрген кезі болса керек. Құрдасымен біраз әңгімелесіп, қалжындасып, бір кезде: «Ал енді, мен кетейін», – деді де, жан-жағына қарап құлақшының іздей бастады. «Әй, жана мына жерге қойып ем», – деп үстелдің үстін алақанымен сипап-сипап қояды. Кіші редактор Мәрзия ол кісінің құлақшыны қайда жатқанын білсе де, ұялып, айта алмай сылқ-

Сол жылы Наурыз мерекесін алғаш рет ұжым болып тойладық. Үлкен бір бөлмені босатып, кілем, киіз төсеп, үстіне көрпелестіріп, ортаға дастарқан жайдық. Той бастаған Өмірзақ Айтбаев нақышына келтіріп «Бір мысқалды» шыркады. Сазды әуенге, Өмекеңнің ерекше дауысына сліткен жұрт сілттей тынды. Өн аяқталғанын кейін жұрт біразға дейін есін жия алмай отырып қалды. Құс жастықты құшақтап, төр жақта жамбастап жатқан Ерекен: «Өмеке, енді осындай қызға тең келетін жігіт туралы шыркасыңыз», – деп үнсіздікті бұзды. Өмекең жан-жағына паңдана қарап: «Ондай қызға тең келер жігіт қайда-а-а?!» – деді. Ерекен жұлып алғандай: «Бармыз ғой, жатырмыз ғой!» – дегенде жұрт ду күліп еді.

Ұмытпасам, соңғы рет Ерекенді Рәтбек қажының Алматы әкімшілігі асханасында өткізген асында көргем. Қарақұрым халықтың арасынан көзі шалып қалып, «Мандайың жарқырап, анадайдан менмұңдалады», – деп калжындағаны есімде. «Ескендір мен Роксанасын» ұсынып: «Тағы да пікіріңді күтемін», – деп еді. Бұйырмады.

Жаратушының жазымы, жақсылар біртіндеп азайып барады.

Алла алдыңыздан жарылқасын, аға!

Маруана ХАМЗАҚЫЗЫ

сылқ күле береді. Бұл қызықтың арты қалай аяқталар екен деп мен үндемеймін. Ақыры Эрнест ағамыз «аяқ астынан жоғалған» құлақшының таба алмай, орнынан тұрған кезде, өзі отырған орындыққа мыжылып жатқан құлақшының көріп: «О, тоба», – деді таңғалып. Біз күліп жібердік. Эрнест аға да езу тартып: «Әй, құлар-ай, сендер біліп отыр екенсіңдер-ау, неге айтпайсыңдар?» – деді. Құрманғазы аға жымылып: «Әй, өзін де бір, айта алмайтын жерге қойған екенсің», – деп калжындады.

Қайран, ағалар-ай!.. Сағынышқа айналып, самғап бара жатырсыңдар-ау...

Нұрғали ОРАЗ

Сейіт ҚАСҚАБАСОВ

Белгілі әдебиеттанушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, фольклортанушы ғалым, Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сейіт Қасқабасов 85 жасында өмірден өтті. Көрнекті ғалым 1940 жылы 24 маусымда Семей қаласында дүниеге келген. 1947 жылы Семей қаласының Жаңасемей бөлігіндегі №5 орта мектепке оқуға барып, 1957 жылы Алматыдағы С.М.Киров атындағы №912 қазақ орта мектебін, 1964 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтын үздік тәмамдаған. 1967 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын бітірген. 1969 жылы «Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған.

1970 – 1981 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінде ғылыми хатшы әрі «Қазақ КСР Ғылым академиясының хабарлары» атты журналдың жауапты хатшысы, 1981 – 1983 жылдары Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясының М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институтында аға ғылыми қызметкер, 1983 жылдан Алматыдағы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында аға, жетекші ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген. 1989 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінде «Қазақ халық прозасының жанрлары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. 1988 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінде консультант қызметіне тағайындалып, әдебиет және өнер саласына жауапты болған және саяси репрессияға ұшыраған Ж.Аймауытов, А.Байтұрсын, М.Жұмабаев, М.Дулатов, т.б. арыстарымызды ақтау жұмысына қатысып, қажетті құжаттарды дайындаған. 1990 жылы Орталық комитетте жанадан құрылған Саяси процестер социологиясы орталығын басқарған. Мұнда сондай-ақ Идеологиялық комиссиясының мүшесі әрі орталық жетекшісі ретінде кезінде қате қабылданған көптеген саяси-партиялық құжаттардың күшін жою және жазықсыз тыйым

салынған ақын-жазушылар мен қайраткерлерді ақтау қажеттігі туралы жұмыс тобын басқарған. 1991 – 1992 жылдары Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы министрлер кабинетінің аппаратында Мәдениет секторының жетекшісі, білім, ғылым және спорт, жастар ісі бөлімі басшысының орынбасары болған. 1992 жылы Қазақстан Республикасы Жоғары аттестациялық комиссиясының төрағасына тағайындалып, ЖАҚ-ты құрып, ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтарды беруге және ғалымдарды аттестациялауға қажетті Ережелерді жазған. 1993 жылы ТМД елдері Жоғары аттестациялық комиссияларының ассоциациясын құрып, оның төрағалығына сайланған. 1994 – 1997 жылдары М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында институт директорының орынбасары, Қолжазба және текстология бөлімінің меңгерушісі болды, 1997 – 2001 жылдары Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Еуразия» ғылыми орталығын, шығыстану факультетін ұйымдастырып, басқарған, қазақ фольклоры мен әдебиет тарихы бойынша дәріс оқыған. 2001 – 2011 жылдары М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры қызметін атқарды. 2011 жылдан бастап институттың «Фольклортану» бөлімінің меңгерушісі және бас ғылыми қызметкері болып қызмет атқарды. Ұлттық руханияттың көкжиегін кеңейтер көптеген зерттеу еңбектерін жазды. Сейіт Асқарұлы Ш.Уәлиханов атындағы мемлекеттік арнайы сыйлықтың лауреаты, 1992 жылғы Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (құрметті атағы) атанып, өзге де көптеген мемлекеттік, халықаралық сыйлықтарға ие болған.

Ұлт руханиятының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ғалымның жарқын болмысы халқының жадында сақталады.

**Қазақстан Жазушылар одағы
Басқармасының хатшылығы**

«Бабалар сөзін» ұрпаққа аманат еткен ғұлама

Әлемге мәшһүр ғұлама ғалымның бүкіл саналы ғұмыры халық мұрасын зерделеуге арналды. Жиырмаға жаңа толған жасында Әдебиет және өнер институтының аспирантурасына түсіп, қазақтың қиял-ғажайып ертегілерін зерттеуге кіріскен сәтте-ақ ғылымға жана дарын иесі келгенін бірден аңғартты.

Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың 25 жасында жазған «Қазақтың қиял-ғажайып ертегісі» («Қазақша волшебная сказка») атты кандидаттық диссертациясы қазақ фольклортану ғылымына соны сүрлеу салды. Осы алғашқы еңбегімен-ақ әлемдік классикалық академиялық мектеп дәстүрін Қазақстанға жерсіндірді. Қазақ халық даналығы әлемдік фольклортану ғылымының ұлы мұхитына С.Қасқабасов салған жаңа арнамен барып күйілді.

Үздіксіз ізденістің нәтижесінде 1984 жылы «Қазақтың халық прозасы» атты әйгілі монографиясы дүниеге келді. Ол туралы берісі Ресейден бастап, арысы АҚШ ғалымдарына дейін пікір білдірді. «Қазақ мифі» жөнінде алғаш рет тың тұжырымдар қорытқан тұңғыш ғалым да С.Асқарұлы еді. Кейіннен ғалымның «Қазақша нескказочная проза» деген еңбегі орыс тілінде жарыққа шықты. Осы екі монографиясы үшін С.Қасқабасов 1992 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Ол алаш арыстарының мұрасын ақтап, жария-

лау мен зерттеу туралы тауқыметті шаруаға да белсенді араласты. Нәтижесін қазіргі ұрпақ көріп отыр.

Ғалымның қажырлы еңбегінің нәтижелері жыл сайын том-том болып жарық көріп келеді. Олардың қатарында, «Колыбель искусства», «Родники искусства», «Золотая жила», «Жаназық», «Елзерде», «Ойөріс» сияқты аты да, заты да кесек іргелі зерттеулерді атауға болады.

Ол жас кезінен бастап-ақ тыңға түрен салуға, жанадан жол ашуға дағдыланған өз замандастарының алды, өз ұрпағының басы екенін дәлелдеп келе жатқан айшықты тұлға болды. Оның ғылымдағы жаналықтарын айтпағанның өзінде, өз қолымен құрып, қалыптастырған ондаған жаңа мекемелерінің өзі бүгінге дейін нәтижелі жұмыс атқарып жатыр. Сондықтан да Сейіт Асқарұлын тек қазақ фольклортану ғылымының ғана емес, тұтас қазақ руханиятының көшін алға сүйреген айбарлы баһадүр тұлға деуге болады.

Ардақты аға, ғибратты ғалым, Сіз салған қазақ фольклортану ғылымындағы сара жолды жалғастыратын, Қасқабасов мектебінің түлектері саналатын бір шоғыр шәкірттеріңіз артыңызда аңырап қалды.

Жатқан жеріңіз жәннат болсын, қадірлі ұстаз. Сіздің еңбектеріңіз халқыңызбен бірге мәңгі жасайды. Бақұл болыңыз, баһадүр тұлға!

Кенжехан МАТЫЖАНОВ

Ғылымдағы Қасқабасов мектебін қалыптастырды

Академик Сейіт Асқарұлымен өткен ғасырдың 90-жылдары таныстым. 1988 жылы Қазақстанда қуғын-сүргін құрбандарын ақтау науқаны басталып, Секең осы маңызды шараға орай құрылған комиссия құрамында жұмыс тобын басқарып, алаш арыстарына қатысты құжаттарды дайындауға ерекше еңбек сіңірді. Сол тұста Орталық комитеттің идеология бөлімінде жауапты қызмет атқарып, ұлт үшін барын сала еңбек еткен зиялылардың қатарынан көрінді. Осы жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Саяси зерттеулер институтының партиялық архивінен алынған бірқатар маңызды құпия құжаттарды көз алдынан өткізіп, кейбіреулерін тадап, «Ақиқат» журналына жариялады. Мысалы, «Ақжол туралы үш құжат» (И.Сталиннің «Ақжол» газеті туралы хаты) атты мақаласы журналдың 1993 жылғы №1 нөмірінде басылды. Міне, содан ба, Сейіт Асқарұлының есімі тәуелсіздік алдындағы өліара шақта дүрілдеп тұрған еді.

Секең табиғатында тын идеялар мен ұсыныстарға құлшынып тұратын елгезек адам еді. 1997 – 2001 жылдары Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде қызмет істеген кезінде жаңа білім ордасында Шығыстану факультетін ашып, «Еуразия» ғылыми орталығын құруға тікелей бастамашы болды.

2001 жылы Секең М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына директор болып қайта оралды. Сейіт Асқарұлы үшін бұл қасиетті шаңырақтың орны айрықша болатын. Ол 80 – 90 жылдардың бедерінде институт директорының орынбасары, қолжазба және текстология бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарғаны мәлім. Бұл жолғы келісінің мәні ерекше болды. Келген бойында ұлттық әдебиеттің қордаланған

мәселелерін шешуге белсене кірісіп кетті. Ең алдымен, Ежелгі және орта ғасыр әдебиеті бөлімін ашып, оған сол тұста қорғаған жас ғылым докторы Бауыржан Омарұлын меңгеруші етіп бұйрық шығарды. Жас мамандарды жұмысқа көбірек тартты. Сонымен бірге жан-жаққа тарыдай шашылып кеткен үлкенді-кішілі ғалымдарды институтқа қайта шақырып, ғылыми кадрлар қатарын барынша күшейтті, соны ізденістерге соқпақ салды. Ағаларымен ақылдаса отырып, болашақ 10 томдық Қазақ әдебиеті тарихының бағдарламасын жасады. Оның жұмысына бүкіл бөлімдерді тартты және жас буын кіші ғылыми қызметкерлердің еркін ізденуіне кең жол ашты. Соның нәтижесінде біз сияқты бірқатар жас ғалымдардың ғылыми мақалалары 10 томдықтың тиісті тарауларын толықтырып жатты. Көп ұзамай қазақ әдебиетінің тарихын толықтырған көлемді көптомдық «ҚазАқпарат» баспасынан жарық көрді. Сейіт Асқарұлы көпшіл, қоғамшыл, ұжыммен жұмыс істеудегі тәжірибесі мол беделді басшы, талантты ғалым әрі өнегелі ұстаз ретінде есімізде қалды.

Қазақ фольклорының көшбасшысы ретінде бірқатар бағалы еңбектер жазып қалдырды және көптеген шәкірт дайындап, ғылымдағы Қасқабасов мектебін қалыптастырды. Бүгін сол алып тұлға жүрек соғысын тоқтатып, мәңгілік мекеніне – ғарышқа жол тартты. Классикалық ғылым корифейлерінің соңғы өкілдерінің бірі әрі халық ауыз әдебиетінің мәуелі бір дарағы еді. Сол биік дарық құлады...

Жаныңыз жәннатта болсын, аяулы Сейіт аға! Алла алдыңыздан жарылқасын! Қазақ ғылымы барда, сіздің жарқын бейненіз ұмытылмайды!

Серікбай ҚОСАН



АРДА ТУҒАН АҒАМ-АУ!

(Сейіт Қасқабасовты жоқтау)

Арда туған ағам-ау, абыз кеуде,
Әрбір сөзің татитын аңыз деуге.
Ғылым үшін сарп етіп ғұмырыңды,
Даналықтан өткіздің дән іздеуге.

Қаламменен туғаннан егіз бе едің,
Бар мұрасын халқыңның негізdedін.
Ертегідей еліңнің ертеңі үшін,
Күн жарықта шам алып жоқ ізdedін.

ТАҒЫЛЫМДЫ ЖОЛ КӨРСЕТТІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, белгілі әдебиеттанушы, көрнекті ғалым, халқымыздың біртуар азаматы, жерлесіміз Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен жақындарына қайғыра көңіл айтамын.

Сейіт Асқарұлы – саналы ғұмырын білім мен ғылымға арнаған қайталанбас тұлға. Ол ұлттық әдебиет пен фольклортанудың дамуына өлшеусіз үлес қосты. Бірнеше буын шәкірттер тәрбиелеп, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды. Мазмұнды еңбектері арқылы қазақ руханиятының көк жиегін кеңейтіп, жас ұрпаққа тағылымды жол көрсеткен ғалым есімі ешқашан ұмытылмайтыны анық.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы саламат болсын.

Берік УӘЛИ

ҒЫЛЫМИ ОЙ ДӘНДЕРІ КӨКТЕП, КӨГЕРЕ БЕРЕДІ

Көркем сөз бен көркем ой әлемі Мұхтар Мағауылның, М.Мырзахметұлының, Әкім Таразидың, енді, міне, Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың дүниеден озуына байланысты қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ілімі Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтен басталған классикалық үрдістің ең соңғы өкілдерінен айырылды. Әдебиет айдынындағы кемелер кетіп, олардың соңында қайықтар ғана қалды. Ендігі әдебиеттің жазу мән-мәнері де, қоғамдық ойға әсері де мүлдем өзгеріп кетті. Ал классикалық әдебиеттанудың озық және соңғы өкілі болып табылатын С.Қасқабасовтың орны ешқашан да толмайды. Ол еккен ғылыми ой дәндері жылдар өткен сайын көктеп, көгере береді. Адал, жылы жүректі, мейірімді жүзді Секеңнің дидары мен аса катал әрі әділ ұстаздық тәлімі ғылым әлемінде оның ізін өшірмейді.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ

ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНІҢ ЕЛШІСІ

Сейіт аға Қасқабасов дүние салды. Классикалық үлгідегі ғалым. Айбарлы академик. Әйгілі фольклортанушы. Бір дәуір көшті. Енді ғылымға шын берілген ондай ғалымды табу оңай болмайды-ау. Өмір бойы ауыз әдебиеті нұсқаларын, оның ішінде ертегілерді егжей-тегжейлі зерттеді. Өзінің өнегелі өмірі де ең өдемі ертегі сияқты еді. Енді, міне, Сейіт Асқарұлы сол ешкім сипаттап бере алмайтын ертегілер еліне елші боп аттанған сыңайлы.

Сейіт аға «Жүз қаз» деген халықтық математиканың есебі туралы жиі айтушы еді. Жерде тұрған адам аспанда ұшып келе жатқан қараша қаздармен тілдесіп, ауызекі есеп құрайды. Сол өзі үнемі аузынан тастамайтын жүз қаз оны жерден іліп алып, зенгір көкке көтеріп ұшып кеткен жоқ па екен?! Әй, сөйтті-ау... Бақұл болыңыз, аға!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

БІРЕГЕЙ ТҰЛҒА, АЙБЫНДЫ ҒАЛЫМ

Қазақ руханияты қара жамылған күн болды бүгін!.. Ұлттық ғылым саласында қиын да күрделі Совет кезінде көтепті қара нардай сара жол салып, өз алған бетінен қайтпаған, Мәскеудің керден шовинист ғалымдарын еріксіз мойындатқан бірегей тұлға еді... Сейіт Қасқабасов әдебиет айдынында айбынды ғұлама болды. Оның өлмес көзқарасы мен пікірлері ғылымда соны соқпақ болып қала береді. Басқан ізі мен істеген ісі қазанаттың тұяғы тиген жердей терең ор болып жататыны ақиқат!..

Қош, қазақ әдебиеті мен ғылымының тұлпар текті Сейіт ағасы!.. Інілердің жағасы! Иманды болыңыз, рухты аға!.. Рухани шапағатыңыз еліңізді қолдасын!

Асқар АЛТАЙ

АБЫРАЛЫНЫҢ АЙБАРЛЫ ҰЛЫ

Айбарлы Абыралының бір ұлы бақилық болды. Аудан қайыра қалпына келгенде шүйіншілеп келіп еді жарықтық. Абыралы елінен жиырмадан аса академик пен профессор шықты. Солардың ішінде мүйізі қарағайдайы Сейіт ағамыз еді. Абыралының айбарлы ұлы болды.

Жатқан жеріңіз жарық, иманыңыз серік болсын, аға.

Берік КӨПБАЕВ

Әуезовтей бата алған текті жаннан,
Жампозым-ай жасынан
топты жарған!
Ағындатып шабатын хас жүйріктей,
Сізден де өттен, жалт етіп
өтті жалған!

Көкірегіме сыймай тұр
сыздап қайғы,
Қалай жанды бұл қаза
мұздатпайды?!
Шын ғалымнан айырған
тұлғалымнан,
Қойыны суық қара жер
міз бақпайды.

Ұлттың мұңын оздырып
мұратыңнан,
Түрен салып жүруші ең сірә,
тыңнан.
Ақсақалы азайған бұл қоғамға,
Жетпейді енді дәл сіздей
бір ақылман.

Жазар ұрпақ сіз жайлы жоқтау әлі,
Толмай жатса ғылымның
көп парағы.
Бір білерім, сіз сүрген
сексен бес жыл,
Қасқабасов дәуірі боп қалады.

«Құдық болды инемен қазғаныңыз»,
Күйзелген жоқ сол жолда
аз жаныңыз.

Бір сипаты Алланың
ғылым деуші ед,
Жәннат баққа жеткізсін
жазғаныңыз!
Серікзат ДҮЙСЕНҒАЗЫ

ҒЫЛЫМНЫҢ БИІК ШЫНАРЫ

Аса көрнекті фольклортанушы-ғалым, академик Сейіт Асқарұлы Қасқабасов артына өшпестей із қалдырды. Оның адамгершілік бейнесі мен өмір жолы – ізгі мұраттар жолындағы күрестің жарқын үлгісі. Ол бүкіл саналы өмірін ғылымға арнады. Ғалымның кәсіби тұрғыдағы қызығушылығының кең ауқымды және терең болғаны соншалық, оның ғылыми мұрасы еліміздің ұлттық игілігіне айналды. Ол әсіресе халқымыздың көне мәдениеті мұраларын зерттеу ісіне, фольклорлық туындылардағы Қазақ мемлекеті мәдениетінің тұтас бір қабатын қалыптастыратын құндылықтарды анықтауға үлкен үлес қосты.

Профессор Қасқабасовтың ұлттық прозалық фольклорды дамыту және ауызша прозаны жанрлық жіктеуді жасау тұжырымдамасы – баға жеткізсіз ерен еңбек. Оның монографиялары ТМД, Еуропа және Америка ғалымдарының фольклорлық зерттеулерінде пайдаланылып, есімі бүкіл әлемге кеңінен танылды. Осылайша ғалымның ғылыми еңбектерінің арқасында қазақ фольклорының шығармалары бүкіл жер жүзіне мәшһүр болды.

Сейіт аға тынымсыз еңбектің, нағыз ғылым адамы болатын. Өзіне және өз ісіне сенімді болып, дербес көзқарасын ұстанды. Кез келген жиында жеке пікірін батыл айта алды. Сол себепті ол тәуелсіз болып, мәдени мұраны биік мінберлерде қорғай білді. Әріптестері, шәкірттері үнемі оны қолдап, ақыл-кеңесіне құлақ асты. Ғалым тек ғылыми қауым ортасында ғана беделді болып қойған жоқ, оны бүкіл халық құрмет тұтты.

Академик Сейіт Қасқабасов ғалым ретінде ғана емес, ғылымның ірі ұйымдастырушысы ретінде де танылды. Бұл ретте еліміз тәуелсіздік алған жылдары Қазақстан Республикасы Жоғары аттестациялық комиссиясын құрып, осы беделді мекеменің тұңғыш төрағасы болса, 2001–2012 жылдары өзі өмір бойы қызмет еткен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтын үлкен біліктілікпен басқара

ҰСТАЗ. ТАНЫМ. ҰЛАҒАТ

Адам өміріне байланысты, бүгінге дейін жауабы табылмай келе жатқан философиялық мәнге ие сұрақтар көп. Солардың бірінде тәжірибе арқылы таным қалыптасады десе, екіншісі керісінше, танымның нәтижесінде тәжірибе қалыптасады дейді. Ал осы екеуінің қайсысы болсын, ұстаз арқылы келері дау тұғызбасы анық. Ұстаз өз түйгенін шәкіртіне сіңіреді, өресін өсіреді, танымын ұлғайтады. Өмірдің өзі сияқты ұстаз бен шәкірт, шәкірт пен ұстаз арасындағы қарым-қатынас үзілмей жалғана береді. Осы қарым-қатынас тоқтаған күні өмірдің өзі де тоқтап қала ма дейсің. Қызығы, «шәкіртсіз ұстаз тұл» деп жазатыны бар. Неге біз тек осылай ғана ойлануымыз керек? Ұстазсыз өмір бар ма өзі? Әрине, ештеңе болмайды, бірдене болуы да мүмкін емес. Жақсы ұстаз болмаса, тәуір шәкірт қайдан шықсын?!

Жеке өз басым, шәкірт ретінде өмірде жолы болған азаматпын. Себебі, тағдыр мені Сейіт Асқарұлы Қасқабасов сынды ұлағаты мол, танымы кең ұстазбен табыстырды. «Жаман балаға жақсы әке қырық жыл азық болады» дегендей, Сейіт аға да өле-өлгенше әр шәкіртіне азық болатын әкеміздей қамқоршы ұстаз болды.

Өмірімнің мағыналы шағы да осы Сейіт ағайымның жетекшілігімен өткен үш жыл докторантурада оқыған кезім екен. Жарықтық: «Сенен кейінгі шәкірттеріммен жұмыс істеуге шамам келе қоймас, сондықтан саған барымды саламын, әй, Көрінбаев», – деп біраз кітап оқытып, телегей теңіз ақылын айтып, тағылымға толы ұлағатын ұқтырып-ақ бақты. Сол кезде ағайыммен үзік болған күндер кем болған екен. Марқұм Тамара апаның мейірімге толы шәйінен оразамызды ашып, кешкі шәйінен соң дамыл табушы едік. Қазақта шәй – жай шәй емес, тұтастай мәдениет екенін де сезінгенім сол уақыт. Тамара апамыздың шәйінің құйылумен қатар, Сейіт ағаның қай-қайдағы, жай-жайдағы әңгімелері де қатар ағытылып жататын. Сейіт Асқарұлының дастарқанынан дәм таптаған шәкірттері кемде-кем. Өмір нақылынан гөрі, ғылым ақылына көбірек мән беруші еді жарықтық.

Қайран асылдарым-ай, нағыз тектілердің тұяқтары еді-ау екеуі. Жастары егде тартқанымен, бір-біріне деген көз оттары шырақтай жанып тұрушы еді. Ерлі-зайыптының арасындағы мұндай қарым-қатынас сирек кездеседі. Осындай зиялы, ұлағатты кісілердің тағылымын көрудің өзі бір ғанибет екен. Сейіт ағамыз өзін: «Мен жасымда

білді. Ғалым жетекшілік еткен кезде оның бастамасымен және басшылығымен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында бірнеше жоба сәтті жүзеге асты, атап айтқанда, фольклор туындыларынан тұратын жүзтомдық «Бабалар сөзі» сериясы алғаш рет дайындалып жарық көріп, Германияның Майндағы Франкфурт қаласында дүниежүзілік таныстырылымы өткізілді, тұңғыш рет 20 томдық «Әдеби жәдігерлер» сериясы, онтомдық «Қазақ әдебиетінің тарихы», үштомдық «Қазақ өнерінің тарихы» жарық көрді, еліміз тарихында алғаш рет өнертану ғылымының кандидаты мен докторы ғылым дәрежелерін қорғау жөнінде диссертациялық кеңес ашылып, соның арқасында бұрын кеңестік кезеңде осындай мүмкіндігі болмаған ізденушілер өнер саласындағы кандидаттық, докторлық атақтарға қол жеткізді.

Әлі есімде, 2011 жылы желтоқсанда Мәскеуде ТМД гуманитарлық ынтымақтастығы мемлекетаралық қоры тағайындаған «Достастық жұлдыздары» мемлекетаралық сыйлығын беру жөніндегі кеңесінің мәжілісіне Қазақстан өкілі ретінде қатыстым, осы сыйлыққа академик Сейіт Қасқабасов мәдениет номинациясы бойынша ұсынылған болатын. Сонда еліміздің бір топ өкілі осы қор төрағасы, атакты эзербайжан әншісі, өнертанушы-ғалым, қоғам қайраткері Полад Бюльбюлюлыға біздің ғалымды ғылым номинациясы тізіміне енгізу туралы өтініш білдірдік. Ол кісі: «Сейіт Асқарұлының еңбектерін жақсы білем. Ол кісі ғылым шынары ғой», – деп бірден құптады. Осылай, танымалдығының арқасында Сейіт ағамыз «Достастық жұлдыздары» халықаралық сыйлығының лауреаты атанды.

Біз үшін де академик Сейіт Қасқабасов – ғылымның биік шынары. Аяулы ғалым ағамыздың жарқын бейнесі әрдайым біздің есімізде, халық жадында сақталатын болады.

Серікқазы ҚОРАБАЙ

КӨҢІЛ АЙТАМЫЗ!

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, көрнекті фольклортанушы-ғалым, «Манас» эпосын зерттеуші, түркі дүниесінің ірі ғалымдарының бірі Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың дүниеден өткені туралы қаралы хабарды терең күйзеліспен қабылдадық.

Сейіт Асқарұлы түркі халықтарының ауыз әдебиетін, соның ішінде «Манас» жырын зерттеуде орасан зор еңбек сіңірген, ғылымға деген адалдығы, терең білімі мен рухани тазалығы арқылы өз дәуірінің абыройлы азаматы ретінде

АКАДЕМИК СЕЙІТ ҚАСҚАБАСОВ ҚАСИЕТІ

Секеңді 1992 жылдан жақын таныған екенбіз. «Халық кеңесі» газетіне кітабы туралы мақала жазып едік, әріптес інісі Серік Қорабаев арқылы шақыртып, үлкен басымен рақмет айтып, танысты. 1994–1996 жылдары Әдебиет институтында, 1997–2001, 2012–2019 жылдары Еуразия университетінде бірге қызмет істедік. Астанаға көшіп келгеннен құдайы көрші тұрдық. Арқа-жарқа араласып, ағалы-інілі әріптестік қалыпта жүрдік. Ол кісі кандидаттық, докторлық диссертацияларыма жанқұйер болды. Академияға мүше атанудың екі сатысында да қолдады. Көмегін аямады. Бір-екі нақты жәрдемі ұмытылмақ емес: 90-жылдары экономикалық дағдарыс белең алғанда институт директоры, академик Серік Қирабаев екеуі (ЖАК-тан кейін Әдебиет институты директорының орынбасары болды) Алаш мұрасын жинау ісін бізге берді. Біз оны орындауға қажырлы шешім берді. 1997 жылы Мәскеуде башқұрт қайраткері Ахмет Зәки Тоғанұлы «Естелігі» («Хатиралары») алғаш орыс тілінде кітап болып шыққанда, соны ресейлік әріптестері арқылы кешіктірмей қолымызға тигізді...

33 жыл таныс-білістік кезінде Секеннің мына қасиеттерін аңғардым:

Сезімталдығы мен адалдығы. Сірә, әкесі Асқардың әу баста Абыралы көтерілісіне болысып, қуғын көргені, кейін фашизмге қарсы соғыста шейіт кеткені, нағашысының Алматы жақтан кәмпескеленіп, Семей топырағына жер аударылғаны бала Сейіттің сана-сезіміне ерекше әсер еткенге ұқсайды. Әлсізге – демеу, қиянатқа – араша, қорғаныссызға – көмек бірте-бірте ұлт сөзін сөйлеуге әкелген. Азаматтық қасиетін осы тұрмыстық жағдай, жұрт зәрулігі шындаған. Жастай еңбектің дәмін татып, түрлі адамдармен араласып, «өмір мектебінен» өткен.

Білімділігі мен парасаттылығы. Нағашы атасы мен әжесі әу бастан дұрыс жолға салған. Жай тұрмыстық, қарапайым өмірлік мәселеле Секен тез жол табағын. Біз осыны өскен ортасынан деп шештік. Алматыдағы №12 мектептен, ҚазПИ-ден жүйелі білім алған. Бір қызығы, қызыл дипломмен бітірмеген. Бірақ табиғи, жасандылықсыз жетілген. Нағашысы қайтқанда, жаназасын әйгілі Садуақас Ғылмани шығарған. Қазиды атасының ақтық сапарына бала Сейіттің өзі барып шақыртыпты. Кейін өмірдің қилы сәттерінде, саяси өткелектерде, ғылым мен конъюнктура арасында, адами қарым-қатынаста әрдайым парасатты ұстанымымен көрінді.

Қарапайымдығы мен намысшылығы. Ол кісі қашан, қандай жағдайда аяқтан майып болып қалғанын сұрамайтынбыз. Өзі де айтпайтын. Семей обкомы текпершегінен құлап, аяғын сындырғанын тұспалдағаны да бар. Сірә, бала кезден аяғы зақымдалған. Ең қызығы, бірде-бір жерде мүгедектігін алға тартқан емес. Әдетте жасырып жүретін. Әкесіз өскені мінезін шындаған секілді. Тағы бір штрих: Секен 2019 жылға дейін әр күні таңда жарты сағат аяқ-қолын, белін шынықтыратын. Осындай ерік-жігері ол кісіні көпке дейін балдақтан, арбадан құтқарды. Қарапайымдығы сол – қойшымен кәнігі шаруаша, ғалыммен ғалымша сөйлесетін. Бала ескеш баланың да тілін табуға тырысатын.

Ғалымдығы мен ғұламалығы. Бәлкім ұстазынан, бәлкім өз таным, талабынан ғылым шарттарын еркін менгерген. Бұрын жаппай орысша жазатын кезде талайларға автореферат даярлауға көмектескен. Ғұламалығы да табиғи түрде бірте-бірте қалыптасқан. Фольклортану теориясы мен әдіснамасын тамыр ұстағандай менгергені байқалатын. Ресей, әлем фольклортанушыларымен тең сөйлесетін. Кейбіреулер «Секеннің сөзін түсінбейміз» деп жатады. Құдайдың құдіреті, ғылыми жиындарда, пікірталастарда ол кісі қанаттанып, дауысын анық, жарқын жеткізе алатын. Қазір кей сабаз гуманитарлық ғылым мен Ғылым академиясының дәстүріне тас атып жүр ғой. Егер әлгілер Секене қуатты кезінде ұшырасса, сілейтіп тұрып орнына қояр еді...

Даналығы мен тапқырлығы. Бүгінде даналықты әркім әрқилы түсінеді. Біздіңше, ол – сын сағатта қиындықтан жол табу. Әсіресе ел үшін, елдің жетілуі үшін. Тәуелсіздіктің елең-аланында Өзбекәлі Жәнібек командасында да қызмет істеген Секен білік басындағыларға бірнеше идея ұсынған. Бірақ сөзі өтпеген. Мысалы, «ҚазССР»-дан әдемі, қисынды құтылу жөнінде. Жоғарғы кеңес күн тәртібіне мәселені

танылған тұлға еді. Оның артында қалған мол ғылыми мұрасы, елге сіңірген еңбегі мәңгілік құрметпен еске алынады.

Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына, жалпы қазақ халқына қайғырып көңіл айтамыз. Жатқан жері жайлы, жаны жәннатта болсын!

Терең қайғымен, Азиз Биймырзахұлы, Назира Аалықызы, Медетқан Шерімқұлов, Түгелбай Қазақов, Сұлман Қайыпов, Абдылдажан Ақматалиев, Асқар Салымбеков, Асан Жақсылықов, Жедігер Саалаев, Қайрат Иманалиев, Қияс Молдоқасымов, Камила Талиева, Мирлап Самыйқожа, Аймен Қасенов, Рыспай Исақов, Асылбек Қожобеков

«Республика атауын қайта атау туралы» деп емес, «Республика атауын советтік идеологиялық терминдерден арылту туралы» деп қойса, ешкім де қарсы келмейтін «Қазақ Республикасы» қалыптасар еді. Секең Ашаршылық құрбандары мен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнін екі бөлек атап өтуді ұсынған. Бірақ... Ғалымның осындай даналығы көп-ақ. Тапқырлығына келсек, ғылым мен саясат қарым-қатынасында алғашқысына ұпай әперетін жолды әп-сәтте таба қоятын. Білікке ғылым, мәдениет мәселесін оңтайлы шешудің жолын сәтімен ұсына алатын.

Шәкірт, сыйлас іні таңдауы мен азаматтық серілігі. Секең – кешегі марқұм М.Мағауин, Р.Нұрғали, С.Оразалы, т.б. мықтылармен иық тіресіп өскен тұлға. Ол ешқандай шектеушілікке, жершілдікке бармады. Елдің төрт тарапынан да дос-сыйласы табылатын. Әйгілі Мәшһүр Жүсіп ұрпағы Қуандық Фазылұлымен (ҚазПИ-де қатар оқыған) достығы – бір кітаптың арқауы дерлік хикаят... Жастықтың буымен курстастары «Басик» «басы жұмыс істейді» деген тұспал да бар) атаған күнінен «ЦК адамы», академик болған кезіне дейін жолдастық жолынан айныған емес. Шәкірт таңдау мен жетілдіруде де ғалымдардың алды еді. Оқымай қалғанды оқытатын, тоқымай қалғанды тоқытатын. Аптасына екі мәрте. Алғырлары кейін Секеннің дос, бауыр інісі болып кететін. Асытпайтын, тасытпайтын. Тең ұстайтын. Сейіт аға интеллектуал, ашық-жарқын, демократ болғандықтан, өскен-өнген жігіттер ол кісіге інілікке қашан да ықыласты еді. Бізде серілік туралы біржақты пікір қалыптасқан. Осының мағынасын марқұм Сәкен Жүнісовтен сұрағанымызда, жазушы: «Серілік – отбасын, адал жарды өз тұту, әйел зағыммен шынайы сұхбаттастық, сертке адалдық» деп түсіндіріп еді. Сейіт аға мен Тамара апайдың махаббаты, екеуінің айналадағы түрлі «комплекс» женіп, жанашылдық пен дәстүрді қатар менгеруі – өз алдына дастан. Ал ағамыздың өзі қызмет еткен орындардың әйел балаларын еуропалық идеалдарға, мәдениетке тартуы – симфонияның құлаққұйы.

Шаңырақ, әулет иесі ретіндегі деңгейі. Секең – бір отбасының жалғыз ұлы. Құдай бұйырған әпкесі болды. Қуғын-сүргін оларды қай жағынан да жетілдірді. Нағашы атасы мен әжесін, анасын, әпкесін, жиендерін, өз перзенттерін айтқанда Секеннің мейірімі еселеніп кететін. 10-сыныпқа дейін нағашысының фамилиясымен жүріпті. Паспорттарда парасатты нағашы: «Айналайын Сейітжан, сен соғыста қаза болған әкеннің атын да, отын да өшірме! Қасқабасов бол!» – деп батасын беріпті. Анасы 30 жыл жаман арумен күресіп жүріп қызы мен ұлын жетілдірген. Бір дәптер өлеңі де болды (Секең көрсеткен-ді). Осындай отбасы мектебінен өткен Сейіт аға өз перзенттеріне кең еді. Талапты жөнімен қойды. Пікірлерін тындады. Ғылымның басы-қасында жүрсе де бәзбіреулерше олардан «ғылым кандидатын» жасамалы. Принципті түрде. Өмірден өз жолын табуына септесті. Екі ұл, екі қызын байыптылыққа, біліктілікке баулыды. Бұл істе Тамара апайдың шынайылығы мен талапшылдығының ерекше орны бар. Күйеубаласының ауыр қазасынан кейін жиендерін бағып-қағуды да мойнына алды. Олар – бүгінде білікті, жауапты мамандар. Бәрі үйлі-баранды. Сонымен бірге екеуі шау тартқанда балаларына салмақ түсірмеуге тырысты. Отбасы-әулеттің берекесі – дәстүрге адалдық. Секең жұма күндері аруақтарға Құран бағыштап, апай екеуі немере-шөберенің шуағына шомылып отыратын... Ислам құндылықтарына негіздеп айтсақ, Алла тағала Сейіт Асқарұлы мен Тамара Ғабдықзына 85 деген ұзақ жас бұйыртыпты. Секеннің адал жары өзінен бес айдай бұрын бақиға озды... Сол Тамара апай күрделі отадан шығып, екі дүниенің ортасынан жарының сыйлас інілеріне: «Айналайындар! Секеннің хал-жайын біліп тұрыңдаршы!» – деп өтініпті. Сейіт Асқарұлы зайыбын еуропа салтымен «Тома» деп еркелетуші еді. Тамара апайдың қазасынан кейін кешікпей өзі де жалғанды тәрк етіп кете барды...

Қосағы екеуінің алды жарық болсын! Пейілдеріне сай пейіш бұйыртысын! Елі, ұрпағы аман тұрсын!

Ғұламаның қадір-қасиеті ғылымда соңынан ергендерге жұғысты болғай!

Дихан ҚАМЗАБЕК



**Оспанхан
ӘУБӘКІРОВ**

Осекеңнің (Оспанхан Әубәкіровтің) әдеби мұрасы бай екенін айттым да, жаздым да. Дос-жолдастарының жұмыла жәрдемдесуімен Осекеңнің төрт томдығы шыққанын (оны жобалаушы, діндеуші қаламдасы Ғаббас Қабышұлы болды), сол төрттомдықты әдебиет жанашыры Махаббат Бигелдиев өз қаражатына қайтадан бастырғанын білесіздер. Ғабекеңе, Мәкеңе алғысым шексіз!

Тағдыр соңында қалдырған соң, Осекеңнің мұрағатына ие болып, іздеп, жинастырып келемін. Қолжазба күйінде жатқандарын газет-журналдарға ұсынып жүрмін. Тиісті орындар, баспагерлер назар аударса, ықылас білдірсе, әлі де төрт том болар төл шығармалары, аудармалары бар. Мұрағатында хаттар да баршылық. Өзінің жазғаны, өзгелердің жазғаны дегендей. Соларды шолып отырып, бір «қызықты» көрдім. Ғабекеннің жасы елуге толғанда Осекеңнің әзіл өлеңмен құттықтағанын газеттен оқыған шығарсыздар, мен сол өлеңінің қолжазбасын тауып алып, бұл көлемі көптеу сияқтанды да, газеттегісімен

салыстырсам, газетте – 10 жол, ал қолжазбада – 14 жол және қолжазбасындағы «Бастығың» Оспанхан деп қол қойғаны газетте жоқ, оның есесіне «Оспанханның толғауы» деген қосымша тақырып қойылыпты. Түпнұсқаның төрт жолын (3–7-тармақтарын) кім, неге қысқартты, қолын неге алып тастады, ол жағын білмеймін. Енді оқырмандарға, артық болмас деген оймен, өлеңінің түпнұсқасын жолдап отырмын. Ой, «сұмдық-ай!» Ғаббас та Келеді екен елуге! Мұндай «уыз қыз жаска».

Болмайды сені телуге!
Бос «бақырғыш» Қобыланды,
«Байшұбарлы» Алпамыс.
«Келдім, – десе, – елуге»,
Бола ма соған сенуге?!
Сен елуге келсең, келе бер,
Дегенменен түбінде
Жет Жамбылдың жасына, –
Осы түссін басына!
Ал енді сол 100-ге дейін
Басыңды сен қасыма!

«Бастығың» **ОСПАНХАН**
1985.

Дайындап ұсынған жары
Нұрсұлу **ӘУБӘКІРОВА**



БІР «ҚЫЗЫҚ»

Эпиграммалар

(Әзілдер)

Туысканның түрі

Көзіне қарасаң туыскан,
Сөзіне қарасаң ұғыскан.
Жамандайды жетпегір,
Бұрыла беріп бұрыштан.

Ең қиын жау

Жауға қылыш серместік,
Бандыменен белдестік.
Екеуі де түк емес,
Ең қиын жау – жерлестік.

Берекесіз балама

Батысқа жіберсем үсіп қаласың,
Шығысқа жіберсем күйіп қаласың.
Ауылға барсаң ішіп қаласың,
Не деген өзін күшік боласың!?

Дүр қызға

Сен керемет кезінде
жақтырмадың,
Мен текемет кезімде
таптырмадым.

Жебір жерлеске

Сені мактап өсіріп едім,
Өсірген сайын өсіріп едім.
Сен де тындың, мен де тындым,
Мандайға жазған кесірім едің.



Орын мен кісі

Бір орынға мың кісі,
Келіп-ақ жүр мінгісі.
Білмейміз соның ішінде,
Кім кісі емес, кім кісі?

Кеудесіз кеудеге

Секілді «Ақылы бар сан кісілік»,
Кеуде жүр кеудесімен нан пісіріп.
Бұл күні кеуде де жоқ, наны да жоқ,
«Бір жерде отыр», – дейді қарғыс ұрып.



Әжелерге

Әжелер, ескі көздер, абысындар,
Тентек ұл, шатақ қызды бағысындар.
Сендерге әлі күнге еркелейміз,
Немере-шөберені бағысындар!

Келіндерге

Айналайын шаруақор келін шырақ,
Келді малың маңырап, жемін сұрап.
Мал табылар, шырағым, жан табылмас,
Кемпір-шалды сыйлап жүр жөнін сұрап.

Құдашаларға

– Халқымыз ән шығарған құдашамыз,
«Құдаша аман ба?» – деп сұрасамыз.
«Онаша, онаша» деп әндетеміз,
Қайтеміз, бәрімізге ұнасаңыз.

Балдыздарға

– Әзілің удай ашы, кой демедім,
Мойныма мініп алған дәй «дөненім».
Ең қызығы: бетіме баяу қарап,
Шіркін, сенің үндемей «сөйлегенің!»

Құрдастарға

Сенің тілің – ішпеген боза бөтен,
«Киіз кітап» дегенің өзі-ақ екен.
Сайтан құрдас бол десе, болар едім,
Сенімен құрдас болу тозақ екен.

Құдағиларға

Шөлдесең, табылмаса, су да қиын,
Ұл беріп, қыз алысу бұ да қиын.
Екеуі егіздей боп бірге жүрсе,
Миығынан күлмей ме құдағиың.

Қыздарға

«Қыз кеткен соң ауылдан қызық кетер»,
Деген сөз қу жаныңды үзіп кетер.
«Бәріне қамқор болсын» У.Умбетбай
(Уайдин),
Қағазды жүрген жоқ қой сызып бекер.

Редакторлар
кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП

Бас редактордың
орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының
мүшелері:

АЙТҚОЖИНА Марфуға,
ӘБДІКҰЛЫ Төлен,
БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап,
ЕЛУБАЙ Смағұл,
ИРАН-ҒАЙЫП,
КӨПІШ Әшірбек,
ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас,
ҚАНАЗ Молдахмет,
МЕДЕТБЕК Темірхан,
НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ Бексұлтан,
НҰРМАҒАМБЕТОВ Тынымбай,
ОРАЗАЛИН Нұрлан,
САПАРБАЙ Исраил,
СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек,
СЕЙСЕНБАЕВ Роллан,
СМАТАЕВ Софы,
ШАХАНОВ Мұхтар,
ЫСҚАҚБАЙ Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Еркін ЖАППАСҰЛЫ,
Еділбек ДҮЙСЕН

Мәдениет және
руханият бөлімі:
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ
Жүніс ОМАР

Art-редактор
Марат СӘБДІКЕН

Компьютер
орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Корректорлар:
Айнаш ӘЛДИБЕК,
Гүлбану ЕРКІН

Меншікті тілшілер:
Астана қаласы,
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,
Қарағанды, Ұлытау облыстары
Айтбай СӘУЛЕБЕК,
Алматы облысы

Ержан ТОҚТАРҰЛЫ
Абай облысы
Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ
Ақтөбе облысы
Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ

Атырау облысы
Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА
Батыс Қазақстан облысы
Мәргелен ҒИЛЫМХАН

Жамбыл облысы
Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ
Жетісу облысы
Жангелді НЕМЕРЕБАЙ

Қостанай облысы
Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ
Қызылорда облысы
Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА

Маңғыстау облысы
Сағындық РЗАХМЕТ
Павлодар облысы
Серік ЕЛІКБАЙ
Түркістан облысы
Айдар СЕЙДӘЗІМ

Шығыс Қазақстан облысы
Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ
Шымкент қаласы
Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ

Кезекші
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

**РЕДАКЦИЯНЫҢ
БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:**
8 (727) 272-88-17
e-mail:
Kazakh_adebiety@mail.ru

Мекенжайымыз:
050009. Алматы қаласы,
Абылай хан даңғылы,
105-үй. 3-қабат.

Индекс 65353

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер галаттордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.

Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г куәлігі берілген.

Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223 «В». Офсеттік басылым.

Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895